

Өрт қауіпсіздігі және азаматтық қорғаныс саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері мен тексеру парақтарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 20 маусымдағы № 246 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 307 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 26 шілдеде № 15368 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 758 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 31 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ішкі істер министрінің 30.10.2018 № 758 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.10.2018 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексі 141-бабының 2 және 3-тармақтарына және 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) өрт қауіпсіздігі саласындағы тексерулер жүргізудің ерекше тәртібі үшін қолданылатын тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) азаматтық қорғаныс саласындағы ішінара тексерулер үшін тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес;

3) санатына, мақсатына және қызмет түріне қарамастан, объектіге қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес;

4) өнеркәсіптік кәсіпорындарға қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес;

5) автокәсіпорындарға, көлікке қызмет көрсету объектілеріне, автотұрақтарға (паркингтерге) қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес;

6) әкімшілік ғимараттарға (көп функционалды кешендерге), көппәтерлі (жеке) тұрғын үйлерге және жатақханаларға қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы

мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес;

7) автомобильдерге жанар-жағармай құю және газ құю (стационарлық және жылжымалы) станцияларына қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес;

8) моншалар мен хауыздарға қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес;

9) метрополитендерге қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес;

10) қонақ үйлерге, мотельдерге, кемпингтерге қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес;

11) демалыс үйлері мен аймақтарына, жазғы сауықтыру лагерлері мен туристік базаларға қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес;

12) мәдени-көрсетілімді, ойын-сауық және спорттық мекемелерге қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес;

13) ғибадат объектілеріне қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес;

14) мұнай, газ өндіру өнеркәсібі объектілеріне қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес;

15) денсаулық сақтау объектілеріне қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес;

16) білім беру объектілеріне қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес;

17) әлеуметтік сала (қарттар мен мүгедектер үйлері, балалар үйлері, интернат үйлері, балалар мен мүгедектерге арналған психоневрологиялық орталықтар) объектілеріне қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес;

18) сауда объектілеріне қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес;

19) сақтау объектілеріне қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес;

20) ауылшаруашылық объектілеріне қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес;

21) энергетикалық (энергия өндіру және энергия беру) объектілерге қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес;

22) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік, қорғаныс органдарының, Мемлекеттік күзет қызметінің объектілеріне қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 22-қосымшаға сәйкес;

23) мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет объектілеріне қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 23-қосымшаға сәйкес;

24) ұйымдарға қатысты азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 24-қосымшаға сәйкес;

25) Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарына қатысты азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 25-қосымшаға сәйкес;

26) орталық атқарушы органдар мен олардың аумақтық бөлімшелеріне қатысты азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 26-қосымшаға сәйкес;

27) табиғи және жасанды су айдындарында жаппай демалу орындары бекітілген ұйымдарға қатысты азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 27-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті (В.Р. Беккер):

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. "Өрт қауіпсіздігі және азаматтық қорғаныс саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері мен тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 8 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1060 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13143 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 2 наурызда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары Ю.В. Ильинге жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
_____ Т. Сүлейменов

Қазақстан Республикасының Ішкі
істер министрі _____ Қ
. Қасымов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Бас прокуратурасы

Құқықтық статистика және

арнайы есепке алу жөніндегі

комитетінің төрағасы

_____ Б. Мусин

" ____ " _____ 201__ жыл

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2017 жылғы 20 маусымдағы
№ 246 және
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2017 жылғы 2 мамырдағы
№ 307 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Өрт қауіпсіздігі саласындағы тексерулер жүргізудің ерекше тәртібі үшін қолданылатын тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері

1. Жалпы ережелер

1. Осы Өрт қауіпсіздігі саласындағы тексерулер жүргізудің ерекше тәртібі үшін қолданылатын тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері (бұдан әрі – Критерийлер) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексіне, "Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 722 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың (Қазақстан Республикасының Ұлттық банкін қоспағанда) тәуекелді бағалау жүйесін қалыптастыру әдістемесін, міндетті ведомстволық есептіліктің және тексеру парақтарының нысандарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12389 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.

2. Критерийлер объективті және субъективті критерийлер арқылы жинақталады.

2. Тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті критерийлері

3. Объективті критерийлер тексерілетін субъектілерді (объектілерді) тәуекел дәрежелері (жоғары және жоғарыға жатқызылмаған (болмашы) бойынша бөлу мақсатында әзірленді.

4. Жоғары тәуекел дәрежесіне мынадай объектілер жатады:

- 1) Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы объектілері;
- 2) орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы және өкілдік органдарының объектілері;
- 3) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы орталық аппаратының, облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) объектілері;
- 4) Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының ғимараты;
- 5) Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің объектілері;
- 6) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік, қорғаныс органдарының, Мемлекеттік күзет қызметінің, "Сырбар" Қазақстан Республикасының сыртқы барлау қызметінің объектілері;
- 7) жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша "А", "Б" және "В1"- "В4" санаттарындағы өндірістері бар өнеркәсіп кәсіпорындары;
- 8) гидроэлектр станциялары – қуаттылығы 250 және одан астам Мегаватт;
- 9) жылу электр станциялары;
- 10) газ турбиналық электр станциялары;

- 11) электрлік кіші станциялары;
- 12) қазандықтар;
- 13) мұнай базалары мен мұнай өнімдерінің қоймалары;
- 14) газ қоймалары мен газгольдер станциялары;
- 15) оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды сақтау, жою (құрту, кәдеге жарату, көму) және қайта өңдеу объектілері;
- 16) құрылыстарының жалпы ауданы 2500 шаршы метрден астам жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша "А", "Б" және "В1"- "В4" ғимараттары мен үй-жайлардың санаты бар объектілер, ауданы 2500 шаршы метрден астам газ баллондарын, ағаш материалдарын, көмірді, ірі азықтарды, өзге де жанғыш материалдар мен өнімдерді сақтауға арналған ашық түрдегі қоймалар;
- 17) элеваторлар (астық қабылдау және жинау, өндірістік, базистік, қайта тиейтін және порттық элеваторлар);
- 18) құрылыстарының жалпы ауданы 1500 шаршы метрден астам ауыл шаруашылығы объектілері, мал шаруашылығы объектілері мен құс фабрикалары;
- 19) білім беру объектілері;
- 20) бір мезгілде 200 және одан астам адам болатын мәдени-көрсетілімді, діни ғибадат объектілері;
- 21) бір мезгілде 200 және одан астам адам болатын спорт және дене шынықтыру-сауықтыру кешендері;
- 22) әлеуметтік сала объектілері (қарттар мен мүгедектер үйлері, балалар үйлері, интернат үйлері, психоневрологиялық орталықтар және басқалары);
- 23) ауданына қарамастан - бір мезгілде 100 және одан астам адам болатын демалыс үйлері және аймақтары, туристік базалар, балалардың жазғы сауықтыру лагерьлері (шатырлы қалашықтардан басқа);
- 24) ауданына қарамастан - стационарлық көмек көрсететін, құрылыстарының жалпы ауданы 1000 шаршы метр және одан астам - амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау объектілері;
- 25) құрылыстарының жалпы ауданы 1500 және одан астам шаршы метр - фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар;
- 26) мұрағаттар;
- 27) құрылыстарының жалпы ауданы 1500 және одан астам шаршы метр - сауда объектілері мен ойын-сауық кешендері;
- 28) әуежайлар, теміржол және автомобиль вокзалдары (станциялар), теңіз порттары, метрополитендер;
- 29) автомобильдік техника саны 100 және одан астам бірлік – автокәсіпорындар, автотұрақтар (паркингтер);

30) құрылыстарының жалпы ауданы 1500 және одан астам шаршы метр - көлікке қызмет көрсету объектілері (автомобильдерге техникалық қызмет көрсету станциялары мен бекеттері);

31) автожанармайқуы станциялары;

32) сыйымдылығы 100 және одан астам адам - жатақханалар мен қонақ үйлер;

33) құрылыстарының жалпы ауданы 1500 және одан астам шаршы метр - тұрмыстық қызмет көрсету ұйымдары;

34) құрылыстарының жалпы ауданы 1500 және одан астам шаршы метр (уақытша жазғы алаңшалардың ауданын ескермегенде) - қоғамдық тамақтандыру ұйымдары;

35) биіктігі 28 метрден жоғары көп пәтерлі тұрғын үйлер;

36) жалпы ауданы 1500 және одан астам шаршы метр, сондай-ақ ауданына қарамастан биіктігі 28 метрден астам - әкімшілік ғимараттар мен көп салалы кешендер;

37) шаруашылық ауыз су және өртке қарсы сумен жабдықтау жүйелерін пайдалану және техникалық қызмет көрсету бойынша қызметті жүзеге асыратын ұйымдары;

38) объектінің мемлекеттік емес өртке қарсы қызметі;

39) орман шаруашылығы мекемелері.

5. Тәуекел дәрежесіне жатқызылмағандарға (болмашы) мына объектілер жатады:

1) "Г" және "Д" өндірістік санаттары бар өнеркәсіп кәсіпорындары;

2) қуаттылығы 250 Мегаваттан кем гидроэлектр станциялары;

3) жел электростанциялары;

4) құрылыстарының жалпы ауданы 2500 шаршы метрден кем жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша ғимараттар мен үй-жайлардың санаттары "А", "Б" және "В1"- "В4", объектілер, ауданы 2500 шаршы метрден кем газ баллондарын, ағаш материалдарын, көмірді, ірі азықтарды, өзге де жанғыш материалдар мен өнімдерді сақтауға арналған ашық түрдегі қоймалар;

5) құрылыстарының жалпы ауданы 1500 шаршы метрден кем ауыл шаруашылығы объектілері, мал шаруашылығы объектілері мен құс фабрикалары;

6) бір мезгілде 200- ден кем адам болатын мәдени-көрсетілімді, діни ғибадат объектілері;

7) құрылыстарының жалпы ауданы 1000 шаршы метрден кем амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау объектілері;

8) бір мезгілде 100-ден кем адамның болуы көзделген демалыс үйлері және аймақтары, туристік базалар;

9) бір мезгілде 200-ден кем адам болатын спорт және дене шынықтыру-сауықтыру кешендері;

10) құрылыстарының жалпы ауданы 1500 шаршы метрден кем тұрмыстық қызмет көрсету ұйымдары;

11) құрылыстарының жалпы ауданы 1500 шаршы метрден кем (уақытша жазғы алаңшалардың ауданын ескермегенде) қоғамдық тамақтандыру ұйымдары;

12) сыйымдылығы 100 адамнан кем жатақханалар мен қонақ үйлер;

13) биіктігі 28 метрден кем көп пәтерлі тұрғын үйлер;

14) байланыс кәсіпорындары;

15) құрылыстарының жалпы ауданы 1500 шаршы метрден кем фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар;

16) құрылыстарының жалпы ауданы 1500 шаршы метрден кем сауда объектілері мен ойын-сауық кешендері;

17) жалпы ауданы 1500 шаршы метрден кем әкімшілік ғимараттар мен көп салалы кешендер;

18) құрылыстарының жалпы ауданы 1500 шаршы метрден кем автокөлікке қызмет көрсету объектілері (автомобильдерге техникалық қызмет көрсету станциялары мен бекеттері);

19) ретрансляциялау және телерадио мұнаралары;

20) өзен порттары;

21) техника саны 100 бірліктен кем автокәсіпорындар, автотұрақтар (паркингтер);

22) тұрғылықты жері бойынша балалар мен жасөспірімдердің клубтары;

23) ауданы мен учаскелердің санына қарамастан саяжай және бау-бақша қауымдастықтары;

24) аэродромдар.

6. Жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған, тексерілетін субъектілерге (объектілерге) қатысты жартыжылдық кесте негізінде тексеру жүргізудің ерекше тәртібі қолданылады.

7. Ерекше тәртіппен жүргізілетін жоғары тәуекел дәрежесіндегі объектілерге (субъектілерге) қатысты тексеру жүргізудің мерзімділігі, күнтізбелік жылда бір реттен жиі еместі құрайды, яғни жоспарланған жылдың қаңтар мен желтоқсан айлары аралығындағы кез келген кезеңде.

8. Тексерулер жүргізудің ерекше тәртібінде осы Критерийлердің 4-тармағының б) тармақшасында көрсетілген объектілер тамыз бен қыркүйек аралығындағы кезеңде, осы Критерийлердің 4-тармағының 19) тармақшасындағы объектілер ақпан мен мамыр аралығындағы кезеңде, осы Критерийлердің 4-тармағының 23) және 39) тармақшаларындағы объектілер сәуір мен мамыр аралығындағы кезеңде, осы Критерийлердің 4-тармағының 22) тармақшасындағы объектілер шілде мен тамыз аралығындағы кезеңде, осы Критерийлердің 4-тармағының 8), 9), 10), 12) тармақшаларындағы объектілер шілде мен тамыз

аралығындағы кезеңде, осы Критерийлердің 4-тармағының 24) тармақшасындағы объектілер қазан мен қараша аралығындағы кезеңде тексеріледі.

3. Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті критерийлері

9. Субъективті критерийлер тексеру жүргізудің ерекше тәртібінен босату түрінде тексерілетін адал субъектілерді көтермелеу принципін іске асыру мақсатында әзірленді.

10. Субъективті критерийлер тексеру парақтарында аталған өрт қауіпсіздігі талаптарының негізінде әзірленді, олар өрескел, елеулі және болмашы болып үш дәрежеге бөлінген.

Өрескел бұзушылықтар – өрттің шығу, оның таралу, өрттің қауіпті факторларының адамдарға әсер ету жағдайларын болдырмауға бағытталған өрт қауіпсіздігі талаптары, сондай-ақ мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет жұмысының мәселелерін, электр желілері мен электр жабдығын қауіпсіз пайдалану, эвакуациялау жолдарының болуын және олардың жай-күйін регламенттейтін талаптар.

Едәуір бұзушылықтар – өрттің шығуынан сақтандыру мен алдын алуға және оны ойдағыдай сөндіруге жағдай жасауға бағытталған өрт қауіпсіздігі талаптары.

Болмашы бұзушылықтар – өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ұйымдық мәселелерін регламенттейтін өрт қауіпсіздігі талаптары.

Өрт қауіпсіздігі талаптарын өрескел, елеулі және болмашыға бөлу осы Критерийлерге қосымшада келтірілген.

11. Тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу кезінде өрт қауіпсіздігінің орындалмаған талаптарының үлес салмағы айқындалады.

12. Өрескел дәрежедегі өрт қауіпсіздігінің бір орындалмаған талабы 100 көрсеткішіне теңеледі.

Егер өрт қауіпсіздігі талаптарының өрескел бұзушылықтары анықталмаса, тәуекел дәрежесінің көрсеткішін анықтау үшін елеулі және болмашы дәрежедегі өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткіші есепке алынады.

13. Өрт қауіпсіздігі талаптарының елеулі бұзушылықтарының көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және осы көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$\Sigma P_3 = (\Sigma P_2 \times 100 / \Sigma P_1) \times 0,7$$

мұнда:

ΣP_3

– өрт қауіпсіздігі талаптарын елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

ΣP_1

– тексерілетін субъектіні (объектіні) тексеруге ұсынылған өрт қауіпсіздігінің елеулі талаптарының жалпы саны;

ΣP_2

– өрт қауіпсіздігінің бұзылған елеулі талаптарының саны.

14. Өрт қауіпсіздігі талаптарының болмашы бұзушылықтарының көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және осы көрсеткіш мына формуламен есептеледі:

$$\Sigma P_H = (\Sigma P_2 \times 100 / \Sigma P_1) \times 0,3$$

мұнда:

ΣP_H

– өрт қауіпсіздігі талаптарын болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

ΣP_1

– тексерілетін субъектіні (объектіні) тексеруге ұсынылған өрт қауіпсіздігінің болмашы талаптарының жалпы саны;

ΣP_2

- өрт қауіпсіздігінің бұзылған болмашы талаптарының саны.

15. Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (

ΣP

) 0 ден 100-ге дейінгі шкала бойынша есептеледі және көрсеткіштерді қосындылау жолымен мына формула бойынша айқындалады:

$$\Sigma P = \Sigma P_3 + \Sigma P_H$$

мұнда:

ΣP

- тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

ΣP_3

– өрт қауіпсіздігі талаптарын елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

ΣP_H

- өрт қауіпсіздігі талаптарын болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

16. Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші бойынша тәуекелдің жоғары дәрежесінде тексерілетін субъект (объект):

1) 0-ден 60-қа дейінгі тәуекел дәрежесінің көрсеткіші кезінде осы Критерийлердің 7-тармағында белгіленген мерзімділігіне сәйкес жоспарланған тексерулерді жүргізудің келесі ерекше тәртібінен босатылады.

2) 60-тан 100-ге дейінгі тәуекел дәрежесінің көрсеткіші кезінде тексеру жүргізудің ерекше тәртібінен босатылмайды.

17. Субектіні (объектіні) тексеру Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 20 маусымдағы № 246 мен Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 307 "Өрт қауіпсіздігі және азаматтық қорғаныс саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері мен тексеру парақтарын бекіту туралы" бірлескен бұйрыққа (бұдан әрі - бірлескен бұйрық) 3-қосымшада келтірілген өрт қауіпсіздігі саласындағы бақылау аясындағы тексеру парағы бойынша және объектіні санатына, мақсатына және қызмет түріне байланысты осы бірлескен бұйрыққа 4-ден бастап 23-ге дейінгі қосымшаларда келтірілген тиісті тексеру парақтары бойынша жүргізіледі.

Егер тексерілетін субъект (объект) екі немесе одан да көп тексеру парақтарымен тексерілсе, онда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу кезінде тексеруде қолданылған тексеру парақтарында көрсетілген барлық өрт қауіпсіздігі талаптары ескеріледі.

18. Тексерулер жүргізудің келесі ерекше тәртібінен босатылған, өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзушылықтары бар, 60-қа дейін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін алған тексерілетін субъект (объект) кемшіліктерді жою мерзімінің аяқталуы бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұйғарымның орындалуын бақылау мақсатында жоспардан тыс тексеріледі.

Егер өрт қауіпсіздігі талаптарының анықталған бұзушылықтары жойылмаса, тексерілетін субъект (объект) тексерулер жүргізудің келесі ерекше тәртібінен босатылмайды.

Өрт қауіпсіздігі саласындағы
тексерулер жүргізудің ерекше
тәртібі үшін қолданылатын
тәуекел дәрежесін бағалау
критерийлеріне
қосымша

Өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзушылықтарын өрескел, елеулі, болмашы дәрежелерге бөлу

Р/с №	Өрт қауіпсіздігі талаптарының атаулары	Бұзушылықтар дәрежесі
	(ауырлық дәрежесі көрсетілген талапты сақтамаған кезде белгіленеді)	

1. Ұйымдастыру іс-шараларына қойылатын талаптар		
1	Олардың өрт қауіптілігіне тиісті, өртке қарсы режимді белгілейтін бұйрықтың немесе нұсқаулықтың болуы	болмашы
2	Әрбір объектіге, әрбір жарылыс қауіпі бар және өрт қауіпті учаскеге (шеберханаға, цехқа) өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулықтың болуы.	болмашы
3	Өрт болған жағдайда адамдарды эвакуациялау жоспарларының болуы	болмашы
4	Жекелеген жұмыс учаскелерінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты адамдардың болуы	болмашы
5	Жұмыскерлерге өртке қарсы нұсқамадан және өрт-техникалық минимум бағдарламасы бойынша кейінгі оқудан өткеннен кейін ғана жұмыс істеуге рұқсат беру	болмашы
6	Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтің болуы	өрескел
2. Аумақтарды ұстауға қойылатын талаптар		
7	Өрт сөндіру автомобильдерінің ғимараттарға, құрылыстарға, технологиялық қондырғыларға өртке қарсы сумен жабдықтау көздеріне өту жолдарының болуы	едәуір
8	Ғимараттар мен құрылыстар, көлік тұрағы және ғимараттар мен құрылыстардың құрылысы (қондырғысы) арасындағы өртке қарсы арақашықтықтарды материалдармен және жабдықтармен үйіп тастауға жол бермеу	едәуір
9	Өртке қарсы ара қашықтықтың болуы	өрескел
10	Ғимараттар мен құрылыстарға 50 метрден кем қашықтықта қалдықтарды және қаптарды жағу, от жағуға жол бермеу	едәуір
11	Аумақты ұстау (жанғыш қалдықтардан, қоқыстан, ыдыстан, түскен ағаш жапырақтарынан, жанғыш қоқыстан және басқа да жанғыш материалдардан уақтылы тазарту).	едәуір
12	Сыртқы өртке қарсы сумен жабдықтау көздерінің техникалық жай-күйіне, оларды пайдалануға қойылатын талаптарды сақтау (өрт сөндіру гидранттарын жылына кемінде екі рет тексеру, қысқы уақытта қар мен мұздан тазарту және оларды жылы ұстау)	едәуір
13	Өртке қарсы сумен жабдықтау көздері орналасқан орындарды өрт қауіпсіздігі белгілерімен және көрсеткіштерімен қамтамасыз ету	едәуір
14	Ұйымның аумағында түнгі уақытта өрт гидранттарын, сыртқы өрт сатыларын, өрт сөндіру мүкәммалдарының орналасқан жерлерін, сондай-ақ өрт сөндіру су айдындарына өту жолдарын, ғимараттар мен құрылыстарға кіру жолдарын жылдам табу үшін сыртқы жарық беру құралдарының болуы	едәуір
15	Қоймалар мен базалар, астық қабылдау пункттері, сауда, жанғыш газдарды, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды өндіру, қайта өңдеу және сақтау кәсіпорындары, жарылғыш заттар өндірістері, өрт-жарылыс қауіпті және өрт қауіпті учаскелер аумағында, сондай-ақ осы мақсаттар үшін арнайы белгіленген және жабдықталған орындардан тыс жерлерде ашық отты пайдалануға және темекі шегуге т ы й ы м с а л у . Көрсетілген ұйымдар аумағында "Темекі шегуге және ашық отты пайдалануға тыйым салынады" деген өрт қауіпсіздігі белгілерін орналастыру. Темекі шегу үшін арнайы белгіленген орындарды "Темекі шегуге арналған орын" деген өрт қауіпсіздігі белгілерімен белгілеу	едәуір
16	Орман өрті кезінде ғимараттарға және құрылыстарға оттың тарау мүмкіндігін болдырмайтын іс-шараларды орындау және дайындау (өртке қарсы қорғаныс жолақтарын жасау, екпе ағаштарды отырғызу, жазғы маусымда өсімдіктерді жұлу және басқалар)	өрескел
3. Ғимараттарды, құрылыстар мен құрылымдарды күтуге қойылатын талаптар		

17	Үй-жайлардың, ғимараттардың (құрылыстардың), өндірістік және қоймалық мақсаттағы ғимараттардың эвакуациялық шығу есіктерінде, сыртқы технологиялық кондырғыларда олардың өрт-жарылыс және өрт қауіптілігі бойынша санаттары туралы, сондай-ақ онда орналасқан жарылыс қаупі немесе өрт қауіпті аймақтардың сыныптары туралы ақпарат орналастыру	болмашы
18	Ғимараттардан, үй-жайлардан эвакуациялық шығу жолдарының саны және олардың жобалық шешімге (оның ішінде эвакуациялық жолдар мен шығу жолдарының жарықтандырылуы, өлшемдері мен көлемдік-жоспарлау шешімдері, сондай-ақ эвакуациялау жолдарында өрт қауіпсіздігі белгілерінің болуы бойынша) сәйкестігі	өрескел
19	Эвакуациялық жолдар мен шығуларды (оның ішінде өтетін жерлер, дәліздер, тамбурлар, галереялар, лифт холлдары, саты алаңдары, баспалдақ марштары, есіктері, эвакуациялық люктер) түрлі материалдармен, бұйымдармен, жабдықтармен, өндірістік қалдықтармен, қоқыспен және басқа да заттармен үйіп тастау, сондай-ақ эвакуациялық шығу есіктерін шегелеп тастау	өрескел
20	Шығу тамбурларында киімге арналған кептіргіштер мен ілгіштер, шешінетін орынды орналастыру, сондай-ақ мүкәммалдар мен материалдарды (оның ішінде уақытша) сақтау	өрескел
21	Эвакуациялау жолдарында табалдырықтар (есіктердің ойықтарындағы табалдырықтарды есептегенде), қозғалмалы және көтеріліп-түсірілетін есіктер мен қақпалар, айналатын есіктер мен турникеттер, сондай-ақ адамдарды еркін эвакуациялауға кедергі келтіретін басқа құрылғыларды орнату	өрескел
22	Қабырғалары мен төбелерін өңдеуге, қаптауға және бояуға арналған жанғыш материалдарды, сондай-ақ отқа төзімділігі V дәрежелі ғимараттарды есептегенде, эвакуациялау жолындағы сатылар мен басқыш алаңдарын қолдану	өрескел
23	Саты торларының, дәліздердің, холлдар мен тамбурлардың өздігінен жабылатын есіктерін ашық күйінде бекітуге, сондай-ақ оларды алып тастау	өрескел
24	Түтіндемейтін саты торларында ауа аймақтарын шынылау немесе терезе жапқыштармен жабу	өрескел
25	Бөлмелерді технологиялық, көрме және басқа да кондырғылармен жабдықтау кезінде саты алаңына және басқа да эвакуациялау жолдарында эвакуациялық жолдың болуы	өрескел
26	Адамдар тұратын ғимараттарда және адамдар жаппай жиналатын объектілерде электроэнергияны сөндірген кезде қызмет көрсетуші немесе кезекші персоналды электр шамының болуы	өрескел
27	Адамдар жаппай жиналатын үй-жайларда еденге кілемдердің, кілем жолақтарының және еден бетіндегі басқа да жабындардың еденге бекітілуі	өрескел
28	Эвакуациялау жолдарында еркін және ғимараттан шығу бағыты бойынша ашылатын есіктер орнату	өрескел
29	Эвакуациялық шығулар есіктеріндегі тиектерді ғимарат ішіндегі адамдардың ішінен кілтсіз ашу мүмкіндігін қамтамасыз ету	өрескел
30	Саты торлары мен дәліздерде қоймаларды (қосалқы үй-жайларды) орнатуға, сондай-ақ баспалдақ марштарының астында және саты алаңдарында заттарды, жиһаздар мен өзге де жанғыш материалдарды сақтауға жол бермеу	өрескел
31	Құрылыс конструкцияларының, жылу оқшаулайтын материалдардың, металл тіреулерінің, ағаш конструкцияларының тиісті оттан қорғау жай-күйінің болуы	өрескел
32	Шатыр үй-жайларының, сондай-ақ технология шарттары бойынша адамдардың тұрақты болуы талап етілмейтін техникалық қабаттар мен жертөлелердің есіктерін құлыппен жабуды қамтамасыз ету. Көрсетілген үй-жайлардың есіктерінде кілттердің сақталатын орны туралы ақпараттың болуы	болмашы

33	Шатырларды, техникалық қабаттарды, желдету камераларын және басқа да техникалық үй-жайларды өндірістік учаскелерді, шеберханаларды ұйымдастыру үшін , сондай-ақ өнімді, жабдықты, жиһазды және басқа заттарды сақтау үшін пайдалануға жол бермеу	өрескел
34	Ғимараттың барлық қабаттарының терезелерінде, жертөлелер терезелері мен шұңқыршаларына торлар орнатуға (мекеменің қоймалық үй-жайларын, кассаларын, қару тұратын бөлмелерін, құпия бөлімдерін қоспағанда) жол бермеу	өрескел
35	Лифт холлдарында қоймаларды, дүңгіршектерді, шағын дүкендерді орналастыруға жол бермеу	өрескел
36	Өрт шыққан жағдайда қауіпсіздік аймақтарына жататын балкондарға, лоджиялар мен галереяларға әйнек салуға жол бермеу	өрескел
37	Нәтижесінде адамдарды қауіпсіз эвакуациялау жағдайы нашарлайтын, өртсөндіргіштерге, өрт сөндіру крандарына және басқа өрт қауіпсіздігі құралдарына қолжетімділік шектелетін немесе автоматты өртке қарсы қорғау жүйелерінің (автоматты өрт сигналын беру, стационарлық автоматты өрт сөндіру қондырғылары, түтінді кетіру жүйелері, құлақтандыру және эвакуациялауды басқару жүйелері) қолданыс аймағы азаятын көлемдік-жоспарлау шешімдерін өзгертуге жол бермеу	өрескел
38	Жертөлелер мен цокольды қабаттарда тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды, газ толтырылған баллондарды, аэрозольдық бұйым-түюдегі тауарларды, целлулоидты және басқа жарылыс-өрт қауіпті заттар мен материалдарды сақтауға және қолдануға жол бермеу	өрескел
39	Қабаттардағы дәліздерден, холлдардан, фойелерден, тамбурлардан және баспалдақ торларынан эвакуациялық шығулардың жобалада көзделген есіктерін, эвакуациялау жолдарында қауіпті өрт факторларының таралуына кедергі келтіретін басқа есіктерді алып тастауға жол бермеу	өрескел
40	Өндірістік және қойма ғимараттарының үй-жайларында (V отқа төзімділік деңгейіндегі ғимараттан басқа) антресолді, аралық қабырғаны, тұрмыстық жайларды, қойманы және басқа да жанғыш материалдардан жасалған қоса салынған үй-жайлардан орнатуға жол бермеу	өрескел
41	Табиғи және жасанды өртке қарсы сумен жабдықтау көздерінің болуы және оны жарамды жағдайда ұстау (оның ішінде өртке қарсы су құбыры, өрт су айдындары, өртті сөндіруге арналған суды сақтау сыйымдылықтары), сондай-ақ оларға су жинау үшін кіреберіс жолдардың болуы	өрескел
42	Ғимараттарда, үй-жайларда және құрылыстарда өртті сөндіру мақсаттары үшін су шығысын қамтамасыз ететін ішкі өртке қарсы су құбырының болуы	өрескел
43	Ішкі өртке қарсы су құбыры крандарының өрт жеңқұбырлармен және оқпандармен жабдықталуы	едәуір
44	Өрт сөндіретін жеңқұбырларды құрғақ, жақсы шиыршықталған және крандар мен оқпандарға жалғанған күйінде күтіп ұстау	едәуір
45	Өрт сөндіру сорғыларының электр қозғалтқыштарын үздіксіз қоректендіру кәсіпорнын электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың болуы және жұмысқа жарамды жағдайда ұстау	едәуір
46	Өрт крандарына 6 айда кемінде бір рет тексерісті жүзеге асыру (тексеріс актісі)	болмашы
47	Жарамды бастапқы өрт сөндіру құралдарының талап етілетін санының болуы	едәуір
48	Өртке қарсы қабырғалардың қиылысқан орындарын, жабындарды және қоршау конструкцияларын әртүрлі инженерлі және технологиялық коммуникациялармен, түтінгазөтпейтін және қажетті отқа қарсы төзімділігін қамтамасыз ететін орын алған жарығтарды және тесіктерді құрылыс қосындысымен немесе жанбайтын материалдармен жабу	өрескел

49	Ғимараттарды, құрылыстар мен құрылымдарды әзірленбеген және бекітілмеген жобалау-сметалық құжаттамасыз функционалдық мақсатын өзгертуге, күрделі жөндеу жүргізуге, техникалық қайта жабдықтауға, реконструкциялауға және қайта жоспарлауға жол бермеу	болмашы
50	Ғимараттардың, құрылыстар мен құрылымдардың шатырында сыртқы өрт сөндіру сатылары мен қоршауларын жарамды күйде ұстау және пайдалану сынауынан өткізу	өрескел
51	Тұрмыстық газ аспаптарын қолдану кезінде жиһаздарды және басқа да жанғыш материалдарды жақын орналасқан тік бетке дейін көлденеңінен 0,2 м кем қашықтықта, тігінен оның үстінен өтетін көлденең беттен 0,7 м кем қашықтықта осы бұйымдарды орналастыруға жол бермеу	өрескел
52	Тұрмыстық газ аспаптарын (оның ішінде асхана плиталарын, су жылытқыш қазандарын, газ колонкасын) жабдықтайтын газ баллондарды (жұмыс және қосымша) ғимаратта орнатуға жол бермеу	өрескел
4. Желдету қондырғыларына қойылатын талаптар		
53	Өртүрлі мақсаттағы желдету жүйелерінің түтінге қарсы желдету жүйелерінің және транзиттік арналарының (оның ішінде ауа арналар, жинағыштар, шахталар) ауа өткізгіштері мен арналарының конструкцияларын жанбайтын материалдардан және отқа төзімді етіп жасау	едәуір
54	Өртке қарсы қалыпты ашылатын клапандарда автоматты және қашықтан басқарылатын жетектермен жабдықтау	едәуір
55	Қоршайтын құрылыс материалдарының желдету жүйелерінің отқа төзімді арналарымен және тіреулер (аспалар) конструкцияларының қиысатын тораптарының осы арналар үшін талап етілетін шектерге отқа төзімділігінің сәйкестігі	едәуір
56	Желдету камераларында қандай да бір жабдықтар мен материалдарды сақтауға жол бермеу және оларды жабық күйде ұстау	едәуір
5. Электр желілерін, электр қондырғыларын және электр техникалық өнімдерді пайдалануға қойылатын талаптар		
57	Өрт жарылыс қауіпті аймақтарда дайындаушы-зауыттың жарылыстан және (немесе) өрттен қорғалу деңгейі мен түрінің белгісі жоқ электр жабдығын қолдануға жол бермеу	өрескел
58	Дайындаушы-кәсіпорынның нұсқаулығында баяндалған қауіпсіздік талаптары бұзылған электр желілері мен электр энергиясын қабылдағыштарды, бұзылулары өрттің туындауына әкелуі мүмкін электр қабылдағыштарын пайдалануға (ұшқын, қысқа тұйықталу, кәбілдер мен сымдардың окшаулауының рұқсат етілгеннен жоғары қызуын, аварияға қарсы және өртке қарсы қорғауды автоматты басқару жүйелерінің істен шығуын тудыратын), сондай-ақ зақымдалған немесе қорғаныш қасиеттері мен окшаулауын жоғалтқан электр сымдары мен кәбілдерін пайдалануға жол бермеу	өрескел
59	Зақымдалған және бекітілмеген резеткелерді, ажыратқыштарды, басқа электрлік қондырғы бұйымдарын пайдалануға жол бермеу	өрескел
60	Электрмен қыздырылатын аспаптарды барлық жарылыс-өрт қауіпті және өрт қауіпті үй-жайларда қолдануға жол бермеу	өрескел
61	Стандартты емес (қолдан жасалған) электрмен қыздырылатын аспаптарды қолдануға, калибрленбеген балқыма ендірмелерді және ток күшінің көбеюі мен қысқа тұйықталудан қорғайтын қолдан жасалған басқа аппараттарды пайдалануға жол бермеу	өрескел
62	Электрлік қалқандар, электр қозғалтқыштар және іске қосу аппаратурасы жанында жанғыш (оның ішінде тез тұтанатын) заттар мен материалдарды орналастыруға (жинауға) жол бермеу	өрескел

63	Оқшауланбаған электр сымдары мен кәбілдердің жалғаулары мен ұштарын пайдалануға жол бермеу	өрескел
64	Электр шамдары мен шамдарды қағазбен, матамен және басқа жанғыш материалдармен орауға, сондай-ақ шамның конструкциясында көзделген қалпақтары (шашыратқыштары) және қорғаныш торлары алынған шамдарды пайдалануға жол бермеу	өрескел
65	Егер олардың болуы дайындаушы-кәсіпорынның нұсқаулығында көзделген болса, электр үтіктерді, электр плиткаларды, электр шәйнектерді және басқа электрмен қыздырылатын аспаптарды өрттің туындау қаупін болдырмайтын арнайы тұғырықтарсыз (коректену цокольдері, қыздырғыш дөңгелектер) пайдалануға жол бермеу	өрескел
66	Конструкциясында көзделген термо реттегіштер болмаған немесе бұзылған кезде электр қыздырғыш аспаптарды қолдануға жол бермеу	өрескел
67	Үй-жай ішіне ыстық кендір қабығын алмай, броньдалған кәбілдерді төсеуге жол бермеу	өрескел
68	Барлық ток өткізгіш бөліктерді, бөлу құрылғыларын, аппараттар мен өлшеуіш аспаптарды, сондай-ақ бөлгіш түріндегі сақтандырғыш құрылғыларын, ажыратқыштарды және тек жанбайтын негіздегі барлық іске қосатын аппараттар мен электр қондырғыларының аспаптарын (мрамор, текстолит, гетинакс) монтаждау	өрескел
69	Өртке қатысты қауіпті ауыспалы кедергілерді болдырмау үшін сығымдау, дәнекерлеу, пісіру немесе арнайы қысқыштардың көмегімен өткізгіштер мен кәбілдердің сымдарын жалғау, түйіндеу және тармақтауды орындау	өрескел
70	Ғимараттарда, құрылыстар мен құрылымдарда, сыртқы технологиялық қондырғыларда жобада көзделген найзағайдан қорғайтын ақаусыз құрылғылардың болуы	өрескел
71	Стационарлы жабдықты, авариялық және жұмыс жарықтандыру жай-күйін тексеру, өткізгіштердің, кабелдердің және жерге тұйықтау құрылғыларын кемінде үш жылда бір рет өлшеу және сынау. Өлшеулер нәтижелерін актімен (хаттамамен) ресімдеу	өрескел
72	Барлық технологиялық аппараттардың метал конструкцияларын, резервуарларды, газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын және басқа да тез тұтанатын немесе жанғыш сұйықтықтар, сондай-ақ жанғыш газдармен айналысатын, сақталатын немесе өңделетін ғимарат ішінде және ашық кеңістікте орналасқан статистикалық электр зарядынан және найзағайдың жанама көріністерінен қорғайтын жерге тұйықтаудың болуы	өрескел
6. Жылу беру жүйелерін пайдалануға қойылатын талаптар		
6.1 Отын түріне тәуелсіз, жылу генератор аппараттары		
73	Жылу шығаратын аппараттарды пайдалану шарттарын бұзушылыққа, оларды осы мақсатқа бейімделмеген үй-жайларда (орындарда) орналастыруға жол бермеу	өрескел
74	Қандай да бір ақаулары мен зақымдары бар жылу шығаратын аппараттарды, сондай-ақ жанғыш конструкциялардың өртке қарсы бөлулерін (аралықтардың) пайдалануға жол бермеу	өрескел
75	Жылыту пештері мен жүйелерінің түтін құбырлары, түтіндіктері және басқа элементтерін күйеден тікелей жылу беру маусымының алдында, сондай-ақ жылу беру маусымы кезінде үш айда кемінде бір рет - жылыту пештері үшін; екі айда кемінде бір рет - үздіксіз жұмыс істейтін пештер мен ошақтар үшін тазарту	болмашы
76	Пештерді пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарда көзделмеген жанғыш заттарды (қатты, сұйық, газ тәрізді) отын ретінде қолдануға жол бермеу	өрескел

77	Жанғыш заттар мен материалдарды пештер мен түтіндіктердің беттерінен кемінде 0,5 метр болатын арақашықтықта кептіруге жол бермеу	өрескел
78	Жанғыш заттарды, материалдарды, бұйымдар мен жабдықтарды пештердің оттығының саңылауларына дейін кемінде 1,25 метр және пештің басқа қыздырылатын бөліктеріне дейін кемінде 0,7 метр арақашықтықта орналастыруға жол бермеу	өрескел
79	Түтін каналының конструкциясында оларды ыстан кезеңдік тазарту үшін технологиялық тесіктердің болуы	өрескел
80	Сұйық, қатты және газ тәріздес отынмен жұмыс істейтін жылу шығаратын аппараттарда жөнделген есіктердің және жанғыш материалдардан өртке қарсы бөліктердің (аралықтардың) болуы	өрескел
6.2 Қатты отындағы жылугенератор аппараттары		
81	Қатты отынмен жұмыс істейтін жылу өндіргіш аппараттардың от жағатын есігі астындағы жанғыш материалдардан жасалған еден пеш жанындағы оның ұзындығында орналасқан тесіктерсіз кемінде 0,5 x 0,7 метр өлшемдегі оттық алдындағы метал тілікпен қорғалған болуы	өрескел
82	Жағу үшін дайындалған отынды, сондай-ақ басқа жанғыш заттар мен материалдарды пештің алдындағы тілікке орналастыруға жол бермеу	едәуір
83	Қатты отын жағылатын пештерді жағу үшін тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды қолдануға жол бермеу	едәуір
84	Пештің оттығынан алып шыққаннан кейінгі қыздырылған және бықсыған материалдар болатын күл және қож өрттің туындау мүмкіндігін болдырмайтын, олар үшін арнайы бөлінген және су құятын орындардың болуы	өрескел
85	Отынды (өздігінен лапылдап жанатын көмірді) осы үшін арнайы бөлінген үй-жайлардан тыс немесе жанатын құрылыстардан 8 метрден жақын емес орналасқан, арнайы бөлінген алаңдардан тыс сақтауға жол бермеу	өрескел
86	Қазандық қондырғалары түтіндіктерінде от өшіргіштің болуы	өрескел
6.3 Сұйық отынмен жұмыс істейтін жылугенератор аппараттары		
87	Сұйық отынмен жұмыс істейтін аппаратты, авариялық төгілу кезінде отын бағындағы барлық отынды сыйдыратын металл табанға орналастыру	өрескел
6.4 Электр калориферлер		
88	Желдеткіші істемей қалғанда қыздырылатын элементтерге электр энергиясын беруді тоқтататын жарамды сигнализациясы мен бұғаттауы, электрлік және жылу қорғанышымен көзделген, шығатын ауаның температурасын бақылайтын және оны реттейтін автоматикасы жұмыс істейтін электр калориферлерін қолдану	өрескел
89	Электр калориферінде немесе оның жанында киім немесе басқадай жанғыш материалдарды кептіруге жол бермеу	өрескел
90	Электр калорифердің корпусы мен желдеткіштің арасына иілгіш зат ретінде жанатын материалдар қолдануға жол бермеу	өрескел
6.5 Уақытша металл пештері		
91	Металл пештердің аяқтарының биіктігі кемінде 0,2 метр	өрескел
92	Металл аяқтарын кемінде мына арақашықтықта орнату: ағаш конструкциялардан, жиһаздан, тауарлардан, стеллаждардан, сөрелерден және басқа жабдықтардан - 1 метр; жанудан қорғалған конструкциялардан - 0,7 метр; от жағу ойықтарынан ағаш конструкциялары мен басқа жабдықтарға дейін - 1,25 метр	өрескел

93	Металл түтін құбырын терезе арқылы бөлген кезде, аралықтың орнына онда түтін құбырының өлшемінен үш диаметрден кем емес шатыр темірінің болуы	өрескел
7. Өрт автоматика жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға қойылатын талаптар		
94	Тиісті автоматты өрт сигнализациясы, автоматты өрт сөндіру және өрт кезінде адамдарды құлақтандыру жүйелерімен жабдықтау	өрескел
95	Тиісті даярлықтан өткен мамандардың немесе мамандандырылған ұйымдардың шарт бойынша уақтылы техникалық қызмет көрсету жұмыстарын өткізу және жоспарлы-алдын алу жөндеу жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру арқылы өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын жұмысқа қабілетті күйде ұстау	өрескел
96	Өрт автоматикасының жүйелерімен және құрылғыларымен жабдықталған объектіде техникалық құжаттамасы болуы тиіс	болмашы
97	Объектінің қызмет көрсететін персоналының объектіде монтаждалған құрылғылар мен өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларының жұмыс істеу қағидаттарын білуі	болмашы
98	Қандай-да бір жабдықты ілу немесе бекіту үшін автоматты өрт сөндіру қондырғыларының құбыр жолдарын пайдалануға жол бермеу	едәуір
99	Автоматты өрт сөндіру қондырғыларының құбыр жолдарына өндірістік жабдықтар мен санитарлық құралдарды қосуға жол бермеу	едәуір
100	Спінклерлік автоматты өрт сөндіру қондырғыларының құбыр жолдарында орнатылған ішкі өрт крандарын өрт сөндіруден басқа мақсаттарға пайдалануға жол бермеу	едәуір
8. Өнеркәсіп кәсіпорындарына қойылатын талаптар		
101	Технологиялық жабдықта, құбыр жолдарды және басқа да орындарда статикалық электрден қорғау жүйелерінің ұшқын басқыштар, ұшқын ұстағыштар, от тоқтататын, отқа бөгет жасайтын, шаң мен металл тұтқыш және жарылысқа қарсы құрылғылары жұмыс жағдайында ұстау	өрескел
102	Резервуарлардан (сыйымдылықтардан) тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар үлгілерін алу және деңгейді өлшеу күндізгі уақытта соққан кезде ұшқын шығуды болдырмайтын құралдармен жүзеге асыру. Көрсетілген операцияларды найзағай жарқылдап тұрған кезде, сондай-ақ өнімді тартып ағызу және тартып шығару кезінде о р ы н д а у ғ а ж о л б е р м е у . Осындай сұйықтықтарды резервуарларға (сыйымдылықтарға) "құламалы ағыспен" беруге жол бермеу	өрескел
103	Шаң жинайтын камералар мен циклондардың есіктері мен люктерін оларды пайдалану кезінде жабық күйде ұстау. Камералар мен циклондарда жиналған жанғыш қалдықтарды уақтылы жою	едәуір
104	Өндірістік ғимараттарды, кәсіпорынның аумақтарындағы қоймаларды тұру үшін пайдалану, сондай-ақ өндірістік шеберханалардың қоймаларында орналастыруға жол бермеу	едәуір
105	Жаяу жүру тоннелдері мен қоймалардың өту жолдарында, жабдықты, жанғыш материалдарды сақтауға, жанғыш материалдардан жасалған стендтер мен плакаттарды ілуге, сондай-ақ күштік кәбілдерді, газ, қышқыл, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды тасымалдайтын құбыр жолдарын төсеуге жол бермеу	өрескел
106	Қоймалар мен өндірістік үй-жайлар арқылы транзитті электр желілерді, сондай-ақ жанғыш газдарды, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар мен жанғыш шандарды тасымалдауға арналған құбыр жолдарын төсеуге жол бермеу	едәуір
107	Өндірістік объектілерде адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шешімді көздейтін өрт жою жоспарының болуы	едәуір

108	Жұмыс орындарына тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды, жанғыш газдарды беруді бір орталықтан жүзеге асыру. Цехтың қоймаларына тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды, бояуларды, лактарды, еріткіштерді бір мезгілде сақтаудың барынша рұқсат берілген мөлшерінің нормативін белгілеу. Жұмыс орындарында ауысым қажеттілігінен аспайтын (пайдалануға дайын түрдегі) материалдар көлемін сақтау. Бұл ретте ыдыстарды тығыз жабу қажет	едәуір
109	Қабырғалар мен жабындардағы технологиялық ойықтарды отқа бөгет жасайтын құрылғылармен қорғау	өрескел
110	Өз бетімен жабылатын өртке қарсы есіктерге арналған механизмдерді жарамды күйде ұстау	өрескел
111	Жарылыстың алдын алу клапандарын қорғау мембраналарының желілер мен адсорберлерде материал түрі және жалпақтығы бойынша жобалық шешімге сәйкестігі	едәуір
112	Жанғыш сұйықтық қолданылатын гидро жүйелерде бактағы майдың деңгейіне бақылаудың болуы және жүйедегі май қысымының паспортта көзделгеннен жоғары артуына жол бермеу	едәуір
113	Майдаланған ағаш бөліктерінің бункерлері мен қалыпталған машиналарды сыйымдылықта разрядты ұстайтын аспирация жүйесімен және олардың толғаны туралы хабарлайтын сигнализация тетіктерімен жабдықтау	едәуір
114	Барабанды кептіргішті және құрғақ жаңқа мен шаң бункерлерін автоматты өрт сөндіру қондырғыларымен және жарылысқа қарсы құрылғылармен жабдықтау	едәуір
115	Шаң және жаңқа материалдарын тасымалдау жүйесін оттың таралуын болдырмайтын құралдармен және жануларды жоюға арналған люктермен жарақтау	өрескел
116	Аспирациялық және пневмокөліктік жүйелерден ағаш жаңқаларын және басқа да жарылу қаупі бар шаңдарды жинауға арналған сыйымдылықтар жарамды күйдегі жарылысқа қарсы құрылғылармен жабдықтау	едәуір
117	Ағаш жаңқалы плиталардың термиялық өңдеу камераларынан жарылыс қауіпті газдарды шығару үшін сору құбырының шиберін әр 15 минут сайын 2-3 минутқа ашуға арналған автоматты құрылғының болуы	едәуір
118	Өңдеу камералары мен май ванналарындағы температураны автоматты түрде бақылау	едәуір
119	Жағу газдарын пайдаланатын кептіру барабандарын ұшқын тұтқышпен жабдықтау	едәуір
120	Сіндіру, пісіру және жанғыш сұйықтықтары бар басқа да ванналарды ғимараттан тыс жерде орналасқан жер асты сыйымдылықтарына авариялық құю құрылғыларымен жабдықтау. Әрбір ваннаны жанғыш буларды жергілікті сорумен жабдықтау	едәуір
121	Ауа-бу және газ камераларының енгізу және сору каналдарын өрт туындаған кезде арнайы жабылатын қалқандармен (сұқпа жапқыштармен) жабдықтау	өрескел
122	Газ кептіру камераларын желдеткіш тоқтап қалған жағдайда жанатын газды автоматты түрде тоқтататын жарамды құрылғылармен жабдықтау	едәуір
123	Газ кептіру камераларының алдында ұшқынның кептіру камераларына түсуін болдырмайтын ұшқын тұтқыштар орнату	едәуір
124	Үстінде жарығы бар және жұмыс істемейтін ұшқын тұтқыштары бар кептіру қондырғыларын пайдалануға жол бермеу	өрескел
125	Отынмен кептіру бөлімшелерін кептіру агентінің температурасын бақылауға арналған жарамды аспаптармен жабдықтау	едәуір
126	Кептіру камераларын камерада жану пайда болған кезде калориферлер желдеткіштерін өшіретін және стационарлық өрт сөндіру құралдарын қосатын құрылғылармен жабдықтау	өрескел

127	Шикізаттарға, жартылай дайын өнімдерге және сырланған дайын бұйымдарға арналған кептіру камераларын (үй-жайларды, шкафтарды) температура қалыпты мөлшерден көтерілген кезде қыздыруды өшіретін автоматикамен жабдықтау	едәуір
8.1 Агломерациялық өндірістердің және металданған домалақшалар өндірістердің объектілері		
128	Сөндірілмеген әкті отқа төзімділігі II дәрежеден төмен емес, едені жердің үстіңгі қабатынан кемінде 0,5 метр арақашықтықты көздейтін арнайы үй-жайларда сақтау	едәуір
8.2 Домналық, болат балқытқыш, электр болат балқытқыш және ферроқорытпалық өндірістің объектілері (жалпы талаптар)		
129	Домна, болат балқытатын пештер тегістеулерінің, конвертерлердің, миксерлердің, шөміштердің және балқытылған металдарға арналған басқа сыйымдылықтардың жай-күйі мен жарамдылығы	едәуір
130	Кәбілді туннельдерге, құю орнына тікелей жақын орналасқан май жертөлелеріне, сондай-ақ балқытылған металдарды тасымалдау орындарына кіретін жерлерді балқытылған металдан биіктігі кемінде 300 миллиметр табалдырықтармен қорғау	едәуір
131	Электр механизмдердің, электр жабдықтардың және гидрожетектер қондырғыларының кәбілдерін металды, шлакты құю орындарында және жоғары температуралы басқа аймақтарда механикалық зақымданулардан, сәулелі жылудың әсерінен, сондай-ақ оларға балқытылған металл мен шлактың шашырап кетуінен қорғау	едәуір
8.3 Домналық өндіріс объектілері		
132	Колошник алаңы мен зерттеу жұмыстарына арналған алаңды екі шығу жолымен қамтамасыз ету	өрескел
133	Домна пештерін қаптаманың температурасын пештің барлық биіктігі мен ауданы бойынша бақылау аспаптарымен жабдықтау	едәуір
134	Өндірістің материалдары мен қалдықтарын домна пештерінің іргетастарына жинауға жол бермеу	болмашы
135	Күйіп кетпеуін бақылау үшін ауа фурмаларын сигнализация құрылғыларымен жабдықтау. Күйіп кеткен фурмалық аспаптарда жұмыс істеуге жол бермеу	едәуір
8.4 Болат балқыту өндірісінің объектілері		
136	Балқытылған металл және шлактың түсуі ықтимал орындарда жабдықтың кез келген түрін сақтауға және материалдарды (оның ішінде жанғыш) жинауға жол бермеу	едәуір
137	Мазуты бар шығыс бактарды пештердің астына орналастыруға жол берілмеу, бактарды пештерден кемінде 5 метр арақашықтықта орналастыру және арнайы жылудан қорғайтын сенімді экрандармен қорғау	едәуір
138	Өрт болған жағдайда мазутты түсіруге арналған авариялық сыйымдылықтары бар жабық түсіру және құю құбыр жолдарымен шығыс бактарды біріктіру	өрескел
139	Салқындатқышта конвертерлік газдар шығып тұрған кезде конвертердің жұмыс істеуіне жол бермеу	өрескел
140	Кептіруге болат балқытқыш пештерді, конвертерлерді, миксерлерді қойған кезде газды тұтату үшін тез тұтанатын сұйықтықтарды пайдалануға жол бермеу	өрескел
141	Өрт жарылыс қаупі бар материалдар мен қоспаларды сақтау, дайындау және жасау орындарында олардың негізінде ашық отты қолдануға жол бермеу	өрескел
142	Алюминий-магний, алюминий-барий және алюминий ұнтақтарын селитрамен, қышқылдармен, сілтілермен және тотықтырғыштармен, сондай-ақ жанғыш материалдармен бірге тасымалдауға және сақтауға жол бермеу	едәуір
143	Тез жанатын шихта материалдары бар бункерді шихта крандары троллейінің астына орналастыруға жол бермеу	едәуір
8.5 Электр болат балқыту және ферроқорытпа өндірістерінің объектілері		

144	Пеш трансформаторларын өрт сөндіру құралдарымен және трансформаторда майдың толық көлемділігіне есептелінген авариялық май қабылдағыштармен қамтамасыз ету	едәуір
145	Индукциялық және доғалы вакуум пештердің вакуумдық камераларын, сондай-ақ электрондық-сәулелік пештердің қорытпа камераларын жарылыстан сақтандыратын қақпақшалармен жабдықтау	өрескел
146	Газ бен шаңның тұтануын, жарылысын болдырмайтын құрылғылармен жабдықталмаған электр болат қорытпа және кенді қалпына келтіру пештерінен газ шаңның бөлінуін бұру жүйелерін пайдалануға жол бермеу	едәуір
147	Сұйық алюминийді тозаңдату бункерлері, камералары тозаңға айналдыру процесінде ыстық ұнтақтың конвейерлік лентаға түсуін болдырмайтын бекітпелермен жабдықтау	едәуір
148	Алюминий ұнтағының қышқылдануын, өздігінен жануын және жарылуын болдырмау үшін оны өндіру және сақтау орындарында ылғал мен дымқылдың болуына жол бермеу	өрескел
149	Алюминийден, магнийден және олардың негізіндегі қорытпалардан жасалған ұнтақтар мен опаларды өндіруге арналған үй-жайларда жертөлелерді, жертөле арналары мен ойықтарды орнатуға жол бермеу.	едәуір
150	Алюминий-барий және алюминий ұнтақтарын селитрамен, қышқылдармен, сілтілермен және басқа да тотықтырғыштар және жанғыш заттармен бірге сақтауға және тасымалдауға жол бермеу	едәуір
151	Тез тұтанатын материалдар немесе тез жануға бейім материалдарды (магний жоңқасы және магний қорытпалары, селитра, бертолет тұзы, термит қоспасы) металл термиялық цехтардың балқыту корпустарында арнайы бөлінген орындарда екі тәуліктік қажеттілікте аспайтын мөлшерде жабық металл ыдыста (банкаларда, бөшкелерде) сақтау	едәуір
152	Өздігінен жанатын материалдарды сақтауға арналған бункерлерді жұмысы өрт сөндіру құралдарын іске қосумен бұғатталған, осы материалдардың температурасын бақылауға арналған қондырғылармен жабдықтау	едәуір
8.6 Жалға беру, құбырларды жасау және метиз өндірістерінің объектілері		
153	Гидрожетектің жүйелерін май құбыры үзілген кезде қысым ысырмаларын автоматты жауып тастауға арналған құрылғымен жабдықтау	едәуір
154	Май шаруашылығын пайдалану кезінде ашық от көзін қолдануға, май жертөлелерінде және май толтырылған жабдықтың жанында ұшқындауға жол бермеу	өрескел
155	Май жертөлелері мен кәбілді туннельдерін оларға жұмыс алаңдарынан қабыршақтар, ұшқындар және тұтанудың басқа көздерінің түсуін болдырмау үшін жауып ұстау	едәуір
156	Туннельдер мен май жертөлелерінің желдеткіш құрылғыларының өрт болған жағдайда автоматты сөнуін қамтамасыз ету	өрескел
157	Мойынтіректер тораптарын қайта іске қосуға арналған ванналар, сондай-ақ жанғыш сұйықтықтарды құюға арналған мазутқа арналған шығыс бактарын, цех ғимаратынан тысқары орналасатын авариялық сыйымдылықтармен қамтамасыз ету	өрескел
158	Қорғаныш жарылыс қаупі бар газдарды қолданатын учаскелерде жарылыс қаупі бар шоғырландырудың құрылуының алдын алатын технологиялық автоматиканы жарамды күйде ұстау	өрескел
159	Металды термиялық өңдеу (лентаны үздіксіз күйдіру) кезінде қорғайтын газы жоқ ерітілген натрийі бар ваннаны пайдалануға жол бермеу. Судың немесе дымқыл материалдардың натрийі бар ваннаға түсіп кетуіне жол бермеу	өрескел
160	Жұмыс орындарында титан және оның қорытпаларының үгінділерінен, жаңқаларын және басқа да қалдықтарын сақтауға жол бермеу. "Титан қалдықтары" деген жазуы бар контейнерлерді желдеткіші тұрақты жұмыс істейтін арнайы бөлінген құрғақ үй-жайда сақтау	едәуір

8.7 Отқа төзімді өндіріс объектілері

161	Қоспаны қыздыру және керосинде парафинді, стеаринді еріту үшін ашық отты, ашық электр спиральдарын немесе температурасы 100°С жоғары басқа беттік қабаттарды қолдануға жол бермеу	өрескел
162	Керосин-стеаринді қоспаларды дайындау және қолдану учаскелерінде өртсөндіргіштер болмағанда жұмыс істеуге жол бермеу	едәуір
163	Керосин-стеаринді қоспалардың төгілуіне жол бермеу және бұйымдарды қосымша жаншу кезінде жұмыс орындарында керосин-стеаринді қоспалардың қалдықтарын жинауды жүзеге асыру	едәуір
164	Жанғыш (жарылыс қауіпті) газдарды отын және қалпына келтіру ортасы ретінде қолдануға жол бермеу	өрескел

8.8 Бояу, шайқау, майын кетіру және жууға арналған цехтар, учаскелер, қондырғылар

165	Бояу цехтарының (учаскелерінің) бояу дайындайтын бөлімшелерін бөлек сыртқа дербес шығу жолымен қамтамасыз ету	өрескел
166	Лак-бояу дайындау, бояу және бензинмен жуу жұмыстары жүргізілетін үй-жайлардың едендерін соққан кезінде ұшқын шығармайтын, жанбайтын материалдардан жасау	едәуір
167	Кемінде екі метр биіктіктегі үй-жайлар қабырғаларының ішкі қабаты ластанудан оңай тазаланатын, жанбайтын материалмен қаптау	өрескел
168	Цехтың, учаскенің, қондырғының барлық есіктерін сыртқа немесе ғимараттан жақын шығатын жаққа ашылатындай етіп орнату	өрескел
169	Бояу жұмыстары, бөлшектерді шаю бояйтын шкафтар, ванналар, камералар мен кабиналардан жергілікті сорып алатыны бар қолданыстағы ағынды және сорғыш желдеткіштері болған кезде ғана жүргізу. Қондырғылардың жұмысын, сондай-ақ нитро негіздегі жабындарды, бензинді және басқа да желдету жүйесі бар тез тұтанатын сұйықтықтарды қолдана отырып бояу, шаю, лактау, жуу және майсыздандыру операциясына беру жүйелерін бұғаттау	едәуір
170	Бояу шкафтарын, камераларын және кабиналарының сорғыш желдеткішін сумен суландырғыштарсыз (гидро сүзгілер) немесе жанғыш бояулар мен лактардың бөлшектерін ұстап алуға арналған басқа тиімді қондырғыларсыз пайдалануға жол бермеу	едәуір
171	Отты кабиналар мен ауа өткізгіштегі бояудың шөгінділерін күйдіру үшін қолдануға жол бермеу	өрескел
172	Бұйымдар мен бөлшектерді жуу және майсыздандыру үшін жанбайтын құрамдар, пасталар, еріткіштер және басқа да өрт тұрғысынан қауіпсіз техникалық жуу құралдарын қолдану	едәуір
173	Каустикалық соданы, селитраны, саптамаларды арнайы жабдықталған үй-жайда сақтау	едәуір
174	Қышқылдарды сақтау орындарын оқыс төгілген қышқылдарды тезарада бейтараптандыру үшін дайын бор, әк немесе сода ерітіндісімен қамтамасыз ету.	едәуір
175	Лак-бояу материалдарының ыдысын тығыз жабылған күйде және ғимараттар мен құрылыстардан кемінде 20 метр қашықтықта орналасқан арнайы алаңдарда сақтау	едәуір
176	Май жағылғаннан кейін құбырлар мен басқа бұйымдарды салуға арналған сөрелерді кейіннен оны сора отырып, ағызып және бұрып жіберуге арналған қондырғылармен жабдықтау	едәуір

8.9 Газ қондырғыларын пайдалану

	Объектілерде құрылыс, күрделі жөндеу, реконструкциялау және (немесе) техникалық қайта жабдықтау аяқталғаннан кейін пайдалануға енгізілетін тұрмыстық және	
--	---	--

177	өнеркәсіптік аспаптарға оны жағу үшін газ әкелетін құбыр желілерін өрт кезінде үй-жайда 100 ⁰ С ортаның температурасына жеткен кезде, газ құбырын автоматты түрде жабатын жылу сезгіш ілгекті құрылғылармен (клапандармен) жабдықтау	өрескел
178	Жылу сезгіш ілгекті құрылғыларды (клапандарды): 1) отқа төзімділігі V дәрежелі ғимараттарда, сондай-ақ ғимараттың шетінде орналасқан газ құбырлары электр магнитті және газ талдағыш немесе автоматты өрт сигнализациясы іске қосылған кезде, газ құбырын жабатын клапанмен жабдықталған ғимараттарда ; 2) газ құбырлары электрмагниттік клапанмен жабдықталған, ал газ жағуға арналған қондырғылары бар үй-жайлары автоматты өрт сөндіру қондырғыларымен қорғалған қауіпті өндірістік объектілер ғимараттарында орнатуға жол бермеу	едәуір
179	Аммиакты салқындату қондырғыларының машина және аппараттар бөлімшелері үй-жайларында салқындатқыш агент буларын бұғаттау газ талдауыштардың сорып-тартатын желдетуді автоматты қосатын және салқындату қондырғыларының сығымдағыштарын автоматты сөндіретін құрылғылары бар салқындатқыш ақаусыз күйінде болуға және тиісті актімен немесе арнайы журналдағы жазбамен ресімдеумен қамтамасыз ету, жұмысқа қабілеттілігін жылына кемінде екі рет тексеру	едәуір
180	Салқындату қондырғыларына арналған аммиагы бар баллондарды ғимараттың немесе құрылыстың арнайы қоймалық үй-жайларында сақтау. М ы н а : 1) аммиагы бар баллондарды салқындату қондырғыларының машина бөлімдерінде сақтауға ; 2) аммиагы бар құбыр жолдарын эвакуациялау жолдары бойынша, лифтілер мен көтергіштер шахталарында, сондай-ақ жарылыс өрт және өрт қауіптілігі бойынша А, Б және В1-В4 санатты үй-жайлар арқылы төсеуге жол бермеу	едәуір
181	Аммиакты салқындату қондырғыларының машина және аппараттар бөлімшелерінің үй-жайларын жарылыс кезінде (оның ішінде оңай тасталатын конструкциялар, сындырылған панельдер, арнайы шынылау, терезе блоктарының ашылатын фрамугалары) қираудан қорғауға арналған құрылғылар жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкестігі және үнемі жарамды күйде ұстау. Салқындату камераларының және салқындатқыш агрегаттардың үй-жайларын тікелей мақсатынсыз пайдалануға жол бермеу	едәуір
182	Аммиагы бар баллондарды жұмыс істейтін жылу беру аспаптарынан кемінде 5 метр арақашықтықта орналастыру. Аммиагы бар баллондарды жүйелерді толтыруды тездету үшін қыздыруға жол бермеу	едәуір
183	Салқындатқыш камераларының өртке қарсы белдіктерінде тесіктер салуға, түтіктер өткізуге, бекітулер орнатуға, сондай-ақ оларды жанғыш материалдармен қаптауға жол бермеу	едәуір
184	Салқындатқыш агрегаттарды салқындату камераларының тамбурларында орналастыруға жол бермеу. Басқа үй-жайлардан сыртқа шығатын немесе дәліз арқылы есіктермен бөлінген шығу жолы болатын машина бөлімінде салқындатқыш қондырғылардың камераларын тұздықпен салқындатып орналастыру	өрескел
185	Пайдалану және жөндеу процесінде жобада көзделген салқындату камераларының жанбайтын жылу окшаулауын жанатын жылу окшаулауына ауыстыру жүргізуге жол бермеу	өрескел
186	Машина және аппарат бөлімшелерінің желдету жүйелерін басқа үй-жайлардың желдету жүйелерінен бөлу	өрескел
187	Аппарат және машина бөлімшелерінің авариялық жарықтандыруын жарамды күйде ұстау	едәуір
188	Аммиакты тоңазытқыш қондырғыларының машина және аппарат бөлімшелеріндегі жарылыстан қорғайтын электр жабдығын техникалық жарамды күйде ұстау	едәуір

189	Аммиакты тоңазытқыш қондырғыларының машина және аппарат бөлімшелерінің үй-жайларын пайдалану процесінде жеңіл лақтырылатын элементтерін (панелдерді, терезелерді, есіктерді) конструкциялардың басқа түрлеріне ауыстыруға жол бермеу	өрескел
190	Майлау материалдарын компрессорлық үй-жайларда ауысымдық қажеттіліктен аспайтын мөлшерде жабық металл ыдыста сақтауды жүзеге асыру	едәуір
191	Аммиакты тоңазытқыш қондырғыларда компрессорға сұйық салқындатқыштың түсу мүмкіндігін болдырмау	едәуір
192	Аммиакты тоңазытқыш қондырғылардың үй-жайларында ішкі өрт крандары шашыраған суды алуға мүмкіндік беретін шашыратқыш оқпандармен жабдықтау	едәуір
193	Компрессорлық бөлімшелер үй-жайларында компрессорлармен конструктивтік немесе технологиялық байланысы жоқ аппараттарды немесе жабдықтарды орнатуға, сондай-ақ кеңселер мен қоймалар жасауға жол бермеу	едәуір
194	Салқындатқыш агенттері бар құбыр жолдарда тасымалданатын заттарға байланысты танып ажырату бояуымен және цифрлық белгілермен қамтамасыз ету	болмашы
195	Салқындатқыш агенттері бар құбыр жолдардың қолданыстағы орналасу схемаларын, сондай-ақ салқындатқыш агентті жоспарды әзірлемей және оны бекітпей ауыстыруға жол бермеу	едәуір
196	Салқындатқыш агенттері бар құбыр жолдардың механикалық зақымдалуы ықтимал жерлеріне қорғайтын бүркеніштер, торлар, кішкене көпірлер орнату	едәуір
197	Салқындатқыш агенттері бар құбырлардың жанбайтын жылу оқшаулағышын жанатын түріне ауыстыруға жол бермеу	өрескел
198	Тоңазытқыш станциясының үй-жайларын өздігінен тығыз жабылатын есіктермен жабдықтау	өрескел
9. Автокәсіпорындарға, көліктерге қызмет көрсететін объектілерге, автотұрақтарға (паркингтерге) қойылатын талаптар		
199	Ашық тұрақ аумақтарында көлік құралдарына шағын жөндеу мен ағымды техникалық қызмет көрсетуді беті қатты алаңшаларда жүзеге асыру бойынша талаптарды сақтау	болмашы
200	Көлік құралдарына шағын жөндеу мен ағымды қызмет көрсетуді жүзеге асыруға арналған әрбір алаңшада өрт сөндіру қалқандардың болуы	едәуір
201	Көлік құралдарын ашық сақтау гараждарының үй-жайлары мен алаңшаларын өрт немесе басқа да төтенше жағдайлар болған кезде эвакуациялауға кедергі жасауы мүмкін заттар мен жабдықтармен үйіп тастауға жол бермеу	едәуір
202	Көлік құралдарын ашық сақтау гараждарының үй-жайлары мен алаңшаларын таза ұстау	болмашы
203	Гараждар мен ашық тұрақтарды олардың тікелей мақсаттарынан тыс (жанғыш материалдарды, газ баллондарын жинау, жөндеу шеберханаларын, сырлау камералары және т.б.) қолдануға жол бермеу	болмашы
9.1 Көлік сақтауға арналған үй-жайлар, шатыр асты және ашық алаңшалар		
204	Нормадан асып кеткен көлемде көлік құралдарын орнатуға, оларды орналастыру жоспарын бұзуға, автомобильдер, ғимараттардың (құрылыстардың) арасындағы қашықтықты азайтуға орнатуға жол бермеу	едәуір
205	Ұста, термиялық, дәнекерлеу, сырлау және ағаш өңдеу жұмыстарын жүргізуге, сондай-ақ тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды қолданып бөлшектерді шаюға шығу қақпалары мен өту жолдарын үйіп қоюға жол бермеу	өрескел
206	Отын бактарынан, отын жолдарымен және карбюраторлардан жанармай тамшылап, аузы ашық отын бактарымен, сондай-ақ электрқұрылғылар жүйесі ақаулы күйде болса, көлік құралдарын қалдыруға жол бермеу	өрескел

207	Көлік құралдарына жанар-жағармай материалдарын құю, сондай-ақ оларды кәрізге немесе іргелес орналасқан аумаққа төгу. Қолданылған жанар-жағармай материалдарын, сүзгіштерді, ескі шүберектер мен басқа да материалдарды жинау жабылатын қақпақтармен жабдықталған жанбайтын материалдардан жасалған ыдыстарға көзделеді	едәуір
208	Аккумуляторларды тікелей көлік құралдарында, сондай-ақ осы мақсатқа бейімделмеген үй-жайларда оталдыруға жол бермеу	едәуір
209	Қозғалтқыштарды ашық отпен жылытуға (от, алау, дәнекерлеу шамдары), жарықтандыру үшін ашық от көздерін пайдалануға жол бермеу	өрескел
210	Жалпы тұрақтарда тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды, сондай-ақ жанғыш газдарды тасымалдау үшін көлік құралдарын орнатуға жол бермеу	едәуір
211	Тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтардың сыйымдылықтарын сақтауға жол бермеу	едәуір
212	Көлік құралдарын бояуға, бөлшектерін тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтармен жууға жол бермеу	өрескел
9.2 Газ тәрізді отынмен жұмыс жасайтын көлік құралдарын пайдалану		
213	Газды қоректену жүйесі техникалық бұзылған (герметикалық емес) көлік құралдарын жабық үй-жайда тұраққа қоюға жол бермеу	едәуір
214	Көлік құралдарын сақтауға арналған үй-жайларда сұйытылған көмірсутекті газды өршітуді жүзеге асыруға жол бермеу	өрескел
215	Қысымды бақылаумен, газды өндірумен, қозғалтқышты жылытумен, карбюратор қоспалауыштарға әр түрлі отын түрлеріне ауыстырып қосу және газ берумен байланысты жүйелерді жарамды күйде ұстау. Сұйытылған көмірсутек газы бар баллондардағы сақтандырғыш клапандарын, сондай-ақ отын беруді бұғаттауды қамтамасыз ететін электрлік магнитті клапандарын жарамды күйде пайдалану. Баллондарды куәландыруды кемінде екі жылда бір рет жүргізу	өрескел
216	Сұйытылған көмірсутек газын жабық гараж тұрақтарда және басқа да ішіндегі температурасы 25°C асатын, жылу берілетін үй-жайларда қолдануға және сақтауға жол бермеу	өрескел
217	Көлік құралдарын (жеке көлік түрлерінен басқа) сақтайтын ашық алаңдар мен тұрақтарға арналған үй-жайларды әрбір 10 бірлік техникаға біреуден келетін сүйреткіш арқандармен (штангалармен) буксирге алатын тростармен және штангтармен жарактау	едәуір
218	Автомобильдерді жөндеуге арналған үй-жайларда (газ автомобильдерінде баллондар газбен толтырулы болғанда) жанармай толтырылған бағы бар автомобильдерге және май толтырылған қартерлерге (№1 ТҚК бойынша жұмыстардан басқа) жөндеу жұмыстарын жүргізуге жол бермеу	едәуір
9.3 Аккумуляторлық станциялар		
219	Темекі шегуге, от жағуға, электр қыздырғыш аспаптарын пайдалануға	өрескел
220	Бір ауысымдық қажеттіліктен артық мөлшерде қышқылды, сілтіні немесе электролитті сақтауға	болмашы
221	Жұмыс орындарында арнайы киімді және басқа да бөгде заттарды қалдыруға жол бермеу	болмашы
9.4 Жуып-шаю және бояу жұмыстарын жүргізуге арналған үй-жайлар		
222	Жуу және бояу цехтарын көп қабатты ғимараттардың жертөлелерінде, цокольды және бірінші қабаттарында орналастыруға жол бермеу	өрескел

223	Бояу дайындайтын бөлімшелерді сыртқы қабырғасында терезе ойығы жеке эвакуациялық шығу жолы бар және аралас үй-жайлардан жанбайтын қабырғалармен окшауланған үй-жайларда орналастыру	өрескел
224	Жуу және бояу цехтарына, сондай-ақ бояу дайындайтын бөлімшелерге жанбайтын, электр сымды, ерітінділерге төзімді және ұшқын шығармайтын еден жасау	едәуір
225	Жуу және сырлау цехтарында қырлы радиаторларды қолдануға жол бермеу	едәуір
226	Электрлік іске қосу құрылғыларын, түймелі электр магнитті іске қосқыштарды жуу және сырлау үй-жайларынан тыс орнату	едәуір
227	Жуу, бояу цехтарының және бояу дайындау бөлімшелерінің жылжымалы технологиялық жабдығын қорғаныш құрылғылармен (саты, баспалдақ, тақтайша, арба) жабдықтау	едәуір
228	Жұмысшылар мен қызметшілерге синтетикалық және жібек маталардан киім киюге, сондай-ақ жүзіктер мен білезіктер тағуға жол бермеу	болмашы
229	Жұмыскерлерді ток өткізгіш аяқ киімдермен және статикаға қарсы білезіктермен қамтамасыз ету	болмашы
10. Әкімшілік ғимараттарға (көп салалы кешендерге), көппәтерлі (жеке) тұрғын үйлерге және жатаханаларға қойылатын талаптар		
230	Түтінге қарсы қорғау, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын, авариялық жарықтандыру, ішкі өртке қарсы су құбыры, авариялық лифтілердің жарамды күйде ұсталуы және оларды жүйелі тексеруді ұйымдастыру	өрескел
231	Объектілердің орталық диспетчерлік пункттеріне шығарылған өртке қарсы қорғау жүйелерін басқару қондырғылары мен бақылау аспаптарын ұстау, сондай-ақ қызметке түсу кезінде оларды кезекші персоналдың тексеруін қамтамасыз ету	өрескел
232	Өрт кезінде қосылатын өртке қарсы қорғау жүйелерінің іске қосу құрылғыларында олардың мақсаты мен қолданысқа келтіру тәртібі туралы ілулі тақтайшаның болуы	болмашы
233	Табиғи жарықтандыруы жоқ эвакуациялау жолдарының электр жарығымен тұрақты жарықтандырылуын қамтамасыз ету, сондай-ақ жарықтың қозғалысқа жарық диодтан қосылу мүмкіндігінің болуы	өрескел
234	Түтінге қарсы қорғау жүйесіне кіретін есіктерде жарамды өздігінен жабылатын құрылғылар мен тығыздағыш төсемшелердің болуы	өрескел
235	Өрт шыққан жағдайда автосатыларды орнатуға арналған алаңдарға құрылыс салынуын, жабдықтармен, автокөлікпен үймелеуге жол бермеу	едәуір
236	Тұйық жабындарда және түтінденбейтін саты торларын үй-жайлардан, өту жолдарынан, өрт қауіпті үй-жайлары бар жертөлелерден бөлетін қабырғаларда есік ойықтарын орнатуға жол бермеу	өрескел
237	Автоматты өрт хабарлағыштарын бояуға, тұсқағаздармен желімдеуге жол бермеу	едәуір
238	Ортақ дәліздерде түтін жоюға кедергі келтіретін жабындарды орнатуға жол бермеу	едәуір
239	Балкондар мен лоджиялардың қоршауларын жанғыш материалдармен қаптауға жол бермеу	өрескел
240	Тұрғын үй пәтерлері мен жатақхана бөлмелерінде жарылыс, өрт қауіпті заттар мен материалдар қолданылатын және сақталатын әр түрлі шеберханалық және қоймалық үй-жайларды орнатуға, сондай-ақ басқа мақсатқа арналған үй-жайға жалға беруге жол бермеу	едәуір
241	Жатақханаларда (тұрғын үй-жайлардан басқа) темекі шегуге арналған орындар " Темекі шегуге арналған орын" деген жазумен, жанбайтын материалдардан жасалған урналардың немесе темекі күлін салғыштардың болуы	болмашы
242	Түтінге қарсы қорғау жүйесін қабылдағаннан кейін жүйемен басқару қалқанын токтан ажыратуға жол бермеу	едәуір

243	Өртке қарсы қорғау жүйесін баптағанға дейін жаңадан салынған ғимаратты пайдалануға жол бермеу	едәуір
244	Балкондар мен лоджияларда эвакуациялау есіктерін, люктерді, сондай-ақ аралас секцияларға адамдардың өтуіне арналған өткелдерді қатты бекітуге және эвакуациялау сатыларына шығу жолдарын жиһазбен, жабдықпен үймеелеуге жол бермеу	өрескел
245	Түтінденбейтін саты торларына әйнек салуға немесе жалюзіі мен әуе аймақтарын бекітуге жол бермеу	өрескел
246	Ауа өткізгіштердегі отты бөгейтін құрылғылардың (жапқыштар, шиберлер, клапандар), автоматты өрт сигнализациясы немесе өрт сөндіру құрылғылары бар желдеткіш жүйелерінің бұғаттау құрылғыларының, өрт кезінде желдеткішті автоматты ажырату құрылғыларының жарамды жай-күйі	өрескел
11. Автомобиль жанар-жағармай құю станцияларына және газ толтыру станцияларына (стационарлық және жылжымалы) қойылатын талаптар		
247	АЖС ғимаратын орталық жылу беру жүйесімен жабдықтау. Автожанармай құю станциясының үй-жайларында зауытта дайындалған, өрт қауіпсіздігі талаптарына сай майлы электрмен жылыту аспаптарын жанғыш конструкциялар мен материалдарға дейінгі тиісті қашықтықты сақтай отырып пайдалануға. Жылыту аспаптары мен әр түрлі құбыр өткізгіштерге жанғыш материалдарды (арнайы киімді, сүрту материалын) қоюға, сондай-ақ жылыту аспаптарында киім мен аяқ киімді кептіруге жол бермеу. Автожанармай құю станциясының аумағы мен ғимараттарында жылу беру қондырғылары мен ашық от қолданылатын құрылғыларды пайдалануға жол бермеу	едәуір
248	Автожанар-жағар май құю станциясының аумағына кірердің алдында оның аумағында көлік қозғалысын ұйымдастыру схемасының және жүргізушілер мен жолаушыларға арналған өрт қауіпсіздігі шараларын сақтау туралы талаптарымен стендтердің болуы	едәуір
249	Автожанар-жағар май құю станциясының аумағында шылым шегуге жол бермеу	өрескел
250	Автожанар-жағармай құю станциясының барлық үй-жайларының есіктерінде, сондай-ақ сыртқы қондырғыларда : 1) жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша үй-жайлардың санаты; 2) жарылыс қауіптілігінің немесе өрт қауіптілігі аймақтарының сыныбы; 3) өртке қарсы жай-күйге жауапты жұмыскердің тегі, аты-жөні 4) өртке қарсы қызмет бөлімшелерін шақыру телефонының нөмірі көрсетілген жазбаның болуы	болмашы
251	Жанып жатқан көлік құралын автожанар-жағар май құю станциясының аумағынан шұғыл эвакуациялау үшін кемінде 3 метрлік қатты буксирлік штангінің болуы	едәуір
252	Автожанар-жағар май құю станциясы ауыл шаруашылығы дәнді-дақыл алқаптарының жанында орналастырылған кезде жалынның (бидай, мақта) дала алқаптарына таралуы мүмкін, автожанар-жағар май құю станциясы шекарасының бойымен ені кем дегенде 4 метрлік жер жыртудың болуы	болмашы
11.1 Технологиялық жабдықты пайдалану		
253	Технологиялық жабдықты : 1) отынның ағуы болғанда ; 2) бақылау және реттеу аспаптары болмағанда, жарамсыздық болғанда, ажыратылғанда немесе тексеру мерзімі өтіп кеткенде; 3) кез келген жарамсыздық кезінде пайдалануға жол бермеу	өрескел
254	Технологиялық жабдыққа автожанармай құю станциясының өрт қауіптілік дәрежесін арттыратын конструктивті өзгерістер енгізуге жол бермеу	едәуір

255	Негізгі және қосалқы технологиялық жабдықта статикалық электрден қорғаудың болуы	өрескел
256	Фланецтердің, келте құбырлардың, штуцерлердің және атмосферадан отын мен оның буын бөлетін басқа да құрылғылардың қақпақтары мен келте құбырлары арматурамен жанасу орындарында ұшқын шығармайтын және мұнай өнімдері мен қоршаған ортаның әсеріне тұрақты төсемдердің болуы	өрескел
257	Отын сақтауға арналған резервуарлар деаэрация желілердің болуы. Деаэрация желілерінің құбыр өткізгіштері кез келген уақытта жұмыс жасау қабілетін сақтай алатын от бөгейіштермен немесе қоса салынған от бөгейіштері бар тыныс алу клапандарымен жарактау	өрескел
11.2 Жөндеу және регламенттік жұмыстарды жүргізу		
258	Жанғыш бу-ауа қоспалары түзілетін аймақтарда жұмысты ұшқын шығармайтын киім мен аяқ киімде ұшқынға қауіпсіз аспаппен орындау	едәуір
259	Автожанармай құю станциясының технологиялық жүйелерінің герметикалығына пневматикалық сынаулар жүргізу үшін (резервуардың қабырға аралық кеңістігі, резервуардың ішкі кеңістігі, құбыр өткізгіштігі) жанбайтын газдар (азот, көмір қышқыл газы) пайдалану	едәуір
260	От бөгейішті немесе онымен жабдықталған тыныс алу клапанын деаэрация жүйесі құбырының шығу жолында осы құбыр өткізгішті тығын арматурасымен герметикалық жабынсыз алуға жол бермеу	өрескел
261	Автожанармай құю кешендерінің аумағында, ғимараттарында, құрылыстарында, үй-жайларында, технологиялық жүйелерінде жөндеу жұмыстарын жүргізуге объектінің басшысы жазбаша рұқсаттың болуы	болмашы
11.3. Отынды қабылдау және беру жабдығы		
262	Автоцистерналардан отын құю жабық схема бойынша қамтамасыз ету	едәуір
263	Автожанармай құю станциясына отыны бар автоцистерналар кірген кезде оның аумағынан барлық көлік пен бөгде адамдарды шығаруды қамтамасыз ету. Бір мезгілде екі және одан да көп автоцистерналардың болуына тыйым салу.	болмашы
264	Автоцистернадан жанар-жағар май құю операциясын автожанармай құю станциясының кемінде екі жұмыскері және мынадай талаптарды орындағанда жүргізіледі: 1) автоцистерналарға арналған жанармай құю алаңында әрқайсысының көлемі кемінде 100 литр жылжымалы ауа-көбікті өртсөндіргіштің болуы; 2) автоцистерналардың жанармай құю алаңдарынан мұнай өнімдерімен ластанған атмосфералық жауын-шашын қалдықтарының науасы жабылады және отын төгілуін авариялық резервуарға бұру құбыр өткізгішін ашу; 3) автоцистерналарды жерге тұйықтау	едәуір
265	Жерге тұйықталатын өткізгіштерді автоцистернаның боялған және ластанған металл бөліктеріне қосуға жол бермеу	едәуір
266	Жұмыс істеп тұрған қозғалтқыштары бар көлік құралдарына жанармай құюға жол бермеу	өрескел
267	Егер қолданылатын технологиялық жүйеге келісілген және бекітілген техникалық шарттар мен техникалық пайдалану құжаттамасында көзделмеген болса, жер асты резервуарларымен көлік құралдарының өтуіне жол бермеу	едәуір
268	Найзағай болғанда және атмосфералық разрядтардың пайда болу қауіптілігі болған уақытта резервуарларға отын құюға және тұтынушыларға отын беруге жол бермеу	өрескел
269	Бензин қабылдау, сақтау немесе беру операциялары жүзеге асырылатын автожанармай құю станциясының аумағына ұшқын өшіргіштермен жабдықталмаған тракторлардың өтуіне жол бермеу	өрескел

270	Автожанармай құю станциясының жабдығын, ғимараттары мен құрылыстарын жөндеумен тікелей байланысы жоқ жөндеу жұмыстарын жүргізуге жол бермеу	едәуір
271	Жолаушылары бар көлік құралдарына (кемінде төрт есікті жеңіл автомобильдерден басқа) жанармай құюға жол бермеу	едәуір
272	Жарылғыш заттар, сығымдалған және сұйытылған жанғыш газдар, тез тұтанатын сұйықтықтар мен жанғыш сұйықтықтар, тез тұтанатын материалдар, улы және радиоактивті заттар мен басқа да қауіпті заттар мен материалдар тиелген көлік құралдарының кіруіне жол бермеу	едәуір
11.4 Жылжымалы автожанар-жағармай құю станциялары		
273	Жылжымалы автожанармай құю станцияларын арнайы бөлінген алаңдарға орналастыру	едәуір
274	Арнайы бөлінген алаңдағы жылжымалы автожанармай құю станцияларын пайдалануды бастамас бұрын: 1) бақылау-өлшеу аспаптары арқылы және көзбен шолу станцияларының герметикалығы тексеріледі; 2) автожанармай құю станцияларының жерге қосатын өткізгіші алаңның жерге тұйықтау құрылғысына қосылады; 3) көлік құралының отын бағының астына қою үшін тұғырлар дайындалады; 4) көлік құралдарының автожанармай құю станцияларына өтуін шектейтін кемінде 1 метр тосқауылдар орнатылады; 5) ескерту белгілері мен ақпарат қалқаны орнатылады	едәуір
12. Моншалар мен хауыздарға қойылатын талаптар		
275	Құрғақ ыстық камерасынан соратын ауа өткізгіштің оңашалануын және тікелей сыртқа шығарылуын жасау	едәуір
276	Қолдан жасалған жылу электр қыздырғыш қондырғыларын орнатуға жол бермеу	өрескел
277	Ажыратылған немесе жарамсыз термо реттегіші бар тас пешті пайдалануға жол бермеу	өрескел
278	Хауыздардың үй-жайларында арнайы жабдықталған орындардан басқа жерлерде тұрмыстық электр қыздырғыш аспаптарын қолдануға жол бермеу	өрескел
13. Қонақ үйлерді, мотельдерді, кемпингтерге қойылатын талаптар		
279	Мемлекеттік және орыс тілдерінде және басқа да тілдерде ілінген өрт қауіпсіздігі талаптарымен жаднамалардың болуы	болмашы
280	Қонақ үйлердің, мотельдердің, кемпингтердің нөмірлерінде және жатақханалардың есіктерінің ішкі жағында өрт болған жағдайда эвакуациялау жолдарының жоспарында нөмірлері немесе бөлмелері, эвакуациялау жолдары мен қозғалыс бағыты, өрт сөндіру құралдарын орналастыру орны мен қажетті түсіндірме мәтіні бар сигнализациясы көрсетіліп, адамдарды эвакуациялаудың жеке жоспарларының болуы	болмашы
281	Қонақ үйлердің тұрғын қабаттарында қоймалар, кеңселер, конторлар орналастыруға жол бермеу	едәуір
282	Қонақ үйлердің, кемпингтердің, мотельдердің ғимараттарының қызмет көрсетуші персоналының жұмыс орнында сақталатын тыныс алу органдарын жеке қорғау құралдарымен және электр шамдарымен қамтамасыз етілуі	едәуір
14. Жазғы демалыс үйлері мен аймақтарына, сауықтыру лагерьлері мен туристік базаларға қойылатын талаптар		
283	Балалардың сауықтыру лагерьлерінің ағаш ғимараттарын бір қабаттан жоғары орнатуға жол бермеу	едәуір
284	Жанбайтын жабыны мен жылытқышының болуы, каркас және қалқан ғимараттарды сылаудың болуы	өрескел

285	Ғимараттарды тез тұтанатын материалдармен (сабанмен, жанқамен, қамыспен, жоңқамен) жабуға жол бермеу	өрескел
286	Балалармен қамтылған ағаш ғимараттарда асханалар, кір жуу орындарын орнатуға жол бермеу	едәуір
287	Жанғыш конструкциялардан жасалған ғимараттарда 50-ден астам балаларды орналастыруға жол бермеу	өрескел
288	Жазғы кезеңде балалар жұмыс істейтін үй-жайларда пеш жағуға, керосинді және электрлік қыздыру құралдарын қолдануға жол бермеу	өрескел
289	Балалардың жазғы демалыс орындарындағы және сауықтыру лагерьлеріндегі кір жуатын бөлмелер мен асханаларды балалар орналасқан ғимараттан 15 метр қашықтықта оқшау құрылыстарға орналастыру	өрескел
290	Балаларды сыртқы өртке қарсы сумен жабдықтаумен қамтамасыз етілмеген балалардың жазғы демалыс орындарында, сауықтыру лагерьлерінде орналастыруға жол бермеу	едәуір
291	Балалардың жазғы демалыс орындары, жазғы сауықтыру лагерьлері телефон байланысымен, өрт болған жағдайда берілетін сигнал белгісімен және бастапқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етілуі. Қызмет көрсетуші персоналдың тәулік бойы кезекшілігінің болуы	едәуір
15. Мәдени-ойын-сауық және спорт мекемелеріне қойылатын талаптар		
292	Көрермен залдары мен мінбелерде барлық креслолар мен орындықтардың арасын қосу және еденге мықтап бекіту	едәуір
293	Сахналық қораптардың ағаш құрылымдарын (желтартқыштар, сахна төсемелері, аспалы көпірлер, жұмыс галереялары) антипирендермен қанық сіңіру, сондай-ақ жанғыш декорациялар, сахналық және көрмелік безендірулер, көрермендік және экспозициялық залдардағы маталы перделерді, фойелерді, буфеттерді өңдеу	өрескел
294	Ойын-сауық театр мекемелерінің сахналық қораптарының шегінде бір мезгілде екі қойылымға арналғаннан артық декорациялар мен сахна құралдарының болуына жол бермеу. Декорацияларды, бутафорилерді, ағаш станоктарды, бөктерлерді, құрал-саймандарды және басқа да заттарды трюмаларда, желтартқыштарда және жұмыс алаңдарында (галереяларда), саты баспалдақтарының және алаңдарының астында, жертөлелерде және көрермен залдарында сақтауға жол бермеу	едәуір
295	Сахна планшетінің айналасын безендіру кезінде ені кемінде 1 метр болатын еркін айналма өту жолымен қамтамасыз ету	едәуір
296	Сахнада темекі шегуге, ашық оттарды (алауларды, май шамдарды, үлкен шырағандарды), доғалық прожекторларды, отшашулар мен басқа да от түріндегі әсерлерді қолдануға жол бермеу	өрескел
297	Көрермендерге арналған уақытша орындардың (жылжымалы, алынатын, жиналып бөлшектелетін) жасалуына жол бермеу, сондай-ақ жабық және ашық спорт құрылыстарының мінбелеріндегі орындықтарды жану кезінде қауіптілігі жоғары заттар бөліп шығаратын синтетикалық материалдардан жасауға жол бермеу	едәуір
298	Эвакуациялау жолдарында қосалқы орындықтарды орнатуға жол бермеу	өрескел
299	Спорттық-көркемдік мерекелерді, халықаралық жарыстарды немесе басқа халықаралық іс-шараларды, сондай-ақ мәдени ойын-сауық іс-шараларды ашу және жабу кезінде мінбелерде аясын орналастыруға арналған эвакуациялау люктеріндегі уақытша орындықтарды алмалы-салмалы етіп жасау	өрескел
300	Спорт залдарындағы көрермендерге арналған креслоларды тұрақты және уақытша мінбелерден көрермендердің қарама-қарсы немесе қиылысатын легі болатындай етіп қоюға жол бермеу	өрескел

301	Жабық спорт құрылыстарында көрермендердің отыруына арналған уақытша конструкцияларды бекітуге, сондай-ақ тұғырларды, эстрадаларды, рингтерді бекітуге арналған аспаптарды ақаусыз күйде ұстау	өрескел
302	Спорттық құрылыстарында телевизиялық камераларын орнату орындары мінбелер қатарының арасындағы өтетін жолдарға орнатылмауы және өрт кезінде адамдарды эвакуациялауға кедергі келтіруіне жол бермеу	өрескел
303	Көрермендерге арналған мінбелері бар спорттық залдарда жасанды мұз жабындылары болған жағдайда мұз тазалайтын машиналарды (жарыстарды, ойындарды, жаттығуларды, дайындықтарды өткізу кезеңінде) уақытша тұрақтандыруға арналған орындармен қамтамасыз ету	едәуір
304	Көлемі кемінде 100 м ² қатарларды алатын спорт керек-жарақтарын, залдардың жинау-бөлшектеу конструкцияларын, залдардың алмалы-салмалы жабындарын және басқа материалдарды сөрелері жоқ жерлерде сақтауға жол бермеу	едәуір
305	Қаруларды тазалауға арналған үй-жайларда майланған шүберекті жинауға арналған металл жәшіктің болуы	болмашы
306	Спорт залдарда жанғыш материалдарды, сондай-ақ конструкциялары жанғыш материалдардан жасалған үй-жайларды металл және ағаш көтергіш конструкцияларды бекіту тораптарының астына тікелей орнатуға жол бермеу	едәуір
307	Софиттер мен рампаларды тек жанбайтын материалдармен монтаждалуын қамтамасыз ету	едәуір
308	Тұғырдың (эстраданың) ағаш рампасы мен электр шамдарының қаптамалары арасында қалыңдығы 8-10 миллиметр төсеме салынады, ал эстрадаға немесе тұғырларға орнатылған барлық тасымалданатын электр шамдары (кішкентай шамдар) сыртқы жағынан жанбайтын материалдармен қорғалады	едәуір
309	Барлық софиттерге жарық жағынан шамдардың әйнектерінің және лампалардың жарылған қолбаларының сынықтарының түсуін болдырмайтын қорғайтын металл торлар орнатылуын қамтамасыз ету	едәуір
16. Ғибадат ету объектілеріне қойылатын талаптар		
310	Шам қойғыштар, шырақтар және ашық от қолданылатын жарықтандыру жабдығы жанбайтын табандарға орнату	өрескел
311	Қызметтер мен салттарды жүргізу үшін ашық от көздерін пайдалануға жол бермеу: 1) жану тобы Г1-Г4 материалдардан жасалған көлденең қоршау конструкцияларынан 0,7 метр; 2) жану тобы Г1-Г4 материалдардан жасалған тік қоршау конструкцияларынан 0,5 метр	өрескел
312	Діни құрылыстарда от жұмыстарын жүргізуге (пеш жағу, дәнекерлеу және от жұмыстарының басқа да түрлері), салттар мен ырымдарды жүргізу кезінде жанғыш сұйықтықтарды толтырып құюға жол бермеу	өрескел
313	Қызмет етушілер санына тең көлемде тыныс алу органдарын қорғаудың дұрыс жеке құралдарының болуы	едәуір
17. Мұнай-газ өндіруші өнеркәсіп объектілеріне қойылатын талаптар		
314	Мұнай базасының, құю және сору станцияларының аумағын кемінде биіктігі 2 метр болатын жанбайтын материалдан жасалған дуалмен қоршау	болмашы
315	Опырылып құлаған резервуар орнына ағаштар мен бұталардың отырғызылуына жол бермеу	болмашы
316	Объекті аумағында алау жағуға, қоқыс пен қалдықтарды өртеуге, шырақ, керосинді шам және тағы да басқа ашық от көздерін қолдануға жол бермеу	өрескел

317	Орнатуға бөлінген аумақтарды жер үстіндегі және жер астындағы құбыр жолдарынан , кәбілдерден босату, ағаштан, бұтадан, шөптерден тазарту және жоспарлау	едәуір
318	Жер үстіндегі құрылыстардың айналасында көліктің және өрт техникасының қозғалуы үшін ені 10-12 метр алаңша тегістеледі	едәуір
319	Аумақтардың жоспарлауы сұйықтықтарды сағасынан және жер үстіндегі құрылыстардан арнайы қоймаларға (торға) бұрып ағызудың болуы	едәуір
320	Отын құятын ыдыстар мен қондырғыларды жер үсті үй-жайлардан, жабдықтардан, құбыр жолдарынан 20 метр жақын емес орналастыру	едәуір
321	Отын қондырғылары сорғыларымен, ыдыстар сақтандыру және тыйым салу жазулары (белгілері) бар деңгей өлшеуіштермен жабдықтау	едәуір
322	Орнату орындарында кіреберіс жолының және жанғыш-майлау материалдарының сақталу мөлшері көлемінен топырақпен үюдің болуы	едәуір
323	Жанғыш өнімдерді соратын сорғылар мен компрессорлардың сорғыш және айдағыш жолдарында тиек, кесу және сақтандыратын құрылғылардың болуы	едәуір
324	Жанар-жағармай және тез тұтанатын материалдарын өрт, жарылыс қауіпті құрылыстардың ішінде сақтауға жол берілмейді	өрескел
325	Іштен жану қозғалтқыштарының пайдаланылған сызықтарын ұңғыманың аузынан кемінде 15 метр, жасырын пана (негіз) қабырғасынан 5 метр және шатырдың (аспаның) жоғарғы жағынан 1,5 метр қашықтыққа шығару	өрескел
326	Қабырғалар, жабындар, шатырлар (аспалар) арқылы пайдаланылған желілер өтетін жерлерде құбырдың кемінде үш диаметрінен тесіктің болуы. Жылу оқшаулағыш төсеменің жанбайтын бөлгішінің болуы	едәуір
327	Пайдалану құбырларын ұшқын өшіргіштермен жабдықтау	едәуір
328	Өрт қауіпті және жарылыс қауіпті үй-жайларда, негіздердің астында, газ қауіпті жерлерде, жанар-жағармай материалдарын, мұнай өнімдерін, жанғыш заттар мен реагенттерді сақтауға арналған ыдыстардың жанында ашық отты пайдалануға және темекі шегуге жол бермеу.	өрескел
329	Газданған, жанар-жағармай материалдарымен, мұнай өнімдерімен ластану болған жағдайларда газ қауіпті, отты және дәнекерлеу жұмыстарын жүргізуге жол бермеу	өрескел
330	Күштік, бұрғылау және мұнай кәсібі жабдықтарын, жабындар, объектінің басы мен аумағын тұрақты өрт қауіпсіз жағдайда ұстау, күйеден, жанар-жағар май материалдарының, мұнай өнімдерінің төгілуінен ұдайы тазарту	едәуір
17.1 Ұңғымаларды бұрғылау және пайдалану бойынша жұмыс жүргізу кезінде қойылатын талаптар		
331	Пайдаланылған құбырларда ұшқын өшіргіштер болғанда мұнай және қышқыл ванналарын орнату, зерттеу және авариялық жұмыстар кезінде қолданылатын арнайы техника қолдану	өрескел
332	Ұңғыманы игергенде жылжымалы компрессорды ұңғыманың жел жағынан кемінде 25 метрден қашықтыққа орнату	едәуір
333	Ұңғыманы мұнаймен жуып шайғанда агрегатты сағасынан кемінде 10 метр қашықтыққа орнату	едәуір
334	Газ және газ конденсатты ұңғымаларына сұңғылау арқылы игеру, ал атқылама ұңғымаларды науалармен қауғалауға жол бермеу	едәуір
335	Ұңғымаларды жылжымалы агрегаттармен игергенде игеру үшін де, ұңғыманы бекіту жағдайында да қажетті агрегаттар санын жұмыс манифольдына косу мүмкіндігімен қамтамасыз етілуі	едәуір
336	Тұтануды (өртенуді) болдырмау үшін ашық арықтар арқылы жалпы қоймалар мен торларға мұнайды ағызу құрылғысын жіберуді болдырмау	едәуір

337	Ұңғымадан компрессорға мұнай мен газдың түсуінің алдын алу үшін ұңғымалардың жанында, газ бен ауаны тарату будкаларынан желілерде кері клапандар орнату	едәуір
338	Газ таратушы будкалардың сыртқы жағында "Газ! От қауіпті!" деген жазудың болуы	болмашы
339	Жылжымалы компрессорлардың іштен жану қозғалтқышының (ГЖҚ) пайдаланылған құбырлары ұшқын сөндіргіші бар өшіргіштермен жабдықтау	едәуір
17.2 Компрессорлық станциялар		
340	Соңғы сатының шығарып тастау желісінде компрессордың қысылғаны (компрессор ғимаратынан тыс) жұмыс қысымын 10% асатын, қысымның әсерінен іске қосылатын сақтандырғыш құрылғысын орнату	едәуір
341	Компрессор жабдығының қалыпты жұмыстан параметрлердің ауытқу сигнализациясы, сондай-ақ жағылып жатқан газдың (ауаның) қысымы мен температурасы көтерілгенде, салқын судың келуі тоқтағанда және қабылдау мен майлау жүйесіндегі қысым түскен кезде автоматты ажыратқышы болуы қажет	едәуір
342	Газ компрессорлық үй-жайларында компрессорлық қондырғылардың жұмысына қатысы жоқ аппаратура мен жабдықты орналастыруға жол берілмейді	едәуір
343	Ауа компрессорлары үшін жанғыш булар мен газдар бөлінетін орындарда, сондай-ақ тұтану көздерінің ықтимал пайда болу орындарында ауа жинауға жол бермеу.	едәуір
344	Жерге тұйықтайтын өткізгіштер мен оларды дәнекерлеу орындарын қарау үшін қол жетімділіктің қамтамасыз етілуі	едәуір
345	Жерге тұйықтайтын өткізгішке болаттан жасалған арқанды пайдалануға жол бермеу	едәуір
346	Кез келген кернеудегі электр беру желілерінің астынан басқару станцияларын, автотрансформаторларды, трансформаторларды орнатуға жол бермеу	едәуір
347	Орталықтан сыртқа тебетін батыру электр сорғылардың электр жабдығын орнату үшін үй-жай немесе будка жанбайтын материалдан жасау	едәуір
17.3 Мұнай және газ өндіруді қарқындату		
348	Өндіруді қарқындату әдістерін ескере отырып әзірленген ықтимал авариялар мен өртті жою жоспарының болуы және көрінетін орында іліп қою	болмашы
349	Өндіруді қарқындату әдістері жүзеге асырылатын объектілер кәсіпорынның орталық диспетчерлік пункті бар сенімді телефон немесе радио байланысымен қамтамасыз етілуі	едәуір
350	Байланыс құралдарында атаулары мен сигнал беру тәртібі, өрт сөндіру бөлімінің, жедел жәрдем, газдан қорғау қызметінің басшылары мен жауапты адамдарын шақыру көрсетілген тақталарын іліп қою	болмашы
351	Агрегаттар мен автоцистерна ыдыстарының ішіндегі мұнай мен химиялық реагенттердің қалдықтарын өнеркәсіптік кәрізге құюға жол бермеу	едәуір
352	Өртке қарсы мүкәммал мен жабдықтарды, авариялық және газдан қорғау құралдарын тікелей мақсатына арналмаған жұмыстарда қолдануға жол бермеу	болмашы
353	Көбік реагенті және басқа да жанғыш химиялық заттар бар ыдыстарда "От қауіпті" деген жазу болады	болмашы
354	Найзағай жарқылдаған кезде көбік реагенті мен басқа да жанғыш заттарды құйып төгуге жол бермеу	өрескел
355	Реагентті қабатқа соруға арналған жылжымалы технологиялық жабдық, қажет болған жағдайда қауіпті аймақтан шығуды және персоналды эвакуациялауды қамтамасыз ету үшін жердің бедері мен желдің бағыты ескеріліп орналастыру	едәуір
356	Жылжымалы жабдықты, сорғыш қондырғыларды электр өткізгіштердің әуе желілерінің қорғау аймағы шегінде немесе мұнай, газ желілерінің үстіне орналастыруға жол бермеу	едәуір

357	Пештерді белгіленген шектерде мұнайды ысыту температурасын реттейтін, сондай-ақ дайындаушымен көзделген газ қысымы көтеріліп немесе төмендегенде оттыққа газ беруді ажырататын автоматты құрылғылармен жабдықтау	едәуір
358	Отын құбыры жолында ретке келтірілген, қысқартатын құрылғымен және оттықта сақтандырғыш клапанмен, сондай-ақ бақылау-өлшегіш аспаптарына конденсат түсуінің алдын алу арналған құрылғымен жабдықтау	өрескел
359	Техникалық қозғалыс құралдарын (автомобильдері, тракторлары) ұшқын өшіргіштермен жабдықтау	өрескел
360	Ыстық мұнай ыдысын сағасының ық жағынан 10 метр қашықтықта орнату	едәуір
361	Компрессорлар мен электр жабдығы 10 метр, ал іштен жану қозғалтқышы бар компрессор ұңғыманың сағасынан 25 метр қашықтықта орнату. Іштен жану қозғалтқышының пайдаланылған өнім құбырын ұшқын өшіргішпен жабдықтау	едәуір
362	Газ конденсаты бар автоцистерналарда немесе басқа ыдыстарда "От қауіпті" деген белгінің болуы	болмашы
363	Конденсатты автоцистернаға құю, ағызу алдында оны жерге тұйықтау. Тұйықтаушы құрылғыны ағызу немесе құю аяқталғанша ажыратуға жол бермеу	едәуір
364	Агрегаттар мен автоцистерналарды ұңғыманың құйылысынан 25 метр қашықтықта және жел жағынан бір-бірінен 6 метр аспайтын қашықтықта орнату.	едәуір
365	Қабат ішіндегі жылжымалы жану мөлшері әдісімен қабатты өңдеу жүзеге асырылатын учаске аумағын ескерту плакаттарымен жабдықтау және қызыл жалаушасы бар, металдан жасалған пикеттермен қоршау	едәуір
17.4. Мұнай мен газды сақтау және тасымалдау		
366	Жылу оқшаулағыш жабдықтар үшін жанбайтын материалдар қолдану	
367	Басқыштары, сепараторлары және басқа аппараттарын қызмет көрсетуге арналған сатылармен және алаңшалармен жабдықтау	едәуір
368	Мұнай және құм ұстағыш құрылыстар жанбайтын материалдардан болуы тиіс. Ашық мұнай ұстағыштың айналасында биіктігі кемінде 1 метр қоршаудың болуы	едәуір
369	Авария немесе өрт шыққан жағдайларда мұнай құюға арналған құрылғылар іске жарамды болуы тиіс. Авариялық құю ысырмаларының айыратын белгілері болуы, ал жағалаулары бос болуы тиіс.	өрескел
370	Мұнай соруға арналған сорғы үй-жайын ұшқын қауіпі жоқ түрде орындалған еріксіз құйып тартып алу желдеткішімен жабдықтау	едәуір
371	Желдеткіш бұзылған немесе өшірілген жағдайда сорғыларды жұмысқа қосуға жол бермеу	өрескел
372	Іштен жану қозғалтқышын орналастыруға арналған үй-жайларын сорғыларға арналған үй-жайлардан газ өтпейтін қабырғалармен бөлу	өрескел
373	Тез тұтанатын сұйықтықтарға сорғы орнатылған үй-жайларда тегіс белдікті берілісті қолдануға жол бермеу	өрескел
374	Сорғылардың астында майлау материалдарының жиналуына, ағуына және шашырауына жол бермеу. Сорғы үй-жайларының едендерін таза ұстап, үнемі сумен шаю	өрескел
375	Сорғы бөлмелерінде майлау материалдарын бір тәуліктік қажеттіліктен аспайтын мөлшерде ғана, қақпақтары бар арнайы металл бөшекелерде немесе жәшіктерде сақтау	едәуір
376	Сорғы бөлмелерінде тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды сақтауға жол бермеу	едәуір
377	Құбыр жолдарын үрлегенде және сынағанда аймақ шегінде автомобильдердің, тракторлардың жұмыс істеп тұрған қозғалтқыштармен ілінісуіне, сондай-ақ ашық отты пайдалануға және темекі шегуге жол бермеу	едәуір

17.5 Мұнай өнімдерін соруға арналған сорғы станциялары		
378	Ішкі жану қозғалтқыштарын орналастыру үй-жайын сорғыларға арналған бөлмеден газ өткізбейтін жанбайтын қабырға арқылы бөлу	өрескел
379	Мұнай өнімдерінің жиналуына жол бермеу. Төгілген мұнай өнімдерін жою үшін сорғы станцияларын резеңке шлангалы су тіреушелерімен жабдықтау	едәуір
17.6 Ағызып құятын эстакадалары		
380	Эстакаданың жұмыс және эвакуациялау сатыларын жарамды күйде ұстау	өрескел
381	Автоқұю эстакадаларының жедел алаңын қатты жабынмен жабу және әртүрлі сұйықтықтардың гидравликалық қақпақ арқылы өндірістік-нөсерлік кәрізге немесе арнайы жинағышқа тоқтаусыз ағынының болуы	едәуір
382	Жедел алаңда бір мезетте болатын машиналардың кәсіпорын әкімшілігі белгіленген санының болуы	болмашы
383	Автоқұю эстакадасында өрт болған кезде автоцистерналарды тіркеу үшін арқан немесе штанганың болуы	едәуір
384	Тепловоздардың кіруіне тыйым салынған темір жолдардың жеке тұрған тіреушелерінің (ара қашықтықта екі ості екі немесе төрт ості бір вагон) немесе құю-ағызу жабдықтарының екі жағынан да бақылау бағаналары-сигналдық белгілердің болуы	болмашы
385	Жеңіл тұтанатын мұнай өнімдері үшін темір жол құю-ағызу эстакадаларындағы өтпелі көпірлерді тез тұтанатын мұнай өнімдерінің жасырын болттарымен ағаш жастықтармен жабдықтау	едәуір
386	Теміржолдардың, эстакадалардың, құбырлардың, телескопты құбырлардың және шлангалардың ұштарының жерге тұйықтағышының болуы. График бойынша кемінде жылына бір рет жерге тұйықталған құрылғылардың кедергісін жүргізу	едәуір
17.7 Газды өңдейтін өнеркәсіп объектілері		
387	Жанғыш булар мен газдар жиналатын зауыт аумағының учаскелерінде автомашиналардың, тракторлардың, мотоциклдардың қозғалуына жол бермеу	өрескел
388	Жарылыс қаупі және газ қауіпті жерлерде темірмен тағаланған аяқ киіммен жұмыс істеуге жол бермеу	едәуір
389	Доңғалақтармен жүретін, А және Б санатты жарылыс қауіпті цехтарда орналасқан көлік арбаларының доңғалақтарын соғылғанда ұшқын шығармайтын, металдан жасалған шеңберлермен немесе резеңке шиналармен жабдықтау. Кәріздің көру құдықтарын үнемі қақпақпен жауып ұстау және қабаты 10 сантиметр құммен көму	өрескел
390	Өрт кезінде өнеркәсіптік кәріз желісі бойынша оттың таралуына жол бермеу үшін онда арнайы құдықтарда гидравликалық ысырмаларды орнату	өрескел
391	Барлық технологиялық аппаратуралары бар үй-жайлардың шығыңқы бөліктеріне, технологиялық қондырғылар алаңшаларына, жеке тұрған резервуарлар мен топтарда, ысырмалардың тораптарына, аппараттар, сорғыштар, қазандық, ағызу-құю эстакадаларының топтарына гидравликалық ысырмаларды орнату	өрескел
392	Гидравликалық ысырмалары бұзылған немесе дұрыс орындалмаған, сондай-ақ олар жоқ кәрізді пайдалануға жол бермеу	өрескел
393	Өрттен және жарылу қаупі бар өнімдерді кәріз жүйесіне шығаруға жол бермеу. Бұл мақсаттарға арнайы ыдыстардың болуы	едәуір
394	Жарылыс қауіпті өндірістік үй-жайларда орнатылған желдеткіш жүйелерінің металдан жасалған ауа бұрғыштарының жерге тұйықталудың болуы	өрескел
395	Жарамсыз желдеткіш кезінде жабдықты жұмысқа қосуға жол бермеу	едәуір

396	Жанғыш және жарылыс қауіпті газдары бар, аппаратура және коммуникациялар орналасқан жабық үй-жайларда желдеткіштің тәулік бойы жұмыс істеуін қамтамасыз ету	едәуір
397	Зиянды немесе жарылыс қауіпті газдардың немесе будың кенеттен қарқынды бөлінуі ықтимал өндірістік үй-жайларда механикалық авариялық желдеткіштің болуы	едәуір
398	Газ талдағыш тетігінің әсерінен авариялық механикалық желдеткішті автоматты түрде қосылуын қамтамасыз ету, өндірістік үй-жайдың сыртқы есігінде орналасқан түймелерден авариялық желдеткішті қашықтықтан іске қосудың бар болуы	едәуір
399	Темір жол цистерналарын толтыруға арналған эстакадалардың құю бағаналарының жерге тұйықталуының болуы. Құю-ағызу фронттары шегінде темір жол рельстері бір-бірімен темір электр арқылы қосу және электр күшінің желісін жерге тұйықтауға қатысы жоқ жерге тұйықтау құрылғысына қосу	едәуір
400	Жанғыш газдарды, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды құятын автоцистерналарды жерге қосу құрылғыларына қосу. Жерге қосу өткізгіші ретінде қимасы кемінде 6 шаршы метр иіlmелі (көп желілі) жез өткізгішін қолдану	едәуір
401	Жылына 2 рет найзағайдан қорғау құрылғыларын тексеру	болмашы
17.8 Технологиялық аппараттар мен қондырғыларды ұстау		
402	Өнімді фланецгі қосылулардың саңылауы арқылы өткізген кезде аппараттарды, құбыржолдарды және жабдықтарды пайдалануға жол бермеу	едәуір
403	Аппараттар мен ыдыстардың жанғыш беттерін жанбайтын материалдардан жасалған жарамды жылу окшаулағышпен қамтамасыз ету	өрескел
404	Ыстық өнімді мұздатқыш арқылы өткізбей сынама іріктеу шүмектерін пайдалануға жол бермеу. Бұру түтіктерін және мұздатқыштың түтіктерін жарамды жағдайда ұстау	едәуір
405	Өндірістік үй-жайларда ұшқын тудыруы мүмкін жұмыстарды жүргізуге, ашық түрде орындалған шамдарды қолдануға жол бермеу	өрескел
406	Жаңадан жобаланудағы және қайта салынып жатқан пештерді өрт сөндіру бөліміне бұркеуді қосқанда дабыл беретін, бу немесе инерт газының бұркеуін тудыратын құрылғылармен жабдықтау	едәуір
407	Құбырлы пештерді форсункаларына сұйық немесе газ тәріздес отынның жеткізілуі тоқтағанда немесе қысымы төмендегенде іске қосылатын дабылмен жабдықтау	едәуір
408	Авария немесе өрт шыққан жағдайда өнімді төгуге арналған құрылғыларды жарамды күйде ұстау. Авариялық төгу желілерінің ысырмаларын айыру белгілерімен белгілеу	өрескел
409	Жарамсыз қос көзді тетіктері бар құбырлы пештерді пайдалануға жол бермеу	едәуір
410	Жылу алмастырғыш астындағы алаңшаның гидравликалық қақпа арқылы өнеркәсіптік кәрізге шығаратын, арнашыққа ағысы бар қатты бетінің болуы. Алаңшаны жанғыш өнімдер шайып төгуге бейімделген жабдықпен қамтамасыз ету	едәуір
17.9 Қосалқы қондырғылар мен құрылыстар		
411	Тасымалданатын заттарға байланысты құбырларды айқындаушы бояумен бояу, цифрлық белгілер мен өнім қозғалысы бағытының болуы	болмашы
412	Құбырларда тұйыққа тірелген учаскелердің болуына жол бермеу	едәуір
413	"Қамыт" бар кезде жарылыс қауіпті заттарды айдауға арналған құбырларды пайдалануға жол бермеу	едәуір
17.10 Алау шаруашылығын пайдалану		
414	Алаудың айналасындағы аумақтың кемінде 50 метр радиуста қоршауы болуы және ескерту белгілерімен белгілеу	болмашы
415	Алау аумағының қоршалу шегінде құдықтар, шұңқырлар және басқа да ойықтар орнатуға жол бермеу	едәуір

416	Алау құбырына кіргізер алдында газ құбырларында қарауға және жөндеу жұмыстарын жүргізуге қол жетімді от бөгеушілерді орнату	едәуір
417	Магистралдық алау құбыры жолында шырақтың оқпанынан кемінде 50 метр қашықтықта орналасқан жалпы сепаратордың болуы. Алау құбыр жолының сепаратор жағына қарай еңкіш болуын қамтамасыз ету	едәуір
17.11. Компрессорлық және сорғыш станциялары		
418	Компрессорлар мен сорғыштардың технологиялық параметрлерін бақылайтын барлық оқшаулау және дабылқаққыштық жабдықтарды жарамды күйде ұстау	өрескел
419	Сепаратордағы сұйықтықтардың деңгейін бақылау үшін дыбыс және жарық дабылқаққыштарының болуы	едәуір
420	Сорғымен бір рамада орналасқан электр қозғалтқыштарының жерге тұйықталуына қарамастан өрт жарылыс қаупі бар өнімдердерді айдайтын сорғыштардың жерге тұйықтағышының болуы	едәуір
421	Сорғыш үрлеуі кезінде шығарылатын өнімдерді үй-жайдан тыс жерге, сұйықтықтарды – құбыр арқылы арнайы ыдысқа, бу мен газдарды – алау немесе шамға бұруды жүзеге асыру	едәуір
422	Сорғыш жұмысы кезінде қажалатын бөлшектердің майлануына, сондай-ақ, насостардың майы мен подшипниктерінің температурасына үнемі бақылауды жүзеге асыру. Майлау материалдарының жайылуына және шашырауына жол бермеу	едәуір
17.12 Электр жабдықтарын ұстау		
423	Қорғау жүйесі бұзылған, жарылыстан қорғалған электр жабдығын пайдалануға жол бермеу	өрескел
424	Жарылыстан қорғалған электр жабдығы құрылысында өзгерістер жасауға жол бермеу	өрескел
425	Сырты бұзылған (тесілген, жіктері кесілген) шланг кәбілдерін қолдануға жол бермеу	өрескел
426	Жанғыш газдары, сұйықтықтары бар технологиялық құбыр жолдарының, сондай-ақ коррозиядан қорғау үшін оқшауланған құбыр жолдарын жерге тұйықтаулар және жерге тұйықтау өткізгіші ретінде қолдануға жол бермеу	өрескел
427	Бақылау-өлшегіш құралдары үй-жайына бақылау-өлшегіш құралдары үй-жайларын орнатылатын құралдар мен аппаратурасы бар, артық қысымдағы технологиялық аппараттар мен құбыр жолдарын байланыстыратын және жанғыш буларды, газдарды және сұйықтықтардың жағдайын ауыстыратын импульсті желілер енгізуге жол бермеу. Қажет болған жағдайда – бақылау-өлшеу құралдары үй-жайларынан тыс, сондай-ақ импульсті құбырлардың жарылған жағдайында бақылау-өлшегіш құралдары үй-жайларының ішіне жанғыш газдар мен булардың кіруін болдырмайтын кесу құрылғыларын орнатқан жағдайда импульсті құбырларды енгізуге рұқсат бермеу	өрескел
18. Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын талаптар		
428	Емдеу мекемесінің науқастарды шығару аяқталғаннан кейін өрт сөндіру бөліміне әр мекеме ғимаратындағы науқастар саны туралы деректерді күн сайын хабарлауы	болмашы
429	Ересек науқастар мен балалар саны 25-тен асқан жағдайда оларды қамыс қаңқалы және ағаш ғимараттарда орналастыруға жол бермеу	өрескел
430	Ауылдық жерлерде орналасқан медициналық ұйымдардың ғимаратына бір саты есебінен қосалқы сатылармен қамтамасыз ету	едәуір
431	Өздігінен қозғалуға қабілетсіз адамдар үздіксіз келетін ауруханалар мен басқа да мекемелердің ғимаратын бес науқасқа (мүгедекке) бір зембіл есебінен зембілдермен қамтамасыз ету	өрескел
432	Науқастарға арналған палаталары бар корпусарда емдеу процесіне қатысы жоқ үй-жайларды орналастыруға немесе оларды жалға беруге жол бермеу	едәуір

433	Кереуеттерді дәліздерде, холлдарда және басқа да эвакуациялау жолдарында орнатуға жол бермеу	өрескел
434	Аурухана палаталарына баллондардан оттегі жіберу үшін резеңке және пластмасса шлангтарды қолдануға жол бермеу	едәуір
435	Ақаулы емдеу электр жабдықтарын пайдалануға жол бермеу	өрескел
436	Аурухана палаталары мен науқастар жатқан басқа да үй-жайларда үтік, электр плиталары мен басқа да электр жылыту құралдарын пайдалануға жол бермеу	өрескел
437	Су қайнатқыштар, су жылытқыштар және титандар құрылғыларының болуы, медициналық аспаптарды залалсыздандыру, сондай-ақ парафин мен озокеритті қыздыру арнайы бейімделген орын-жайларда жүргізіледі	едәуір
438	Зертханаларды, бөлімшелерді, дәрігерлер кабинеттерінің сыйымдылығын ескере отырып, жалпы саны 3 килограмнан аспайтын дәрі-дәрмектер мен реактивтерді (тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарға жататын спиртті, эфирді) сақтау үшін, жабылатын арнайы металл шкафтарда сақтауды қамтамасыз ету	едәуір
439	Дәріхана қоймаларының үй-жайларында материалдық құндылықтарды қатаң түрде ассортимент бойынша сақтау және тез тұтанатын сұйықтықтарды басқа материалдармен бірге сақтауға жол бермеу	едәуір
440	Оттегі мен жанғыш газы бар баллондарды бірге сақтауға, сондай-ақ осы баллондарды материалдық және дәріхана қоймаларында сақтауға жол бермеу	едәуір
18.1 Физиотерапиялық кабинеттер, анестезиологиялық жан сақтау және қарқынды терапия бөлімшелері, операциялық бөлімшелер		
441	Тек зауытта дайындалған және жанбайтын материалдардан жасалған үстінде орнатылған, электрмен және сәулемен емдеу кабинеттерінде қолданылатын ауа қабаты бар стерилизаторлармен қамтамасыз етілуі	едәуір
442	Парафин мен озокеритті жылытуды зауытта дайындалған жылытқыштардың сору шкафындағы арнайы бөлінген үй-жайда немесе су моншасында орындау	едәуір
443	Аппараттар мен қондырғылардан үй-жайлардың жергілікті желдету жүйелерінің шығаруды шатырдың жоғарғы нүктесінен кемінде 2 метр биіктікте жүзеге асыруды қамтамасыз ету	едәуір
444	Аппаратураның профилактикалық байқауын анықталған ақауларды жою шараларын қабылдай отырып, техникалық төлқұжатта (нұсқаулықта) белгіленген мерзімде жүргізу	болмашы
445	Әрбір электрмен және сәулемен емдеу бөлімшесінде (кабинетінде) қызмет етуші персонал жүргізген өртке қарсы нұсқауларды және электр аппаратурасының жұмысында байқалған ақауларды тіркеу журналын жүргізу	болмашы
446	Операциялық, операция алдындағы, наркоздық және операциялық блоктың үй-жайларының есік орындары мен өтетін жолдары арқылы науқастарды сүйретпелерде еркін тасымалдауды қамтамасыз ету	өрескел
18.2 Емдеу мекемелерінің зертханалары		
447	Өндірістік қажеттіліктерге арналған тез тұтанатын сұйықтықтарды құбыр арқылы немесе тасымалдауға арналған жабық, сынбайтын арнайы ыдыста беруді қамтамасыз ету	едәуір
448	Тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды ауысымдық қажеттіліктен аспайтын мөлшерде жұмыс істейтін үй-жайларда ішіне асбест төселген, қақпағы бар металл жәшікке салынған, қабырғасы қалың шыны немесе тығыз тығындысы бар сынбайтын ыдыста сақтау. Мұндай сұйықтықтарды полиэтиленді сыйымдылықтарда сақтауға жол бермеу	едәуір
449	Зертханаларда заттар мен материалдарды қатаң түрде ассортимент бойынша сақтауды қамтамасыз ету	едәуір

450	Сұйық оттегіні тез тұтанатын заттармен, майлармен және сұйық майлармен бір үй-жауда сақтауға жол бермеу	өрескел
451	Сығылған, сұйытылған және ерітілген жанғыш газдары бар баллондарды зертхана ғимаратынан тысқары металл шкафтарда орналастыру	едәуір
452	Тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды, сондай-ақ жанғыш материалдарды қыздыратын аспаптарға, шілтерлерге және басқа да от көздеріне 1 метрден жақын орналастыруға жол бермеу	өрескел
453	Пайдаланылған тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды кәрізге құйылуына жол бермеу	едәуір
454	Едендер мен жабдықтарды тез тұтанатын жанғыш сұйықтықтармен және заттармен жууға жол бермеу	едәуір
455	Шілтерлер жанып тұрған және электр қыздырғыш аспаптары қосылып тұрған кезде байқаусызда төгілген сұйықтықтарды тазалауға жол бермеу	едәуір
456	Жұмыс орнында майланған шүберек пен қағазды қалдыруға жол бермеу	болмашы
457	Жұмыс орнында және жұмыс істейтін үй-жайларда белгісіз өрт қауіпті қасиеттері бар қандайда бір заттар мен препараттарды сақтауға жол бермеу	болмашы
458	Жұмыс орнын, жанып тұрған шілтерлерді және басқа қыздыру аспаптарын қараусыз қалдыруға жол бермеу	өрескел
459	Ішінде тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтары бар ыдыстарды ашық отта, сондай-ақ тұрмыстық электр қыздырғыш аспаптарында қыздыруға жол бермеу	өрескел
18.3 Бір және көп орындық емдеу барокамералары		
460	Барокамера үй-жайларының қабырғаларын, аспалы төбелерді жанбайтын материалдармен қаптауды орындау	өрескел
461	Барокамера үй-жайларына орталықтан, сумен жылыту, жылу тасымалдағыштың температурасы 95 ⁰ С-тан аспайтындай етіп орнату. Жылу беру аспаптарынан және жылудың басқа көздерінен барокамераға дейінгі арақашықтықты кемінде 1 метр етіп қамтамасыз ету	едәуір
462	Екі немесе одан көп бір орынды немесе бір көп орынды барокамералар орнатылатын үй-жайларда авариялық жарықтың бар болуы	едәуір
463	Тікелей барокамераларда орнатылған шырақтарда тек қыздыратын лампалардың болуы	едәуір
464	Пациентті бароаппаратқа синтетикалық киімде жайғастыруға жол бермеу	
465	Бароагрегаттарды (барокамераларды, барокондиционерлерді) жерге тұйықтамай бароаппараттарды пайдалануға жол бермеу	едәуір
466	Барокамераға тез тұтанатын сұйықтықтарды, майларды, оттың немесе ұшқынның пайда болуына қабілетті заттар мен бұйымдарды кіргізуге жол бермеу	өрескел
467	Барозалда (үй-жайда, көлік салонында) ақаулы аспаптарды және электр өткізгіштерді (зақымдалған оқшаулағыштармен, сенімсіз ұшқындайтын түйісулермен) пайдалануға, электр қыздырғыш аспаптарын (су қайнатқыштарды, электр плиталарын) пайдалануға, жанғыш материалдардан жасалған жиһазды, ұшқын тудыруға қабілетті материалдар мен заттарды пайдалануға, ашық отты қолдануға, темекі шегуге, жұмыс орындарының төменгі жағына жарық түсіру үшін ашық орындалған шырақтарды қолдануға жол бермеу	өрескел
468	Майы алынбаған оттегі жабдығын пайдалануға жол бермеу	өрескел
469	Барозалда жанғыш және тез тұтанатын сұйықтықтарды, майларды, сондай-ақ жанғыш, оның ішінде таңып байлау материалдарын сақтауға жол бермеу	едәуір
470	Барозалдағы оттегі концентрациясын 23%-дан артық асыруға жол бермеу	едәуір

18.4 Дәріханалар және дәріхана қоймалары		
471	Басқа мақсаттағы ғимаратта орналасқан дәріханаларда жалпы саны 100 килограмнан аспайтын тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтардың болуы	едәуір
472	Арнайы орынға тігінен тұрғызылған күйде нығайтылған және қамытпен тығыз бекітілген, екеуден аспайтын оттегі толтырылған баллонды жеке орналасқан дәріханаларда сақтауды жүзеге асыру	едәуір
473	Транзиттік электр кәбілдері өтетін үй-жайларда, сондай-ақ газ коммуникациялары және май толы аппаратуралары бар үй-жайларда сақтауға жол бермеу	едәуір
474	Өнімді үйіп-төгіп сақтауға және оны жылу беру радиаторлары мен құбырларына нығыз жинауға жол бермеу	едәуір
475	Материалдарды сақтау қоймаларында ашуға және буып-түюге жол бермеу	болмашы
476	Пластмасс бұйымдарын желдетілетін, қараңғы, құрғақ үй-жайда бөлме температурасында, жылу беру жүйелерінен кемінде 1 метр қашықтықта сақтауды қамтамасыз ету	едәуір
477	Өрт қауіпті және жарылыс қауіпті дәрілік заттарды сақтауға арналған үй-жайларды жанбайтын және төзімді стеллаждармен және тұғырлармен қамтамасыз ету	едәуір
478	Тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды ені кемінде 0,7 метр және биіктігі кемінде 1,2 метр есіктері бар жапсарлас жанбайтын шкафтарда сақтауды қамтамасыз ету	едәуір
479	100 килограмнан астам мөлшердегі тез тұтанатын сұйықтықтарды бөлек тұрған ғимаратта, шыны немесе металл ыдыста, өзге топтардағы от қауіпті заттарды сақтау үй-жайларынан оқшаулап сақтауды жүзеге асыру	едәуір
480	Ұйымдардың өндірістік үй-жайларында тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды жалпы мөлшері 3 килограмнан аспайтындай етіп, жылыту аспаптары мен шығу жолдарынан қашықта арнайы металл жәшікте сақтау	едәуір
481	Өрт қауіпті және жарылыс қауіпті заттар сақталатын үй-жайларда сыртынан, сондай-ақ осы үй-жайлардың ішіндегі есіктерде айқын көрінетін "От қауіпті", "Жарылыс қауіпті", "Темекі шегуге жол берілмейді", "Өрт шыққан жағдайда 101 телефонына қоңырау соғу қажет" деген жазулардың болуы	болмашы
482	Тез тұтанатын сұйықтықтарды сақтауға арналған контейнерлерді сұйықтықтардың булануын алдын алу үшін тығыз жабылатын қақпағы бар шыныдан немесе металдан дайындау	едәуір
483	Тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтары бар бөтелкелер, баллондар мен өзге де үлкен сыйымдылықтарды соққыдан сақтайтын ыдыста немесе баллон аударғыштарда бір қатарда сақтауды жүзеге асыру	едәуір
484	Тез тұтанатын және жанғыш сұйық дәрілік заттарды минералды қышқылдармен (күкірт, азот және өзге де қышқылдармен), сығылған және сұйытылған газдармен, тез жанғыш заттармен, сондай-ақ органикалық заттармен, жарылыс қауіпті қоспалар беретін (хлорат калиі, перманганат калиі) бейорганикалық тұздармен бірге сақтауға жол бермеу	едәуір
485	Жанғыш және жарылыс қауіпті дәрілік заттарды қабырғасы қалың, тығыз жабылатын контейнерлерде (бөтелкелерде, банкаларда, барабандарда) сақтау	едәуір
19. Білім беру нысандарына қойылатын талаптар		
486	Оқушылармен және студенттермен тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі талаптарын және өрт шыққан жағдайдағы іс-қимылдармен зерделеу бойынша сабақтар өткізу. Бастауыш сыныптармен, сондай-ақ мектепке дейінгі балалар мекемелерінде өртке қарсы тақырыбында әңгімелесулер өткізу. Жалпы білім беретін мектептерде, кәсіби мектептерде, колледждер мен жоғары оқу орындарында өрт қауіпсіздігі қағидасын оқу бойынша нұсқаулық сабақтарын өткізу	едәуір

487	Зертханаларда тез тұтанатын сұйықтықтар мен жанғыш сұйықтықтарды ауысымдық қажеттіліктен аспайтын мөлшерде сақтауға жол бермеу	едәуір
488	Егер сору шкафта орындалатын операцияға қатысы жоқ заттар, материалдар мен жабдықтар болса, сондай-ақ олар жарамсыз және желдеткіштің ажыратылған жүйесі болса, онда жұмыс жүргізуге жол бермеу	өрескел
489	Тез тұтанатын заттармен жұмыс жүргізілетін сору шкафтарын жанбайтын лакпен боялудың немесе оның ағаш бөліктерін жабудың болуы	едәуір
490	Жұмыс соңында қолданылған тез тұтанатын сұйықтықтар мен жанғыш сұйықтықтардың арнайы жабық ыдыста жиналуын, бұдан әрі пайдаға асырылуы үшін зертханадан шығарылуын қамтамасыз ету	едәуір
491	Тез тұтанатын сұйықтықтар және жанғыш сұйықтықтарды кәрізге төгуге жол бермеу	едәуір
492	Балалар мекемелерінің көп қабатты ғимараттарында кіші жастағы балалардың топтарын (сыныптары) екінші қабаттан жоғары орналастырмау	өрескел
493	Сыныптарда, кабинеттерде, шеберханаларда, жатын бөлмелерде, асханалар мен басқа да үй-жайларда жиһаздар мен жабдықтарды орналастыру кезінде адамдарды кедергісіз эвакуациялауды және өрт сөндіру құралдарын алуды қамтамасыз ету	өрескел
494	Оқу сыныптары мен кабинеттеріндегі парталар (үстелдер) санының артық болуына жол бермеу	едәуір
495	Сабақтар аяқталғаннан кейін кабинеттердегі, зертханалардағы және шеберханалардағы өрт, жарылыс және өрт қаупі бар барлық заттар мен материалдарды жеке үй-жайларда орналастырылған жанбайтын шкафтарға (жәшіктерге) орналастыру	едәуір
496	Балалар тәулік бойы болатын мектеп ғимараттары мен мектепке дейінгі балалар мекемелерінде телефон байланысы қамтамасыз етілген қызмет көрсетуші персоналдың тәулік бойы кезекшілігінің болуы	едәуір
20. Әлеуметтік сала объектілеріне (қарттар және мүгедектер үйі, балалар үйі, интернат үйлері, балалар және мүгедектерге арналған психоневрологиялық орталықтар) қойылатын талаптар		
497	Қағаздарға және басқа да жанғыш қалдықтарға арналған себеттер мен жәшіктерді тұрақты тазарту, қоқыстарды ғимараттан тыс арнайы бөлінген орынға шығару	едәуір
498	Жанған кезде уыттылығы жоғары өнімдер шығаруға қабілетті полимерлік материалдар қолдана отырып жасалған жиһаз бен жабдықтарды пайдалануға жол бермеу	едәуір
499	Әлеуметтік қызмет көрсету ұйымдарының қызметтік үй-жайларында тұрмыстық электр аспаптарын (тоңазытқыштарды, қысқа толқынды пештерді, электр жылытқыштарды, электр шәйнектерді) орнатуға және пайдалануға жол бермеу	едәуір
500	Тамақты тек осы мақсаттарға арнайы бөлінген және жабдықталған жерлерде ғана дайындауды (жылытуды) қамтамасыз ету. Тұрмыстық қажеттіліктерге арналған электр жылытқыш аспаптарын автоматты өшіру құралдарынсыз қолдануға жол бермеу	өрескел
501	Әлеуметтік қызмет көрсету ұйымдарында үй-жайларды жарықтандыру үшін керосин шамдар мен шырақтарды қолдануға жол бермеу	өрескел
502	Жатын бөлмелерде, ойын бөлмелерінде және қызмет көрсетілетін тұлғалар болатын басқа да үй-жайларда үтіктерді, электр плиталарын және басқа да электрмен жылытқыш құралдарды пайдалануға жол берілмеу. Киімдерді үтіктеуді тек осы мақсатқа бөлінген арнайы жабдықталған үй-жайларда ғана жүзеге асыру	өрескел
503	Қызмет көрсетуші персоналдың тәулік бойы кезекшілігінің болуы. Кезекшінің өзімен бірге эвакуациялық шығу есіктеріндегі барлық құлыптардың кілттері жиынтығы болуы. Кілттердің басқа жиынтығын кезекшінің үй-жайында сақтау.	едәуір
21. Сауда объектілеріне қойылатын талаптар		

504	Сауда залдары мен эвакуациялау жолдарында жанғыш материалдарды, қалдықтарды, орамалар мен контейнерлерді сақтауға жол бермеу. Оларды күн сайын жиналуына қарай алынып тастауды қамтамасыз ету. Жанғыш ыдыстарды ғимараттың терезелеріне жақын жинауға жол бермеу	өрескел
505	Терезе ойықтары немесе түтін жоюға арналған шахтасы жоқ үй-жайларда жанғыш тауарларды немесе жанбайтын тауарларды жанғыш орамада сақтауға жол бермеу	өрескел
506	Сіріңкелерді, одеколонды, иіссуларды, аэрозоль орамаларын және өртке қатысты басқа да қауіпті заттарды басқа заттардан бөлек арнайы бейімделген үй-жайларда сақтауды жүзеге асыру	өрескел
507	Сауда залдарында сатып алушылар болған кезде отпен байланысты жұмыстарды жүргізуге жол бермеу	өрескел
508	Тез тұтанатын сұйықтықтарды және жанғыш сұйықтықтарды және жанғыш газдарды (газ баллондарын, бояуларды, лактарды, еріткіштерді, тұрмыстық химия тауарларын), аэрозоль орамаларын, оқ-дәрілер мен пиротехникалық бұйымдарды өзге мақсаттағы ғимараттарда орналастырған кезде оларды сатуға жол бермеу	өрескел
509	Эвакуациялау жолдарында және сатылы торларда сағат жөндеу орындарын, ою және басқа да шеберханаларды, сондай-ақ дәрі-дәрмек, газет, кітап және басқа да дүңгіршектерді орналастыруға жол бермеу	өрескел
510	Сауда залдарында әуе шарларын толтыруға және басқа да мақсаттарға арналған жанғыш газдары бар баллондарды орнатуға жол бермеу	өрескел
511	Сатылы торларда, тамбурларда және басқа да эвакуациялау жолдарында сауда, ойын аппараттарын орналастыруға және тауарлар саудасына жол бермеу	өрескел
512	15000 мыңнан артық аэрозоль орамаларын сақтауға жол бермеу	едәуір
513	Ашық базарлардың сауда қатарларының үстіндегі жабындарды жанбайтын материалдардан немесе оттан қорғайтын құрамдармен өңделген ағаштан жасау	өрескел
514	Сауда қатарлары арасындағы ашық өту жолдарын маталармен, қағазбен, үлдірмен жабуға жол бермеу	өрескел
515	Базарларды басқа мақсаттағы ғимараттың бөлігіне немесе оларға жапсарлас құрылыстарға орналастыруға жол бермеу	өрескел
516	Ғимараттар мен құрылыстарда орналастырылатын дүңгіршектер мен дүкеншелерді жанбайтын материалдардан жасау. Жанғыш сұйықтықтарды, дезодоранттарды, сығылған газдарды сатуға арналған павильондар мен дүңгіршектерді жеке тұрған немесе ұқсас тауарларды сататын дүңгіршектер тобын отқа төзімділігі I, II, III дәрежелі етіп салу	едәуір
517	Жұмыс уақытында сатып алушылардың эвакуациялық шығу жолдарымен байланысты жолдар арқылы тауарларды тиеу мен ыдыстарды түсіруді жүзеге асыруға жол бермеу	едәуір
518	Әрқайсысының сыйымдылығы 1 литрден астам шыны ыдыстарға бөлшектеп құйылған тұрмыстық химиялық тауарлармен, лактармен, бояулармен және тез тұтанатын сұйықтықтармен, жанғыш сұйықтықтармен сауда жасауға, сондай-ақ "От қауіп бар", "Отқа жақын шашыратпа" деген ескерту жазулары жоқ заттаңбасынсыз өрт қауіпті тауарларды сатуға жол бермеу	едәуір
22.1. Сауда павильондары мен дүңгіршектер		
519	Бөлінген аумақта дүңгіршектерді, сондай-ақ ауданы 20 шаршы метрге дейінгі қоса алғанда бір қабатты павильондар орналастыру топтарын орналастыруды жүзеге асыру. Бір топта отқа төзімділік дәрежелеріне қарамастан 10-нан аспайтын құрылыс орналастыру.	өрескел
520	Жанатын қалдықтарды жинау орындары дүңгіршектер мен павильондардан кемінде 15 метр қашықтықта орналастыру	өрескел

521	Орама материалдары мен мүкәммалдарды сақтауға арналған үй-жайлардың ауданы 5 м ² аспайтын етіп орындау	өрескел
22. Сақтау объектілеріне қойылатын талаптар		
522	Қолданылатын өрт сөндіргіш заттардың бір тектілігіне қарамастан, қандай да бір материалдар мен тауарларды көксағызбен немесе авторезеңкемен бір секцияда бірге сақтауға жол бермеу	едәуір
523	Жанғыш газдары бар баллондарды, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтары бар сыйымдылықтарды (бөтелкелер, үлкен бөтелкелер, басқа да ыдыс), сондай-ақ аэрозоль орамдарын күн сәулесі мен өзге де жылу әсерінен қорғауды қамтамасыз ету	едәуір
524	Көп қабатты қоймаларда аэрозоль орамаларын өртке қарсы бөліктерде тек жоғары қабатта ғана, бұл ретте бөліктегі орамалардың саны 150000 аспайтындай жиналуын қамтамасыз ету	өрескел
525	Қойманың жалпы сыйымдылығы 900000-нан орамнан аспайтын жағдайда, оның оқшауланған бөлігінде 15000-нан аспайтын орамды (қорапты) сақтауды қамтамасыз ету. Қоймаларды шатырсыз, тез ашылатын жабындысы бар ғимараттарды орналастыру	өрескел
526	Жалпы қоймаларда 5000 данадан аспайтын мөлшерде аэрозоль орамдарын жинауды жүзеге асыру	өрескел
527	Ашық алаңдарда немесе шатырлар астында аэрозоль орамдарын тек жанбайтын контейнерлерде ғана сақтауды жүзеге асыру	өрескел
528	Қойма үй-жайларында материалдарды стеллажсыз тәсілмен сақтаған кезде қатарлап жинауды жүзеге асыру. Қойма үй-жайларының есік ойықтарына қарама-қарсы ені есіктің еніне тең, бірақ 1 метрден кем емес еркін өту жолдарының болуы. Қоймаларда әрбір 6 метр сайын ені кемінде 0,8 метр бойлық өту жолдарының болуы	өрескел
529	Қойма үй-жайлары ішіндегі ағаш конструкцияларын оттан қорғау құраммен өңдеуді жүзеге асыру	едәуір
530	Транзиттік электр кәбілдер, газ және өзге де басқа да коммуникациялар өтетін үй-жайларда қоймаларды орналастыруға жол бермеу	едәуір
531	Шырақтардан бастап сақталатын тауарларға дейінгі қашықтық кемінде 0,5 метр және жанғыш құрылыс конструкцияларының үстіне дейін 0,2 метр болуы	өрескел
532	Тауар-материалдық құндылықтарын сақтауға арналған үй-жайларда тұрмыстық қызмет көрсету, тамақ ішу және басқа да қосалқы қызметтер бөлмелерін орналастыруға жол бермеу	едәуір
533	Қойма үй-жайларында және дебаркадерлерде тиеу-түсіру және көлік құралдарының тұруына және оларды жөндеуге жол бермеу	болмашы
534	Қоймалардың ғимараттарында ыдысты ашумен, жарамдылықты тексерумен және ұсақ жөндеумен, өнімді өлшеп ораумен, өрт қауіпті сұйықтықтардың жұмыс қоспаларын (нитробояуларды, лактарды) дайындаумен байланысты барлық операцияларды сақтау орындарынан оқшауланған үй-жайларда жүзеге асыру	болмашы
535	Қоймалардың электр жабдықтары жұмыс күні аяқталғанда токтан ажыратылады. Қойманы электрмен жабдықтауды ажыратуға арналған аппараттар қойма үй-жайынан тыс, жанбайтын материалдан жасалған қабырғаға немесе бөлек тұрған тірекке орнату, шкафаға немесе пломбылауға арналған құрал-саймандары бар текшеге орналастырып, құлыппен жабу	өрескел
536	Қоймалардың үй-жайларында кезекшілік жарықтандыруға, сондай-ақ газ плиталарын, электрмен қыздыру аспаптарын пайдалануға және штепсель розеткаларды орнатуға жол бермеу	өрескел
537	База мен қоймалардың аумағында орналасқан ғимараттарда персонал мен өзге де тұлғалардың тұруына жол бермеу	едәуір

538	А, Б және В1- В4 санатты қойма үй-жайларына локомотивтердің өтуіне жол бермеу	едәуір
539	Цех қоймаларында нормадан асатын мөлшерде тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды сақтауға жол бермеу	едәуір
540	Түтін жою үшін ойықтары бар терезелері жоқ жертөле және цоколь қабаттардың үй-жайларында, сондай-ақ ғимараттардың жалпы саты торларын осы қабаттармен қосқанда жанғыш ыдыста жанғыш материалдарды немесе жанбайтын материалдарды сақтауға жол бермеу	өрескел
22.1 Газ баллондарын сақтау		
541	Жанғыш газдары бар баллондарды сақтауға арналған қоймаларды жеңіл ашылатын жабындары бар, бір қабатты, шатырсыз ғимараттарда орналастыру	өрескел
542	Газы бар баллондар сақталатын үй-жайлардың терезелерін ақ бояумен сырлау немесе күннен қорғайтын жанбайтын құрылғылармен жабдықтау	болмашы
543	Баллондарды сақтау орындарының айналасында 10 метр қашықтыққа қандай да бір жанғыш материалдарды сақтауға және отты жұмыстарды жүргізуге жол бермеу	өрескел
544	Баллондар орналастырылатын шкафтар мен үйшіктер жанбайтын материалдардан жасалуы және олардың ішінде жарылыс қауіпті қоспалардың түзілуін болдырмайтын табиғи желдеткішпен жабдықтау	өрескел
545	Жанғыш газдары бар баллондарды оттегі, сығылған ауа, хлор, фтор және басқа да тотықтырғыштары бар баллондардан, сондай-ақ улы газдары бар баллондардан бөлек сақтауды жүзеге асыру	едәуір
546	Газды баллондарда сығылған, сұйытылған және ерітілген күйде сақтауды жүзеге асыру. Баллондарды сыртқы қабаттары сол газ үшін белгіленген түспен бояу	едәуір
547	Оттегі бар баллондарды сақтау және тасымалдау кезінде майдың түсуіне және баллон арматурасының майлы материалдармен жанасуына жол бермеу	өрескел
548	Газдар сақталатын үй-жайларда жарылыс қауіпті қосылымдарға дейін жарамды газ талдағыштардың болуы	өрескел
549	Жанғыш газдары бар баллондар сақталатын қоймалық үй-жайға табанында металл шеге немесе таға қағылған аяқ киім киген адамдардың кіруіне жол бермеу	едәуір
550	Табандығы бар жанғыш газ баллондары тігінен, олардың құлап қалуын болдырмайтын арнайы ұяшықтарда, торларда немесе басқа да құрылғыларда сақтау	болмашы
551	Табандығы жоқ баллондарды көлденеңінен рамаларда немесе стеллаждарда сақтау. Қатардың биіктігі бұл жағдайда 1,5 метрден аспайтындай етіп қолдану, ал клапандарды сақтандыру қалпақтарымен жабу және бір жағына қарай бұру	едәуір
552	Газ қоймаларында қандай да бір басқа заттарды, материалдар мен жабдықты сақтауға жол бермеу	едәуір
553	Жанғыш газдары бар қоймалардың үй-жайларында табиғи желдеткіштің болуы	едәуір
22.2 Ағаш материалдар қоймасын ұстау		
554	Сақталатын материалдардың шекті көлемін, өртке қарсы бөліктер мен қатарлар арасындағы, сондай-ақ қатарлар мен көршілес объектілер арасындағы өту жолдарын көрсете отырып, қатарларды орналастыру жоспарларының болуы	болмашы
555	Қатарлар арасындағы өртке қарсы бөліктерде ағаш материалдарын, жабдықты жинап қоюға жол бермеу	өрескел
556	Қатарларға арналған орындар шөп жамылғысынан, жанғыш қоқыс пен қалдықтардан топыраққа дейін тазарту немесе қалыңдығы кемінде 0,5 метр құм, топырақ немесе қиыршық тас қабатының болуы	болмашы
557	Әрбір қоймада кәсіпорын жұмыскерлері мен техникасын тарту мүмкіндігін ескере отырып, қатарларды, баланс үймесі, жоңқаларды бұзу шаралары анықталған жедел өрт сөндіру жоспарының болуы	болмашы

558	Қоймаларда алғашқы өрт сөндіру құралдарынан басқа бекеттер (бекеттер) жедел өрт сөндіру жоспарларында анықталатын мөлшерде өрт техникасының әртүрлі түрлерінің қоры болуы	өрескел
559	Қоймаларда ағаш материалдарын сақтаумен байланысы жоқ жұмыстарды жүргізуге жол бермеу	болмашы
560	Ағаш материалдары қоймаларындағы жеке ғимараттарда өртке қарсы бөліктерді сақтай отырып, жұмысшыларға арналған тұрмыстық үй-жайларды орналастыру	едәуір
561	Үй-жайларға жылу беру үшін зауытта дайындалған электрмен жылыту аспаптарын қолдану	өрескел
562	Іштен жану қозғалтқыштары бар шығырларды дөңгелек ағаш қатарларынан кемінде 15 метр қашықтықта орналастыру	едәуір
23.3. Ағаш материалдар қоймасы		
563	Тасымалдау пакеттерін өртке қарсы бөліктерде, өту жолдарында, өрт сөндіру су көздеріне кіреберістерге орнатуға жол бермеу	өрескел
564	Жабық қоймалар мен бастырма алаңдарының едендерін жанбайтын материалдан жасау	өрескел
23.4 Жоңқа қоймалары		
565	Жоңқаны жабық қоймаларда, бункерлерде және едені жанбайтын жасалған ашық алаңдарда сақтауды жүзеге асыру	өрескел
566	Жоңқаның қызу температурасын бақылау үшін кертпектің ішінен жылу электрлік түрлендіргіштерді орнату үшін жанбайтын материалдардан жасалған құдықтардың болуы	өрескел
23.5 Көмір қоймасы		
567	Жаңа қазылып алынған көмірді бір айдан артық жатқан ескі көмір үйіндісіне жинауға жол бермеу	едәуір
568	Жанып жатқан көмірді транспортер таспалары арқылы тасымалдауға және оларды теміржол көлігіне немесе бункерге тиеуге жол бермеу	өрескел
569	Көмір қатарларын жылу көздерінің (бу құбырлары, ыстық су құбырлары, қызған ауа арналары) үстіне, сондай-ақ төселген электр кабiлдері мен мұнай-газ өткізгіштердің үстіне орналастыруға жол бермеу	өрескел
570	Көмірді жинау және оны сақтау кезінде қатарларға ағаштың, матаның, қағаз бен өзге де жанғыш материалдардың түсуіне жол бермеу	едәуір
571	Өндірістік ғимараттардың жертөле немесе бірінші қабатында орналасатын, көмір сақтауға арналған үй-жайларды өртке қарсы бөгеттермен (қабырғалармен және қалқалармен) бөлу	өрескел
23.6 Жанғыш талшықты материалдар қоймалары		
572	Қатардағы талшық массасының 300 тоннадан артуына жол бермеу	едәуір
573	Қатарлардың өлшемдерін 22 x 11 метрден аспайтындай, биіктігі бойынша 8 метрден аспайтындай етіп жүзеге асыру	едәуір
574	Ұяшықта алты қатардан немесе бастырмадан артық болмауы, қатарлар арасындағы аралықтар – кемінде 15 метр, бастырмалар арасында барлық бағыттар бойынша – 20 метр	өрескел
575	Топта саны төрттен аспайтын ұяшықтың болуы (24 қатар немесе бастырма), ұяшықтар арасындағы аралық – барлық бағыттар бойынша кемінде 30 метр	өрескел
576	Секторда төрттен аспайтын топтың (96 қатар немесе бастырма) бар болуы, топтар арасындағы аралық – барлық бағыттар бойынша кемінде 50 метрдің бар болуы	өрескел
577	Секторлар арасындағы аралықтардың 100 метрден кем болуына жол бермеу	өрескел

578	Талшықты материалдар сақтауға арналған қоймалар, бастырмалар және ашық алаңдар орналасқан учаскелерде қоршаудың болуы	едәуір
579	Өндірістік қалдықтарды шикізатпен және дайын өніммен бірге сақтауға жол берілмеу	едәуір
580	Талшықты материалдардың бастырмалары мен қатарларына ұшқын өшіргіштерсіз темір жол (паровоздардан басқа) және автокөліктің 5 метр, ал тракторлардың 10 метр жақын келуіне жол бермеу	өрескел
23.7 Резервуарлық парктерді ұстау тәртібі		
581	Резервуарлардың топырақ үйіп бекітілген жерлерінің көлемін топырақ үйіп бекітілген жердегі ең үлкен және тұрақты жарамды күйде ұсталатын резервуардың көлеміне тең етіп орындау	едәуір
582	Толтыруды және деңгейді өлшеуді бақылау мен автоматтандыруға арналған құрылғылардың желілерінен басқа, резервуарлардың топырақ үйіп бекітіліген жері ішінде және тікелей резервуарларда электр жабдығын орнатуға және электр желілерін төсеуге жол бермеу	өрескел
583	Резервуарлық парктегі құбырлардың коммуникациясын резервуармен авария болған жағдайда мұнайды бір ыдыстан келесісіне қотарып алу мүмкіндігін қамтамасыз ететіндей етіп орнату	едәуір
584	Жылдың қысқы мезгілінде резервуарлардың төбесінен қарды дер кезінде алу, сондай-ақ резервуарлық парктің аумағына жолдар мен өрт сөндіруге өту жолдарын қардан тазарту	болмашы
585	Жарылыс және өрт қауіпті үй-жайларда және резервуарлық парк аумағында көмірсутегі концентрациясын тұрақты бақылау үшін түсті және дыбысты сигнализация бар газ талдағыштардың болуы	өрескел
586	Көрінетін жерлерде резервуарлық парктің барлық аумағында және жеке тұрған резервуарларда өртке қарсы өртке қарсы режимінің бұзылуына жол бермеу туралы жазбаның болуы	болмашы
587	Өлшеу қондырғыларының тек стационарлық жүйелерімен мұнай өнімдерінің сынамасын іріктеуді және деңгейін өлшеуді жүзеге асыру	болмашы
588	Күкіртті мұнай өнімдері сақталатын резервуарлар үшін пирофор күкіртті темір шөгінділерінен тазалау бойынша жоспарлы жұмыстардың кестесінің болуы	болмашы
589	Авария кезінде төгілген мұнай өнімін жою үшін, сондай-ақ топырақ үйіп бекітілген жерлерден канализация жолдарда нөсер суын ағызу үшін топырақ үйіліп бекітілген жерлердің шектерінен тыс қолданысқа келтірілетін сақпан-клапандар түріндегі бекіткіш құрылғылардың болуы	өрескел
590	Жобалық құжаттамада белгіленген топырақпен үйіп бекітілетін жердің биіктігін азайтуға жол бермеу	едәуір
591	Қысық тұрған және сызаттары бар резервуарларды, сондай-ақ ақаулы жабдықты, бақылау-өлшеу аспаптарын, өнім өткізгіштерді және тұрақты өртке қарсы құрылғыларды пайдалануға жол бермеу	өрескел
592	Топырақ үйіп бекітілген жерге ағаш, бұта, шөп отырғызуға жол бермеу	болмашы
593	Жанғыш негізге сыйымдылықтарды орнатуға жол бермеу	өрескел
594	Резервуарлар мен цистерналарды асыра толтыруға жол бермеу	едәуір
595	Резервуарлық парк қоймаларында өрт сөндіруші заттар қорының, сондай-ақ оларды өрт сөндіру үшін қажетті санында, ең үлкен резервуарда беру құралдарының болуы	едәуір
23.8 Мұнай өнімдерін ыдыста сақтау тәртібі		
596	Қойма үй-жайлары басқа үй-жайлардан отқа төзімділік шегі кемінде EI-45 өртке қарсы қалқалармен бөлу	өрескел

597	Тез тұтанатын және жанатын сұйықтықтары бар бөшкелерді қойма еденінде қолдан жинау кезінде 2 қатардан аспайтындай, жанғыш сұйықтықтары бар бөшкелерді механикалық жолмен жинау кезінде – 5 қатарда аспайтындай, ал тез тұтанатын сұйықтықтары бар бөшкелерді - 3 қатардан аспайтындай орналастыру	өрескел
598	Қатар енін 2 бөшкеден асырып орындауға жол бермеу. Басты жол енін бөшкелерді тасымалдау үшін 1,8 метрден кем емес етіп, ал қатарлар аралығын кемінде 1 метр етіп орналастыру	өрескел
599	Сұйықтықты тек қана жарамды ыдыста сақтау	едәуір
600	Ыдыстағы мұнай өнімдерін сақтауға арналған ашық алаңдарды сырты бойынша жер белдеуімен немесе биіктігі 0,5 метрден кем емес алаңға өтетін пандустары бар, жанбайтын тұтас қабырғамен қоршау	өрескел
601	Топырақпен үйіп қоршалған бір алаңның шегінде 4 қатардан аспайтын қатарлар арасындағы бөліктері кемінде 10 метр, ал қатар мен білік (қабырға) арасында кемінде 5 метр, мөлшері 25x15 метр және биіктігі 5,5 метр бөшкелерді орналастыру. Екі аралас алаңдардағы қатарлар арақашықтығын 20 метрден кем болмайтындай етіп орналастыру	өрескел
602	Қоймаларда тікелей және топырақпен үйіп қоршалған алаңдарда мұнай өнімдерін құюға, сондай-ақ буып-түю материалдары мен ыдысты сақтауға жол бермеу	едәуір
23. Ауыл шаруашылығы объектілеріне қойылатын талаптар		
23.1 Негізгі өндірістік объектілер		
603	Отпен жылытатын азық дайындау үшін вакуумдық - сорғыш және жылу генераторларын орналастыруға арналған үй-жайларды, сондай-ақ мал шаруашылығы және құс шаруашылығы ғимараттарына жапсарлас немесе олардың ішінде салынған ірі жемшөптер қорын сақтауға арналған үй-жайларды мал шаруашылығы мен құс өсіру фермаларындағы мал мен құсты ұстауға арналған үй-жайлардан өртке қарсы қабырғалармен және жабындылармен бөлу. Көрсетілген үй-жайларды тікелей сыртқа шығу жолдарымен жабдықтау	өрескел
604	Жануарлар мен құстарға арналған үй-жайларға шеберханалар, қоймалар, автокөлік, трактор, ауыл шаруашылық техникасын орналастыруға, сондай-ақ фермаларға қызмет көрсетуге байланысты емес жұмыстарды жүргізуге жол бермеу. Бұл үй-жайларға газ шығаратын трубалары ұшқын өшіргіштерімен жабдықталмаған тракторларға, автокөліктер мен ауыл шаруашылық машиналарына кіруіне жол бермеу	болмашы
605	20 және одан астам мал басы болған жағдайда сүт тауары фермаларында (кешендерде) топтық байлау әдісін қолданудың болуы	едәуір
606	Фермалардың шатырдағы үй-жайларында ірі жемшөпті сақтаған кезде мына іс-шараларды қамтамасыз ету: 1) төбе жабынын өртенбейтін материалдардан жасау; 2) шатырдағы ағаш жабындарын және жанғыш жылытқышты шатыр үй-жайлары жағынан тұтанудан жанғыш жылытқыш бойын қалыңдығы 3 сантиметр балшық сылағымен (немесе теңбе-тең оттан қорғаумен) немесе өртенбейтін жылытқышпен қорғау; 3) шатырдағы электр желісін механикалық ақаулықтардан қорғау; 4) түгіндіктерді периметр бойынша 1 метр қашықтықта қоршау.	өрескел
	Электр брудерлерін орнатқанда және пайдаланғанда мына іс-шараларды қамтамасыз ету: 1) жылу қыздырғыш элементтерінен төсемдер мен жанғыш заттарға дейінгі қашықтықты ұзынынан 80 сантиметрден кем емес, ал көлденең 25 сантиметрден кем емес ету; 2) тек зауытта шығарылған қыздыру элементтері қолдану және қызған бөлшектері	

607	түсіп қалу ықтималы болмайтындай етіп орнату. Ашық жылыту элементтерін қолдануға жол бермеу 3) оларды электр энергиясымен қамтамасыз ету бөліп таратқыш қалқанынан дербес желілері бойынша іске асыру. Брудердің әрқайсысын дербес ажыратқыштармен жабдықтау; 4) бөліп таратқыш қалқанының барлық электр желісін тоқтан ажыратқыш қосқышымен, сондай-ақ қысқа түйісу мен шамадан тыс жүктемеден қорғау құрылғысымен жабдықтау	өрескел
608	Жылжымалы ультракүлгін қондырғылар және олардың электр жабдықтары жанғыш материалдардан 1 метрден кем емес қашықтықта орналастыру	өрескел
609	Қырқатын агрегаттың бензин қозғалтқышын ғимараттардан 15 метр қашықтықта, шөп пен қоқыстан тазартылған алаңшада орнату. Жанар-жағармай материалдарының қорын сақтауды қырку бекеті мен құрылыстардан 20 метр қашықтықта, жабық металл ыдыста жүзеге асыру	өрескел
610	Қырку бекетінде ауысым өнімінен артық жүн жинауға және өту-шығу орындарына жүн теңдерін үйіп қоюға жол бермеу	өрескел
611	Аммиак селитрасын отқа төзімділігі I және II дәрежелі дербес шатырсыз бір қабатты өртенбейтін едендері бар ғимараттарда сақтау. Ерекше жағдайларда селитраны отқа төзімділігі I немесе II дәрежелі ауыл шаруашылығы кәсіпорнының минералды тыңайтқыштардың ортақ қоймасының жеке бөлігінде сақтауға жол беріледі. Әсері күшті тотықтырғыштарды (магний және кальций хлораттары, сутегі тотығы) отқа төзімділігі I, II және III дәрежелі ғимараттардың жеке бөліктерінде сақтау.	едәуір
612	Фермалар мен басқа ауыл шаруашылығы объектілерін қылқан жапырақты ормандарға жақын, құрылыстар мен орман алқаптарының арасында орналастырғанда көктемгі-жазғы өрт қауіпті кезеңге бульдозерлер, соқалар және басқа да топырақ өңдейтін құрал-жабдықтар арқылы (шаруашылық тұрғыдан орынды болса, қорғайтын алқаптарда картоп, бөрібұршақ, түйебұршақ сияқты өртке төзімді өсімдіктер) орнатылатын өртке қарсы қорғау алқаптарын құру	едәуір
23.2 Ауылшаруашылық өнімді қайта өңдеу		
613	Қаптарды ұннан тазарту және оларды сақтау үшін қапты қағатын машинасы орнатылған оқшауланған үй-жайлардың бар болуы	едәуір
614	Нан пісіру кәсіпорындарында сұйық май мен өсімдік майын ыдыссыз сақтауды жеке үй-жайларда қамтамасыз ету	едәуір
615	Қатты отынмен жұмыс істейтін нан пісіру пештерінің үздіксіз бесікше подикті тұйық жерлеріндегі отындары үшін өртке қарсы қалқамен (өртке қарсы есікпен) және жабындымен бөлінетін бөлмелердің бар болуы	едәуір
616	Отын бөлмесінде бір ауысымға арналған қатты отыннан аспайтын қордың болуына жол бермеу	едәуір
617	Нан пісіру пештері сұйық отында жұмыс істегенде сұйық отынның шығыс бақтарын орнатуға арналған өртенбейтін құрылыстан жасалған ғимараттан тыс және оқшауланған бөлмелердің бар болуы	едәуір
618	Элеваторлардағы, ұн тартатын, құрама жем және арпа зауыттарында бір мезгілде 15 адамнан кем болатын өндірістік үй-жайлардың есіктерін үй-жайлардың ішіне қарай (эвакуациялау орнына қарсы) ашылатындай етіп жасауға жол беріледі. Сонымен қатар тамбур-шлюздердің есіктері әр жаққа ашылады (өндірістік үй-жайлардан тамбур-шлюздеріне қарай эвакуациялау жолына қарсы, тамбур-шлюзден саты алаңына қарай есіктер – эвакуациялау жолы бойымен).	өрескел
619	Таспа конвейерлерін өткізуге арналған өртке қарсы ойықтарда автоматтандырылған өрт сөндіру қалқандардың немесе өрт шыққан жағдайда оларды жабуға арналған құрылғылардың болуы	өрескел

620	Тұрмыстық, қосалқы және әкімшілік-шаруашылық үй-жайлары, басқару пультінің үй-жайлары, электр таратқыш құрылғылары, желдеткіш камералары мен саты алаңдары арқылы ауа жолын, материал өткізгіштерін, бағытсыз құбырларды өткізуге жол бермеу	өрескел
621	Циклондарды сыртта, жем кептіргіштерге және қазандықтардың түгін құбырларына қараған жаққа орнатуға жол бермеу	едәуір
622	Кәбілдерді төсеуге арналған шахталарда норийлер, бағытсыз және аспирациялау құбырларын, сондай-ақ басқа тасымалдау және технологиялық жабдықтарды орнатуға жол бермеу	едәуір
623	Астық сақтау қоймаларының, астықты қайта өндіретін кәсіпорындардың қабаттарында қабатаралық және цех аралық байланыстың (телефондар, сөйлесу құбырлары, қоңыраулар) болуы.	болмашы
624	Автокөлікке өнім мен қалдықтарды ыдыссыз тиеу кезінде аумақты шаң басудан сақтандыратын құрылғылары болуы	едәуір
625	Аралас жем зауыттарында темір жол және автокөлігінен ұн шикізатын және кебектерді түсіру орындарын шаң басудың алдын алу мақсатында аспирациямен қамтамасыз ету	едәуір
626	Үй-жайларға шаң кіруіне кедергі келтіру үшін силостарға және бункерлерге арналған люктерді, сондай-ақ бағытсыз құбырлардағы, ауа өткізгіштердегі және аспирациялық қаптамалардағы шағын люктердің тығыз қосылуларын қамтамасыз ету	өрескел
627	Барлық қоймаларда бір-бірінен 100 метрден аспайтын қашықтықта орналасқан сыртқы сүйеп қоятын баспалдақтардың болуы	едәуір
628	Өнімділігі сағатына 50 тонна астам норийлерді тоқтауларда кері жүруден лентаны қорғайтын автоматты тежеуіш құрылғылардың болуы. Норийлерді және жеке бөлшектерді ағаштан немесе басқа жанғыш материалдардан жасауға жол бермеу	едәуір
629	Сына тәрізді қайыс баулар жинағы толық болмағанда жұмыс істеуге немесе шкив бунақтарының пішініне сәйкес келмейтін пішіні бар қайыс бауларды қолдануға жол бермеу	едәуір
630	Тозаңды жинауға және сақтауға арналған ыдыстар мен жедел (өндірістік) ыдыстардың аспирациясының технологиялық және көліктік жабдығы бар бір аспирациялық қондырғыға қосылуына жол бермеу	едәуір
631	Технологиялық және көліктік жабдықтың аспирациялық қондырғылармен бұғаттағышының болуы	едәуір
632	Элеваторлардың жұмыс ғимараттарында желдеткіштер мен дән кептіргіштерінің тозаң тұтқыштарын орналастыруға жол бермеу	едәуір
633	Элеваторларда аспирациялық қалдықтарды және бункерлер мен силостарда өндірістік тозаңды жинауға және сақтауға жол бермеу	едәуір
634	Шикізат және дайын өнім қойма үй-жайлары арқылы транзитті ауа арналарын, сондай-ақ жарылыс өрт қаупі және өрт қаупі бойынша А, Б, және В1-4 санатындағы үй-жайлары арқылы төсеуге жол бермеу	едәуір
635	Желдеткіштер мен ауа үрлегіш машиналардан кейін орналасқан (аспирациялық шахталардың, тозаң камералардың) тозаңның гравитациялық отырғызуына арналған ыдыстарды пайдалануға жол бермеу	едәуір
636	Ауа өткізгіштер мен материал өткізгіштерді кемінде екі жерде жерге тұйықтау	едәуір
637	Қондырғылар элементтері арасындағы қосылуларда электр өткізбейтін бояулармен сырланған, диэлектрлік материалдар мен шайбалардан жасалған болттарына шайбалардың қолдануына жол бермеу	едәуір
638	Аспирациялық қондырғылардың ауа арналарының жылыту жүйесінің құбыр жолдарымен түйісуіне жол бермеу	едәуір

639	Аспирация жүйелері дұрыс істемейтін, жобалық және техникалық құжаттамада көзделген норийлер мен ұнтақтағыштардағы жарылыс ыдыратқыштары жоқ жабдықты пайдалануға жол бермеу	өрескел
640	Өнімдерді (шикізатты) жаншып үдетін станоктар, ұнтақтағыштар, қамшылау машиналары және соқпа машиналар арқылы өткізу алдында магнитті сепараторлардың болуы	едәуір
641	Тазартқыш машиналардың түйгіштерінде сызаттар мен сынықтардың болуына жол бермеу. Ұшқынның пайда болуына жол бермеу үшін түйгіш барабанының ішкі бетіне түйгіштердің тиюіне жол бермеу.	өрескел
642	Тізбекті конвейерлерде (тиелген қырнауыштары бар) қораптар толған кезде конвейерді автоматты түрде тоқтататын тегеурін бергіштердің немесе дөңгелекті ажыратқыштардың болуы	едәуір
643	Иірліктердің тұтануын болдырмау үшін өнімнің жүрісі бойынша олардың шеттеріне өнімнің қысымына байланысты ашылатын сақтандырғыш клапандарының болуы	өрескел
644	Көлік таспаларын және жетек қайыс белбеулерін металдан жасалған қапсырма шеге, болттар арқылы (олар жанғыш вулканизацияны пайдаланып, қайыс белдікшелермен тігілу арқылы қосылуы тиіс) қиыстыруға жол бермеу	едәуір
24.3 Құрама жем зауыттарының жабдығын пайдалану		
645	Ұнтақтағыштардың балғаларында сызаттар мен басқа да ақаулардың болуына жол бермеу	өрескел
646	Ұсақтатқыштар үшін тек зауытта шығарылған сақтандырғыш шрифтітерінің болуы Оларды көлемдері және механикалық сипаттамалары белгісіз металл өзектермен ауыстыруға жол бермеу	едәуір
23.4 Үн тарту және жарма зауыттар		
647	Өнімі жоқ, біліктері қысылған, белағаштарының бойымен ауытқып және жылжып кеткен станоктармен жұмыс істеуге жол бермеу	едәуір
648	Тозаң өткізбейтін материалдан жасалған, сыртқа шығаратын келте құбырлары бар иілгіштермен тығыз қосылған елек-суырғы машиналарының себу шанақтарының, тас іріктегіштердің, сепараторлардың иілмелі қосылыстарын қолдану	едәуір
649	Бастиегі түсіріліп тұрғанда, тарту құрылғылары дұрыс болмаған, қажак дискілері нашар бекітілген немесе кептіргіш дөңгелектері болмаған жағдайларда аршу машиналарын іске қосуға жол бермеу	едәуір
650	Аршу машиналары мен ажарлау машиналарының дискілерінде, пішімбіліктерінде және декаларында сызаттар мен ақаулықтардың болуына жол бермеу.	едәуір
651	Электр магнитті сепараторларының бұғаттағышын электр энергиясы тоқтаған кезде электр магниттеріне өнімнің жетуін болдырмайтындай етіп қамтамасыз ету	едәуір
23.5 Нан пісіру кәсіпорындары		
652	Каналдық пештердің газ құбырлары мен жоғарғы от жағу бөліктерінде жарылыстан сақтандыратын клапандардың болуы, бір жарылыс клапанының ең аз алаңы - 0,05 м ²	өрескел
653	Пештерді жылу мен газ тәрізді заттарды шығаруға арналған желдеткіш құрылғыларымен жабдықтау.	өрескел
654	Газ тәрізді және сұйық отындармен жұмыс істейтін пештерде авариялық жағдайларда : 1) пештің оттығына сұйық отын және жандыруға арналған құрылғыларға ауа жеткізу тоқтағанда (сұйық отынмен жұмыс істейтін пештер үшін); 2) жылыту жүйесіндегі жылытатын газдардың шекті температурасынан асып	өрескел

	к е т к е н д е ; 3) конвейер тоқтаған кезде отын жеткізуді автоматты түрде тоқтататын құрылғылардың болуы	
655	Пештерде авариялық жағдайларда пісірілген өнімдерді шығаруға арналған резервтік механизмі бар қол жетегінің болуы	едәуір
23.6 Технологиялық үдерістерді ұстау		
656	Жабдықты өнімділік пен мақсаты бойынша технологиялық схеманың талаптарына сәйкес қолдану	едәуір
657	Цехтың ішіндегі пневматикалық көліктен шлюз бекітпелерінің немесе жүк түсіргіштерінің бекітпе топтарының шеткі білікшелерінде жылдамдықты бақылау релесінің болуы (талап өнімділігі жоғары жабдық жиынтығының шлюз бекітпелеріне қолданылмайды).	едәуір
658	Дәнді емес өнімдерді (шрот, күнжара, түйіршіктелген шөп ұнын) астық элеваторларының сүрлемдері мен бункерлерінде қабылдауға және сақтауға жол бермеу	едәуір
659	Дәнді жүгеріні ғимараттан тыс орнатылған шахтадағы тұзу ағынды кептіргіштерде кептіру	едәуір
660	Күріш, тары, қарақұмық қауыздарын жарма зауыты жұмысының 1-2 тәулікке сыйымдылығы бар бункерлік үлгідегі қоймаларда сақталуын қамтамасыз ету Қауыздарды ашық алаңдарда, төбе астында сақтауға жол бермеу	едәуір
661	Дән, күнжара және шроттарды сақтауы жүзеге асырылатын барлық сүрлемдер міндетті түрде температурасын қашықтықтан бақылау қондырғыларының (тұрақты термометр жүйелерімен) болуы	едәуір
662	Өздігінен тұтануға бейім күнжара, шрот және басқа да ұнтақты шикізатты олар тұрған ыдыстардан бос ыдыстарға кезең-кезеңмен ауыстырып тұруды қамтамасыз ету. Шикізатты бункерлер мен сүрлемдерде үздіксіз сақтаудың рұқсат етілген мерзімдері негізінде зауыттың бас технологы немесе технологиялық зертхананың меңгерушісі әзірлеген жоспар-графиктің болуы	едәуір
663	Өндірістің қалдықтарын тасымалдау үшін үй-жайға шаң шығуды болдырмайтын бағытсыз, механикалық көлік пен пневмокөлікті (норийлер, шынжырлы тасымалдағыштар, жабық қаптамалардағы таспалы және роликтері жоқ конвейерлер) қолдану	едәуір
23.7 Дәнді дақылдарды жинау және азық дайындау		
664	Дәнді дақылдарды жинар алдында астықты алқаптардың алаңын 50 гектардан кем емес учаскелерге бөлу. Учаскелер арасына кендігі 8 метрден кем емес шалғы жолын жасау. Шалғы жолынан шабылған астықты дереу жинау. Шалғы жолының ортасында ені кемінде 4 метр жер жыртудың болуы	едәуір
665	Уақытша егін қостарын астықты алқаптардан, тоқтан кемінде 100 метр алшақ жерге орналастыру	едәуір
666	Көлемі 25 гектардан астам жиналып жатқан астық алқаптарына тура жақын жерлерде өрт шыққан жағдайда өртенген зонаны жыртуға арналған соқасы бар трактордың болуы	өрескел
667	Астық қырмандарын ғимараттар мен құрылыстарға 50 метр, ал астық алқаптарына – кемінде 100 метр алшақ орналастыру	өрескел
668	Қыр жағдайларында сақтау және мұнай өнімдерін құю кеуіп қалған шөптен, жанғыш қоқыстан тазартылған және ені 4 метр кем емес жолағы жыртылған, немесе токтардан, мая шөп пен сабандардан, астық алқаптарын 100 метр қашықтықта және құрылыстардан 50 метр кем емес қашықтықта жыртылған жерде арнайы бөлінген аудандарда жүзеге асырылады	өрескел

669	Дәнді дақылдарды жинау және азық дайындау кезеңінде: 1) тракторлардың, қақпақтары жоқ немесе қақпақтары ашық өзі жүретін шассилер мен автомобильдердің жұмыс істеуіне; 2) қозғалтқыштардың радиаторларындағы шаңды күйдіру үшін дәнекерлейтін лампаларды қолдануға; 3) далада түнгі уақытта автомашиналарға жанар-жағар май құюға жол бермеу.	өрескел
670	Қозғалтқыштардың радиаторларын, битектердің, сабан толтырғыштардың, транспортерлер мен жинағыштардың біліктерін, шнектер мен басқа да тораптар және жинау машиналарының бөлшектерін шаңнан, сабаннан және дәндерден дер кезінде тазарту	едәуір
24.8 Дәруменді шөп ұнын дайындау және сақтау		
671	Шөпті ұнды жасауға арналған агрегаттарды төбенің астына немесе үй-жайға орнату	едәуір
672	Шөпті ұнды дайындау бекетінен бастап құрылыстар мен жанар-жағармай материалдары бар цистерналарға дейінгі өртке қарсы аралықтарды кемінде 50 метр, ал құнарсыз азықтар сақталатын ашық қоймаларға дейін – кемінде 150 метр етіп орындауды қамтамасыз ету	өрескел
673	Жұмсалатын отын бағын агрегат үй-жайынан тыс орнату. Отын құбырларын кемінде екі вентильмен (біреуі – агрегатта, екіншісі – отын бағында) жабдықтау.	едәуір
674	Ұнды бөлек тұрған қоймада немесе өртке қарсы қабырғалар мен жабындыларымен бөлінген және сенімді желдеткіші бар бөлікте басқа заттар мен материалдардан бөлек сақтауды қамтамасыз ету	едәуір
675	Қоймаға ылғал түсіруге жол бермеу. Ұнды үйіп сақтауға жол бермеу.	едәуір
676	Ұны бар қаптарды бір қатарға екі қаптан биіктігі 2 метрден аспайтындай етіп қатарларға жинауды қамтамасыз ету. Қатарлар арасындағы өту жолдарының кеңдігін кемінде 1 метр, ал қабырғалар бойынан – кемінде 0,8 метр етіп орындау	едәуір
23.9 Зығырды, сораны және өзге де техникалық дақылдарды алғашқы өңдеу		
677	Зығыр, сора және басқа техникалық дақылдарды (бұдан әрі – зығыр) машина бөлімшесінен окшаулауды қамтамасыз ету	өрескел
678	Іштен жану қозғалтқышының шығару құбырларын ұшқын сөндіргіштермен жабдықтау. Құбыр шығатын жерде жанғыш құрылғылар арқылы өртке қарсы аралықты орнату	өрескел
679	Зығыр шикізатын (сабандар, трестер) маяларда, шохаларда (жабын астынан), жабық қоймаларда, ал талшықтар мен қалдық талшықтарды – тек жабық қоймаларда сақтау	едәуір
680	Техникалық дақылдарды алғаш өңдегенде: 1) фермалар, жөндеу шеберханалары, гараж аумағында зығырды сақтауға және жармалауға; 2) автомашиналарға, тракторларға өндірістік үй-жайларына, дайын өнімдер мен шоха қоймаларына кіруге. Автомашиналарды кемінде 5 метр, ал тракторлардың көрсетілген ғимараттардан, маялардан және шохалардан кемінде 10 метр қашықтықта тоқтату көзделеді; 3) илеу-түту цехында пешпен жылыту жүйесін орнатуға жол бермеу.	едәуір
40	Барозалда (үй-жайда, көлік салонында) ақаулы аспаптарды және электр өткізгіштерді (закымдалған оқшаулағыштармен, сенімсіз ұшқындайтын түйісулермен) пайдалануға, электр қыздырғыш аспаптарын (су қайнатқыштарды, электр плиталарын) пайдалануға, жанғыш материалдардан жасалған жиһазды, ұшқын тудыруға қабілетті материалдар мен заттарды пайдалануға, ашық отты қолдануға, темекі шегуге, жұмыс орындарының төменгі жағына жарық түсіру үшін ашық орындалған шырақтарды қолдануға жол бермеу				
41	Майы алынбаған оттегі жабдығын пайдалануға жол бермеу				
42	Барозалда жанғыш және тез тұтанатын сұйықтықтарды, майларды, сондай-ақ жанғыш, оның ішінде таңып байлау материалдарын сақтауға жол бермеу				
43	Барозалдағы оттегі концентрациясын 23%-дан артық асыруға жол бермеу				
Дәріханалар және дәріхана қоймалары					
44	Басқа мақсаттағы ғимаратта орналасқан дәріханаларда жалпы саны 100 килограммнан аспайтын тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтардың болуы				
45	Арнайы орынға тігінен тұрғызылған күйде нығайтылған және қамытпен тығыз бекітілген, екеуден аспайтын оттегі толтырылған баллонды жеке орналасқан дәріханаларда сақтауды жүзеге асыру				
46	Транзиттік электр кәбілдері өтетін үй-жайларда, сондай-ақ газ коммуникациялары және май толы аппаратуралары бар үй-жайларда сақтауға жол бермеу				
47	Өнімді үйіп-төгіп сақтауға және оны жылу беру радиаторлары мен құбырларына нығыз жинауға жол бермеу				
48	Материалдарды сақтау қоймаларында ашуға және буып-түюге жол бермеу				
49	Пластмасс бұйымдарын желдетілетін, қараңғы, құрғақ үй-жайда бөлме температурасында, жылу беру жүйелерінен кемінде 1 метр қашықтықта сақтауды қамтамасыз ету				
50	Өрт қауіпті және жарылыс қауіпті дәрілік заттарды сақтауға арналған үй-жайларды жанбайтын және төзімді стеллаждармен және тұғырлармен қамтамасыз ету				
51	Тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды ені кемінде 0,7 метр және биіктігі кемінде 1,2 метр есіктері бар жапсарлас жанбайтын шкафтарда сақтауды қамтамасыз ету				
52	100 килограммнан астам мөлшердегі тез тұтанатын сұйықтықтарды бөлек тұрған ғимаратта, шыны немесе металл ыдыста, өзге топтардағы от қауіпті заттарды сақтау үй-жайларынан оқшаулап сақтауды жүзеге асыру				

53	Ұйымдардың өндірістік үй-жайларында тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды жалпы мөлшері 3 килограммнан аспайтындай етіп, жылыту аспаптары мен шығу жолдарынан қашықта арнайы металл жәшікте сақтау				
54	Өрт қауіпті және жарылыс қауіпті заттар сақталатын үй-жайларда сыртынан, сондай-ақ осы үй-жайлардың ішіндегі есіктерде айқын көрінетін "От қауіпті", "Жарылыс қауіпті", "Темекі шегуге жол берілмейді", "Өрт шыққан жағдайда 101 телефонына қоңырау соғу қажет" деген жазулардың болуы				
55	Тез тұтанатын сұйықтықтарды сақтауға арналған контейнерлерді сұйықтықтардың булануын алдын алу үшін тығыз жабылатын қақпағы бар шыныдан немесе металдан дайындау				
56	Тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтары бар бөтелкелер, баллондар мен өзге де үлкен сыйымдылықтарды соққыдан сақтайтын ыдыста немесе баллон аударғыштарда бір қатарда сақтауды жүзеге асыру				
57	Тез тұтанатын және жанғыш сұйық дәрілік заттарды минералды қышқылдармен (күкірт, азот және өзге де қышқылдармен), сығылған және сұйытылған газдармен, тез жанғыш заттармен, сондай-ақ органикалық заттармен, жарылыс қауіпті қоспалар беретін (хлорат калиі, перманганат калиі) бейорганикалық тұздармен бірге сақтауға жол бермеу				
58	Жанғыш және жарылыс қауіпті дәрілік заттарды қабырғасы қалың, тығыз жабылатын контейнерлерде (бөтелкелерде, банкаларда, барабандарда) сақтау				

Лауазымды адам (адамдар)

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Тексерілетін субъектінің басшысы

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы)

Қазақстан Республикасы
 Ұлттық экономика министрінің
 2017 жылғы 20 маусымдағы
 № 246 және
 Қазақстан Республикасы
 Ішкі істер министрінің
 2017 жылғы 2 мамырдағы
 № 307 бірлескен бұйрығына
 16-қосымша

Білім беру объектілеріне қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді тағайында туралы акт _____

(№, күні)

Тексерілетін субъектінің (объектінің) атауы _____

Тексерілетін субъектінің (объектінің) (ЖСН), БСН _____

Орналасқан мекенжайы _____

Р/с №	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес	Талаптарға сәйкес емес
1	2	3	4	5	6
1	Оқушылармен және студенттермен тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі талаптарын және өрт шыққан жағдайдағы іс-қимылдармен зерделеу бойынша сабақтар өткізу. Бастауыш сыныптармен, сондай-ақ мектепке дейінгі балалар мекемелерінде өртке қарсы тақырыбында әңгімелесулер өткізу. Жалпы білім беретін мектептерде, кәсіби мектептерде, колледждер мен жоғары оқу орындарында өрт қауіпсіздігі қағидасын оқу бойынша нұсқаулық сабақтарын өткізу				
2	Зертханаларда тез тұтанатын сұйықтықтар мен жанғыш сұйықтықтарды ауысымдық қажеттіліктен аспайтын мөлшерде сақтауға жол бермеу				
3	Егер сору шкафта орындалатын операцияға қатысы жоқ заттар, материалдар мен жабдықтар болса, сондай-ақ олар жарамсыз және желдеткіштің ажыратылған жүйесі болса, онда жұмыс жүргізуге жол бермеу				
4	Тез тұтанатын заттармен жұмыс жүргізілетін сору шкафтарын жанбайтын лакпен бояудың немесе оның ағаш бөліктерін жабудың болуы				
5	Жұмыс соңында қолданылған тез тұтанатын сұйықтықтар мен жанғыш сұйықтықтардың арнайы жабық ыдыста жиналуын, бұдан әрі пайдаға асырылуы үшін зертханадан шығарылуын қамтамасыз ету				
6	Тез тұтанатын сұйықтықтар және жанғыш сұйықтықтарды кәрізге төгуге жол бермеу				
7	Балалар мекемелерінің көп қабатты ғимараттарында кіші жастағы балалардың топтарын (сыныптары) екінші қабаттан жоғары орналастырмау				

8	Сыныптарда, кабинеттерде, шеберханаларда, жатын бөлмелерде, асханалар мен басқа да үй-жайларда жиһаздар мен жабдықтарды орналастыру кезінде адамдарды кедергісіз эвакуациялауды және өрт сөндіру құралдарын алуды қамтамасыз ету				
9	Оқу сыныптары мен кабинеттеріндегі парталар (үстелдер) санының артық болуына жол бермеу				
10	Сабақтар аяқталғаннан кейін кабинеттердегі, зертханалардағы және шеберханалардағы өрт, жарылыс және өрт қаупі бар барлық заттар мен материалдарды жеке үй-жайларда орналастырылған жанбайтын шкафтарға (жәшіктерге) орналастырылады				
11	Балалар тәулік бойы болатын мектеп ғимараттары мен мектепке дейінгі балалар мекемелерінде телефон байланысы қамтамасыз етілген қызмет көрсетуші персоналдың тәулік бойы кезекшілігінің болуы				

Лауазымды адам (адамдар)

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Тексерілетін субъектінің басшысы

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы)

Қазақстан Республикасы
 Ұлттық экономика министрінің
 2017 жылғы 20 маусымдағы
 № 246 және
 Қазақстан Республикасы
 Ішкі істер министрінің
 2017 жылғы 2 мамырдағы
 № 307 бірлескен бұйрығына
 17-қосымша

Әлеуметтік сала (қарттар мен мүгедектер үйлері, балалар үйлері, интернат үйлері, балалар үйлері, интернат үйлері, балалар мен мүгедектерге арналған психоневрологиялық орталықтар) объектілеріне қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді тағайында туралы акт _____

(№, күні)

Тексерілетін субъектінің (объектінің) атауы _____

Тексерілетін субъектінің (объектінің) (ЖСН), БСН _____

Орналасқан мекенжайы _____

Р/с №	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес	Талаптарға сәйкес емес
1	2	3	4	5	6
1	Қағаздарға және басқа да жанғыш қалдықтарға арналған себеттер мен жәшіктерді тұрақты тазарту, қоқыстарды ғимараттан тыс арнайы бөлінген орынға шығару				
2	Жанған кезде уыттылығы жоғары өнімдер шығаруға қабілетті полимерлік материалдар қолдана отырып жасалған жиһаз бен жабдықтарды пайдалануға жол бермеу				
3	Әлеуметтік қызмет көрсету ұйымдарының қызметтік үй-жайларында тұрмыстық электр аспаптарын (тоназытқыштарды, қысқа толқынды пештерді, электр жылытқыштарды, электр шәйнектерді) орнатуға және пайдалануға жол бермеу				
4	Тамақты тек осы мақсаттарға арнайы бөлінген және жабдықталған жерлерде ғана дайындауды (жылытуды) қамтамасыз ету. Тұрмыстық қажеттіліктерге арналған электр жылытқыш аспаптарын автоматты өшіру құралдарынсыз қолдануға жол бермеу				
5	Әлеуметтік қызмет көрсету ұйымдарында үй-жайларды жарықтандыру үшін керосин шамдар мен шырақтарды қолдануға жол бермеу				
6	Жатын бөлмелерде, ойын бөлмелерінде және қызмет көрсетілетін тұлғалар болатын басқа да үй-жайларда үтіктерді, электр плиталарын және басқа да электрмен жылытқыш құралдарды пайдалануға жол берілмеу. Киімдерді үтіктеуді тек осы мақсатқа бөлінген арнайы жабдықталған үй-жайларда ғана жүзеге асыру				
7	Қызмет көрсетуші персоналдың тәулік бойы кезекшілігінің болуы. Кезекшінің өзімен бірге эвакуациялық шығу есіктеріндегі барлық құлыптардың кілттері жиынтығы болуы. Кілттердің басқа жиынтығын кезекшінің үй-жайында сақтау.				

Лауазымды адам (адамдар)

(лауазымы)

(қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Тексерілетін субъектінің басшысы

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2017 жылғы 20 маусымдағы
№ 246 және
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2017 жылғы 2 мамырдағы
№ 307 бірлескен бұйрығына
18-қосымша

Сауда объектілеріне қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді тағайында туралы акт _____

(№, күні)

Тексерілетін субъектінің (объектінің) атауы _____

Тексерілетін субъектінің (объектінің) (ЖСН), БСН _____

Орналасқан мекенжайы _____

Р/с №	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес	Талаптарға сәйкес емес
1	2	3	4	5	6
1	Сауда залдары мен эвакуациялау жолдарында жанғыш материалдарды, қалдықтарды, орамалар мен контейнерлерді сақтауға жол бермеу. Оларды күн сайын жиналуына қарай алынып тастауды қамтамасыз ету. Жанғыш ыдыстарды ғимараттың терезелеріне жақын жинауға жол бермеу				
2	Терезе ойықтары немесе түтін жоюға арналған шахтасы жоқ үй-жайларда жанғыш тауарларды немесе жанбайтын тауарларды жанғыш орамада сақтауға жол бермеу				
3	Сіріңкелерді, одеколонды, иісуларды, аэрозоль орамаларын және өртке қатысты басқа да қауіпті заттарды басқа заттардан бөлек арнайы бейімделген үй-жайларда сақтауды жүзеге асыру				

4	Сауда залдарында сатып алушылар болған кезде отпен байланысты жұмыстарды жүргізуге жол бермеу				
5	Тез тұтанатын сұйықтықтарды және жанғыш сұйықтықтарды және жанғыш газдарды (газ баллондарын, бояуларды, лактарды, еріткіштерді, тұрмыстық химия тауарларын), аэрозоль орамаларын, оқ-дәрілер мен пиротехникалық бұйымдарды өзге мақсаттағы ғимараттарда орналастырған кезде оларды сатуға жол бермеу				
6	Эвакуациялау жолдарында және сатылы торларда сағат жөндеу орындарын, ою және басқа да шеберханаларды, сондай-ақ дәрі-дәрмек, газет, кітап және басқа да дүңгіршектерді орналастыруға жол бермеу				
7	Сауда залдарында әуе шарларын толтыруға және басқа да мақсаттарға арналған жанғыш газдары бар баллондарды орнатуға жол бермеу				
8	Сатылы торларда, тамбурларда және басқа да эвакуациялау жолдарында сауда, ойын аппараттарын орналастыруға және тауарлар саудасына жол бермеу				
9	15000 мыңнан артық аэрозоль орамаларын сақтауға жол бермеу				
10	Ашық базарлардың сауда қатарларының үстіндегі жабындарды жанбайтын материалдардан немесе оттан қорғайтын құрамдармен өңделген ағаштан жасау				
11	Сауда қатарлары арасындағы ашық өту жолдарын маталармен, қағазбен, үлдірмен жабуға жол бермеу				
12	Базарларды басқа мақсаттағы ғимараттың бөлігіне немесе оларға жапсарлас құрылыстарға орналастыруға жол бермеу				
13	Ғимараттар мен құрылыстарда орналастырылатын дүңгіршектер мен дүкеншелерді жанбайтын материалдардан жасау. Жанғыш сұйықтықтарды, дезодоранттарды, сығылған газдарды сатуға арналған павильондар мен дүңгіршектерді жеке тұрған немесе ұксас тауарларды сататын дүңгіршектер тобын отқа төзімділігі I, II, III дәрежелі етіп салу				
14	Жұмыс уақытында сатып алушылардың эвакуациялық шығу жолдарымен байланысты жолдар арқылы тауарларды тиеу мен ыдыстарды түсіруді жүзеге асыруға жол бермеу				
15	Әрқайсысының сыйымдылығы 1 литрден астам шыны ыдыстарға бөлшектеп құйылған тұрмыстық химиялық тауарлармен, лактармен, бояулармен және тез тұтанатын сұйықтықтармен, жанғыш сұйықтықтармен сауда жасауға, сондай-ақ "От қауіпі бар", "Отқа жақын шашыратпа" деген ескерту жазулары жоқ заттаңбасынсыз өрт қауіпті тауарларды сатуға жол бермеу				
Сауда павильондары мен дүңгіршектер					
16	Бөлінген аумақта дүңгіршектерді, сондай-ақ ауданы 20 шаршы метрге дейінгі қоса алғанда бір қабатты павильондар орналастыру топтарын орналастыруды жүзеге асыру. Бір топта отқа төзімділік дәрежелеріне қарамастан 10-нан аспайтын құрылыс орналастыру.				

17	Жанатын қалдықтарды жинау орындары дүңгіршектер мен павильондардан кемінде 15 метр қашықтықта орналастыру				
18	Орама материалдары мен мүкәммалдарды сақтауға арналған үй-жайлардың ауданы 5 м ² аспайтын етіп орындау				

Лауазымды адам (адамдар)

_____ (лауазымы) _____ (қолы) _____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Тексерілетін субъектінің басшысы

_____ (қолы) _____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы)

Қазақстан Республикасы
 Ұлттық экономика министрінің
 2017 жылғы 20 маусымдағы
 № 246 және
 Қазақстан Республикасы
 Ішкі істер министрінің
 2017 жылғы 2 мамырдағы
 № 307 бірлескен бұйрығына
 19-қосымша

Сақтау объектілеріне қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді тағайында туралы акт _____

(№, күні)

Тексерілетін субъектінің (объектінің) атауы _____

Тексерілетін субъектінің (объектінің) (ЖСН), БСН _____

Орналасқан мекенжайы _____

Р/с №	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес	Талаптарға сәйкес емес
1	2	3	4	5	6
1	Қолданылатын өрт сөндіргіш заттардың бір тектілігіне қарамастан, қандай да бір материалдар мен тауарларды				

	көксағызбен немесе авторезенкемен бір секцияда бірге сақтауға жол бермеу				
2	Жанғыш газдары бар баллондарды, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтары бар сыйымдылықтарды (бөтелкелер, үлкен бөтелкелер, басқа да ыдыс), сондай-ақ аэрозоль орамдарын күн сәулесі мен өзге де жылу әсерінен қорғауды қамтамасыз ету				
3	Көп қабатты қоймаларда аэрозоль орамаларын өртке қарсы бөліктерде тек жоғары қабатта ғана, бұл ретте бөліктегі орамалардың саны 150000 аспайтындай жиналуын қамтамасыз ету				
4	Қойманың жалпы сыйымдылығы 900000-нан орамнан аспайтын жағдайда, оның оқшауланған бөлігінде 15000-нан аспайтын орамды (қорапты) сақтауды қамтамасыз ету. Қоймаларды шатырсыз, тез ашылатын жабындысы бар ғимараттарды орналастыру				
5	Жалпы қоймаларда 5000 данадан аспайтын мөлшерде аэрозоль орамдарын жинауды жүзеге асыру				
6	Ашық алаңдарда немесе шатырлар астында аэрозоль орамдарын тек жанбайтын контейнерлерде ғана сақтауды жүзеге асыру				
7	Қойма үй-жайларында материалдарды стеллажсыз тәсілмен сақтаған кезде қатарлап жинауды жүзеге асыру. Қойма үй-жайларының есік ойықтарына қарама-қарсы ені есіктің еніне тең, бірақ 1 метрден кем емес еркін өту жолдарының болуы. Қоймаларда әрбір 6 метр сайын ені кемінде 0,8 метр бойлық өту жолдарының болуы				
8	Қойма үй-жайлары ішіндегі ағаш конструкцияларын оттан қорғау құраммен өңдеуді жүзеге асыру				
9	Транзиттік электр кәбілдер, газ және өзге де басқа да коммуникациялар өтетін үй-жайларда қоймаларды орналастыруға жол бермеу				
10	Шырақтардан бастап сақталатын тауарларға дейінгі қашықтық кемінде 0,5 метр және жанғыш құрылыс конструкцияларының үстіне дейін 0,2 метр болуы				
11	Тауар-материалдық құндылықтарын сақтауға арналған үй-жайларда тұрмыстық қызмет көрсету, тамақ ішу және басқа да қосалқы қызметтер бөлмелерін орналастыруға жол бермеу				
12	Қойма үй-жайларында және дебаркадерлерде тиеу-түсіру және көлік құралдарының тұруына және оларды жөндеуге жол бермеу				
13	Қоймалардың ғимараттарында ыдысты ашумен, жарамдылықты тексерумен және ұсақ жөндеумен, өнімді өлшеп ораумен, өрт қауіпті сұйықтықтардың жұмыс қоспаларын (нитробояуларды, лактарды) дайындаумен байланысты барлық операцияларды сақтау орындарынан оқшауланған үй-жайларда жүзеге асыру				
	Қоймалардың электр жабдықтары жұмыс күні аяқталғанда токтан ажыратылады. Қойманы электрмен жабдықтауды				

14	ажыратуға арналған аппараттар қойма үй-жайынан тыс, жанбайтын материалдан жасалған қабырғаға немесе бөлек тұрған тірекке орнату, шкафқа немесе пломбылауға арналған құрал-саймандары бар текшеге орналастырып, құлыппен жабу				
15	Қоймалардың үй-жайларында кезекшілік жарықтандыруға, сондай-ақ газ плиталарын, электрмен қыздыру аспаптарын пайдалануға және штепсель розеткаларды орнатуға жол бермеу				
16	База мен қоймалардың аумағында орналасқан ғимараттарда персонал мен өзге де тұлғалардың тұруына жол бермеу				
17	А, Б және В1- В4 санатты қойма үй-жайларына локомотивтердің өтуіне жол бермеу				
18	Цех қоймаларында нормадан асатын мөлшерде тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды сақтауға жол бермеу				
19	Түгін жою үшін ойықтары бар терезелері жоқ жертөле және цоколь қабаттардың үй-жайларында, сондай-ақ ғимараттардың жалпы саты торларын осы қабаттармен қосқанда жанғыш ыдыста жанғыш материалдарды немесе жанбайтын материалдарды сақтауға жол бермеу				
Газ баллондарын сақтау					
20	Жанғыш газдары бар баллондарды сақтауға арналған қоймаларды жеңіл ашылатын жабындары бар, бір қабатты, шатырсыз ғимараттарда орналастыру				
21	Газы бар баллондар сақталатын үй-жайлардың терезелерін ақ бояумен сырлау немесе күннен қорғайтын жанбайтын құрылғылармен жабдықтау				
22	Баллондарды сақтау орындарының айналасында 10 метр қашықтыққа қандай да бір жанғыш материалдарды сақтауға және отты жұмыстарды жүргізуге жол бермеу				
23	Баллондар орналастырылатын шкафтар мен үйшіктер жанбайтын материалдардан жасалуы және олардың ішінде жарылыс қауіпті қоспалардың түзілуін болдырмайтын табиғи желдеткішпен жабдықтау				
24	Жанғыш газдары бар баллондарды оттегі, сығылған ауа, хлор, фтор және басқа да тотықтырғыштары бар баллондардан, сондай-ақ улы газдары бар баллондардан бөлек сақтауды жүзеге асыру				
25	Газды баллондарда сығылған, сұйытылған және ерітілген күйде сақтауды жүзеге асыру. Баллондарды сыртқы қабаттары сол газ үшін белгіленген түспен бояу				
26	Оттегі бар баллондарды сақтау және тасымалдау кезінде майдың түсуіне және баллон арматурасының майлы материалдармен жанасуына жол бермеу				
27	Газдар сақталатын үй-жайларда жарылыс қауіпті қосылымдарға дейін жарамды газ талдағыштардың болуы				
28	Жанғыш газдары бар баллондар сақталатын қоймалық үй-жайға табанында металл шеге немесе таға қағылған аяқ киім киген адамдардың кіруіне жол бермеу				

29	Табандығы бар жанғыш газ баллондары тігінен, олардың құлап қалуын болдырмайтын арнайы ұяшықтарда, торларда немесе басқа да құрылғыларда сақтау				
30	Табандығы жоқ баллондарды көлденеңінен рамаларда немесе стеллаждарда сақтау. Қатардың биіктігі бұл жағдайда 1,5 метрден аспайтындай етіп қолдану, ал клапандарды сақтандыру қалпақтарымен жабу және бір жағына қарай бұру				
31	Газ қоймаларында қандай да бір басқа заттарды, материалдар мен жабдықты сақтауға жол бермеу				
32	Жанғыш газдары бар қоймалардың үй-жайларында табиғи желдеткіштің болуы				
Ағаш материалдар қоймасын ұстау					
33	Сақталатын материалдардың шекті көлемін, өртке қарсы бөліктер мен қатарлар арасындағы, сондай-ақ қатарлар мен көршілес объектілер арасындағы өту жолдарын көрсете отырып, қатарларды орналастыру жоспарларының болуы				
34	Қатарлар арасындағы өртке қарсы бөліктерде ағаш материалдарын, жабдықты жинап қоюға жол бермеу				
35	Қатарларға арналған орындар шөп жамылғысынан, жанғыш коқыс пен қалдықтардан топыраққа дейін тазарту немесе қалыңдығы кемінде 0,5 метр құм, топырақ немесе қиыршық тас қабатының болуы				
36	Әрбір қоймада кәсіпорын жұмыскерлері мен техникасын тарту мүмкіндігін ескере отырып, қатарларды, баланс үймесі, жоңқаларды бұзу шаралары анықталған жедел өрт сөндіру жоспарының болуы				
37	Қоймаларда алғашқы өрт сөндіру құралдарынан басқа бекеттер (бекеттер) жедел өрт сөндіру жоспарларында анықталатын мөлшерде өрт техникасының әртүрлі түрлерінің қоры болуы				
38	Қоймаларда ағаш материалдарын сақтаумен байланысы жоқ жұмыстарды жүргізуге жол бермеу				
39	Ағаш материалдары қоймаларындағы жеке ғимараттарда өртке қарсы бөліктерді сақтай отырып, жұмысшыларға арналған тұрмыстық үй-жайларды орналастыру				
40	Үй-жайларға жылу беру үшін зауытта дайындалған электрмен жылыту аспаптарын қолдану				
41	Іштен жану қозғалтқыштары бар шығырларды дөңгелек ағаш қатарларынан кемінде 15 метр қашықтықта орналастыру				
Ағаш материалдар қоймасы					
42	Тасымалдау пакеттерін өртке қарсы бөліктерде, өту жолдарында, өрт сөндіру су көздеріне кіреберістерге орнатуға жол бермеу				
43	Жабық қоймалар мен бастырма алаңдарының едендерін жанбайтын материалдан жасау				
Жоңқа қоймалары					
44	Жоңқаны жабық қоймаларда, бункерлерде және едені жанбайтын жасалған ашық алаңдарда сақтауды жүзеге асыру				

45	Жоңқаның қызу температурасын бақылау үшін кертпектің ішінен жылу электрлік түрлендіргіштерді орнату үшін жанбайтын материалдардан жасалған құдықтардың болуы				
Көмір қоймасы					
46	Жаңа қазылып алынған көмірді бір айдан артық жатқан ескі көмір үйіндісіне жинауға жол бермеу				
47	Жанып жатқан көмірді транспортер таспалары арқылы тасымалдауға және оларды теміржол көлігіне немесе бункерге тиеуге жол бермеу				
48	Көмір қатарларын жылу көздерінің (бу құбырлары, ыстық су құбырлары, қызған ауа арналары) үстіне, сондай-ақ төселген электр кабiлдері мен мұнай-газ өткізгіштердің үстіне орналастыруға жол бермеу				
49	Көмірді жинау және оны сақтау кезінде қатарларға ағаштың, матаның, қағаз бен өзге де жанғыш материалдардың түсуіне жол бермеу				
50	Өндірістік ғимараттардың жертөле немесе бірінші қабатында орналасатын, көмір сақтауға арналған үй-жайларды өртке қарсы бөгеттермен (қабырғалармен және қалқалармен) бөлу				
Жанғыш талшықты материалдар қоймалары					
51	Қатардағы талшық массасының 300 тоннадан артуына жол бермеу				
52	Қатарлардың өлшемдерін 22 x 11 метрден аспайтындай, биіктігі бойынша 8 метрден аспайтындай етіп жүзеге асыру				
53	Ұяшықта алты қатардан немесе бастырмадан артық болмауы, қатарлар арасындағы аралықтар – кемінде 15 метр, бастырмалар арасында барлық бағыттар бойынша – 20 метр				
54	Топта саны төрттен аспайтын ұяшықтың болуы (24 қатар немесе бастырма), ұяшықтар арасындағы аралық – барлық бағыттар бойынша кемінде 30 метр				
55	Секторда төрттен аспайтын топтың (96 қатар немесе бастырма) бар болуы, топтар арасындағы аралық – барлық бағыттар бойынша кемінде 50 метрдің бар болуы				
56	Секторлар арасындағы аралықтардың 100 метрден кем болуына жол бермеу				
57	Талшықты материалдар сақтауға арналған қоймалар, бастырмалар және ашық алаңдар орналасқан учаскелерде қоршаудың болуы				
58	Өндірістік қалдықтарды шикізатпен және дайын өніммен бірге сақтауға жол берілмеу				
59	Талшықты материалдардың бастырмалары мен қатарларына ұшқын өшіргіштерсіз темір жол (паровоздардан басқа) және автокөліктің 5 метр, ал тракторлардың 10 метр жақын келуіне жол бермеу				
Қор саябақтарының мазмұн тәртібі					
60	Резервуарлардың топырақ үйіп бекітілген жерлерінің көлемін топырақ үйіп бекітілген жердегі ең үлкен және тұрақты жарамды күйде ұсталатын резервуардың көлеміне тең етіп орындау				

61	Толтыруды және деңгейді өлшеуді бақылау мен автоматтандыруға арналған құрылғылардың желілерінен басқа, резервуарлардың топырақ үйіп бекітіліген жері ішінде және тікелей резервуарларда электр жабдығын орнатуға және электр желілерін төсеуге жол бермеу				
62	Резервуарлық парктегі құбырлардың коммуникациясын резервуармен авария болған жағдайда мұнайды бір ыдыстан келесісіне қотарып алу мүмкіндігін қамтамасыз ететіндей етіп орнату				
63	Жылдың қысқы мезгілінде резервуарлардың төбесінен қарды дер кезінде алу, сондай-ақ резервуарлық парктің аумағына жолдар мен өрт сөндіруге өту жолдарын қардан тазарту				
64	Жарылыс және өрт қауіпті үй-жайларда және резервуарлық парк аумағында көмірсутегі концентрациясын тұрақты бақылау үшін түсті және дыбысты сигнализация бар газ талдағыштардың болуы				
65	Көрінетін жерлерде резервуарлық парктің барлық аумағында және жеке тұрған резервуарларда өртке қарсы өртке қарсы режимінің бұзылуына жол бермеу туралы жазбаның болуы				
66	Өлшеу қондырғыларының тек стационарлық жүйелерімен мұнай өнімдерінің сынамасын іріктеуді және деңгейін өлшеуді жүзеге асыру				
67	Күкіртті мұнай өнімдері сақталатын резервуарлар үшін пирофор күкіртті темір шөгінділерінен тазалау бойынша жоспарлы жұмыстардың кестесінің болуы				
68	Авария кезінде төгілген мұнай өнімін жою үшін, сондай-ақ топырақ үйіп бекітілген жерлерден канализация жолдарда нөсер суын ағызу үшін топырақ үйіліп бекітілген жерлердің шектерінен тыс қолданысқа келтірілетін сақпан-клапандар түріндегі бекіткіш құрылғылардың болуы				
69	Жобалық құжаттамада белгіленген топырақпен үйіп бекітілетін жердің биіктігін азайтуға жол бермеу				
70	Қисық тұрған және сызаттары бар резервуарларды, сондай-ақ ақаулы жабдықты, бақылау-өлшеу аспаптарын, өнім өткізгіштерді және тұрақты өртке қарсы құрылғыларды пайдалануға жол бермеу				
71	Топырақ үйіп бекітілген жерге ағаш, бұта, шөп отырғызуға жол бермеу				
72	Жанғыш негізге сыйымдылықтарды орнатуға жол бермеу				
73	Резервуарлар мен цистерналарды асыра толтыруға жол бермеу				
74	Резервуарлық парк қоймаларында өрт сөндіруші заттар қорының, сондай-ақ оларды өрт сөндіру үшін қажетті санында, ең үлкен резервуарда беру құралдарының болуы				
Мұнай өнімдерін ыдыста сақтау тәртібі					
75	Қойма үй-жайлары басқа үй-жайлардан отқа төзімділік шегі кемінде EI-45 өртке қарсы қалқалармен бөлу				
	Тез тұтанатын және жанатын сұйықтықтары бар бөшекелерді қойма еденінде қолдан жинау кезінде 2 қатардан				

76	аспайтындай, жанғыш сұйықтықтары бар бөшкелерді механикалық жолмен жинау кезінде – 5 қатарда аспайтындай, ал тез тұтанатын сұйықтықтары бар бөшкелерді - 3 қатардан аспайтындай орналастыру				
77	Қатар енін 2 бөшкеден асырып орындауға жол бермеу. Басты жол енін бөшкелерді тасымалдау үшін 1,8 метрден кем емес етіп, ал қатарлар аралығын кемінде 1 метр етіп орналастыру				
78	Сұйықтықты тек қана жарамды ыдыста сақтау				
79	Ыдыстағы мұнай өнімдерін сақтауға арналған ашық алаңдарды сырты бойынша жер белдеуімен немесе биіктігі 0,5 метрден кем емес алаңға өтетін пандустары бар, жанбайтын тұтас қабырғамен қоршау				
80	Топырақпен үйіп қоршалған бір алаңның шегінде 4 қатардан аспайтын қатарлар арасындағы бөліктері кемінде 10 метр, ал қатар мен білік (қабырға) арасында кемінде 5 метр, мөлшері 25x15 метр және биіктігі 5,5 метр бөшкелерді орналастыру. Екі аралас алаңдардағы қатарлар арақашықтығын 20 метрден кем болмайтындай етіп орналастыру				
81	Қоймаларда тікелей және топырақпен үйіп қоршалған алаңдарда мұнай өнімдерін құюға, сондай-ақ буып-түю материалдары мен ыдысты сақтауға жол бермеу				

Лауазымды адам (адамдар)

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Тексерілетін субъектінің басшысы

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы)

Қазақстан Республикасы
 Ұлттық экономика министрінің
 2017 жылғы 20 маусымдағы
 № 246 және
 Қазақстан Республикасы
 Ішкі істер министрінің
 2017 жылғы 2 мамырдағы
 № 307 бірлескен бұйрығына
 20-қосымша

Ауылшаруашылық объектілеріне қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді тағайында туралы акт _____

(№, күні)

Тексерілетін субъектінің (объектінің) атауы _____

Тексерілетін субъектінің (объектінің) (ЖСН), БСН _____

Орналасқан мекенжайы _____

Р/с №	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес	Талаптарға сәйкес емес
1	2	3	4	5	6
Негізгі өндірістік объектілер					
1	Отпен жылытатын азық дайындау үшін вакуумдық - сорғыш және жылу генераторларын орналастыруға арналған үй-жайларды, сондай-ақ мал шаруашылығы және құс шаруашылығы ғимараттарына жапсарлас немесе олардың ішінде салынған ірі жемшөптер қорын сақтауға арналған үй-жайларды мал шаруашылығы мен құс өсіру фермаларындағы мал мен құсты ұстауға арналған үй-жайлардан өртке қарсы қабырғалармен және жабындылармен бөлу. Көрсетілген үй-жайларды тікелей сыртқа шығу жолдарымен жабдықтау				
2	Жануарлар мен құстарға арналған үй-жайларға шеберханалар, қоймалар, автокөлік, трактор, ауыл шаруашылық техникасын орналастыруға, сондай-ақ фермаларға қызмет көрсетуге байланысты емес жұмыстарды жүргізуге жол бермеу. Бұл үй-жайларға газ шығаратын трубалары ұшқын өшіргіштерімен жабдықталмаған тракторларға, автокөліктер мен ауыл шаруашылық машиналарына кіруіне жол бермеу				
3	20 және одан астам мал басы болған жағдайда сүт тауары фермаларында (кешендерде) топтық байлау әдісін қолданудың болуы				
4	Фермалардың шатырдағы үй-жайларында ірі жемшөпті сақтаған кезде мына іс-шараларды қамтамасыз ету: 1) төбе жабынын өртенбейтін материалдардан жасау; 2) шатырдағы ағаш жабындарын және жанғыш жылытқышты шатыр үй-жайлары жағынан тұтанудан жанғыш жылытқыш бойын қалыңдығы 3 сантиметр балшық сылағымен (немесе теңбе-тең оттан қорғаумен) немесе өртенбейтін жылытқышпен қорғау; 3) шатырдағы электр желісін механикалық ақаулықтардан қорғау; 4) түтіндіктерді периметр бойынша 1 метр қашықтықта қоршау.				

5	<p>Электр брудерлерін орнатқанда және пайдаланғанда мына іс-шараларды қамтамасыз ету:</p> <p>1) жылу қыздырғыш элементтерінен төсемдер мен жанғыш заттарға дейінгі қашықтықты ұзынынан 80 сантиметрден кем емес, ал көлденең 25 сантиметрден кем емес ету;</p> <p>2) тек зауытта шығарылған қыздыру элементтері қолдану және қызған бөлшектері түсіп қалу ықтималы болмайтындай етіп орнату. Ашық жылыту элементтерін қолдануға жол бермеу</p> <p>3) оларды электр энергиясымен қамтамасыз ету бөліп таратқыш қалқанынан дербес желілері бойынша іске асыру. Брудердің әрқайсысын дербес ажыратқыштармен жабдықтау ;</p> <p>4) бөліп таратқыш қалқанының барлық электр желісін тоқтан ажыратқыш қосқышымен, сондай-ақ қысқа түйісу мен шамадан тыс жүктемеден қорғау құрылғысымен жабдықтау</p>				
6	Жылжымалы ультракүлгін кондырғылар және олардың электр жабдықтары жанғыш материалдардан 1 метрден кем емес қашықтықта орналастыру				
7	Қырқатын агрегаттың бензин қозғалтқышын ғимараттардан 15 метр қашықтықта, шөп пен қоқыстан тазартылған алаңшада орнату. Жанар-жағармай материалдарының қорын сақтауды қырку бекеті мен құрылыстардан 20 метр қашықтықта, жабық металл ыдыста жүзеге асыру				
8	Қырку бекетінде ауысым өнімінен артық жүн жинауға және өту-шығу орындарына жүн теңдерін үйіп қоюға жол бермеу				
9	Аммиак селитрасын отқа төзімділігі I және II дәрежелі дербес шатырсыз бір қабатты өртенбейтін едендері бар ғимараттарда сақтау. Ерекше жағдайларда селитраны отқа төзімділігі I немесе II дәрежелі ауыл шаруашылығы кәсіпорнының минералды тыңайтқыштардың ортақ қоймасының жеке бөлігінде сақтауға жол беріледі. Әсері күшті тотықтырғыштарды (магний және кальций хлораттары, сутегі тотығы) отқа төзімділігі I, II және III дәрежелі ғимараттардың жеке бөліктерінде сақтау.				
10	Фермалар мен басқа ауыл шаруашылығы объектілерін қылқан жапырақты ормандарға жақын, құрылыстар мен орман алқаптарының арасында орналастырғанда көктемгі-жазғы өрт қауіпті кезеңге бульдозерлер, соқалар және басқа да топырақ өңдейтін құрал-жабдықтар арқылы (шаруашылық тұрғыдан орынды болса, қорғайтын алқаптарда картоп, бөрібұршак, түйебұршак сияқты өртке төзімді өсімдіктер) орнатылатын өртке қарсы қорғау алқаптарын құру				
Ауылшаруашылық өнімді қайта өңдеу					
11	Қаптарды ұннан тазарту және оларды сақтау үшін қапты қағатын машинасы орнатылған оқшауланған үй-жайлардың бар болуы				
12	Нан пісіру кәсіпорындарында сұйық май мен өсімдік майын ыдыссыз сақтауды жеке үй-жайларда қамтамасыз ету				

13	Қатты отынмен жұмыс істейтін нан пісіру пештерінің үздіксіз бесікше подикті тұйық жерлеріндегі отындары үшін өртке қарсы қалқамен (өртке қарсы есікпен) және жабындымен бөлінетін бөлмелердің бар болуы				
14	Отын бөлмесінде бір ауысымға арналған қатты отыннан аспайтын қордың болуына жол бермеу				
15	Нан пісіру пештері сұйық отында жұмыс істегенде сұйық отынның шығыс бактарын орнатуға арналған өртенбейтін құрылыстан жасалған ғимараттан тыс және окшауланған бөлмелердің бар болуы				
16	Элеваторлардағы, ұн тартатын, құрама жем және арпа зауыттарында бір мезгілде 15 адамнан кем болатын өндірістік үй-жайлардың есіктерін үй-жайлардың ішіне қарай (эвакуациялау орнына қарсы) ашылатындай етіп жасауға жол беріледі. Сонымен қатар тамбур-шлюздердің есіктері әр жаққа ашылады (өндірістік үй-жайлардан тамбур-шлюздеріне қарай эвакуациялау жолына қарсы, тамбур-шлюзден саты алаңына қарай есіктер – эвакуациялау жолы бойымен).				
17	Таспа конвейерлерін өткізуге арналған өртке қарсы ойықтарда автоматтандырылған өрт сөндіру қалқандардың немесе өрт шыққан жағдайда оларды жабуға арналған құрылғылардың болуы				
18	Тұрмыстық, қосалқы және әкімшілік-шаруашылық үй-жайлары, басқару пультінің үй-жайлары, электр таратқыш құрылғылары, желдеткіш камералары мен саты алаңдары арқылы ауа жолын, материал өткізгіштерін, бағытсыз құбырларды өткізуге жол бермеу				
19	Циклондарды сыртта, жем кептіргіштерге және қазандықтардың түтін құбырларына қараған жаққа орнатуға жол бермеу				
20	Кәбілдерді төсеуге арналған шахталарда норийлер, бағытсыз және аспирациялау құбырларын, сондай-ақ басқа тасымалдау және технологиялық жабдықтарды орнатуға жол бермеу				
21	Астық сақтау қоймаларының, астықты қайта өндіретін кәсіпорындардың қабаттарында қабатаралық және цех аралық байланыстың (телефондар, сөйлесу құбырлары, коңыраулар) болуы.				
22	Автокөлікке өнім мен қалдықтарды ыдыссыз тиеу кезінде аумақты шаң басудан сақтандыратын құрылғылары болуы				
23	Аралас жем зауыттарында темір жол және автокөлігінен ұн шикізатын және кебектерді түсіру орындарын шаң басудың алдын алу мақсатында аспирациямен қамтамасыз ету				
24	Үй-жайларға шаң кіруіне кедергі келтіру үшін силостарға және бункерлерге арналған люктерді, сондай-ақ бағытсыз құбырлардағы, ауа өткізгіштердегі және аспирациялық қаптамалардағы шағын люктердің тығыз қосылуларын қамтамасыз ету				

25	Барлық қоймаларда бір-бірінен 100 метрден аспайтын қашықтықта орналасқан сыртқы сүйеп қоятын баспалдақтардың болуы				
26	Өнімділігі сағатына 50 тонна астам норийлерді тоқтауларда кері жүруден лентаны қорғайтын автоматты тежеуіш құрылғылардың болуы. Норийлерді және жеке бөлшектерді ағаштан немесе басқа жанғыш материалдардан жасауға жол бермеу				
27	Сына тәрізді қайыс баулар жинағы толық болмағанда жұмыс істеуге немесе шкив бунақтарының пішініне сәйкес келмейтін пішіні бар қайыс бауларды қолдануға жол бермеу				
28	Тозанды жинауға және сақтауға арналған ыдыстар мен жедел (өндірістік) ыдыстардың аспирациясының технологиялық және көліктік жабдығы бар бір аспирациялық қондырғыға қосылуына жол бермеу				
29	Технологиялық және көліктік жабдықтың аспирациялық қондырғылармен бұғаттағышының болуы				
30	Элеваторлардың жұмыс ғимараттарында желдеткіштер мен дән кептіргіштерінің тозаң тұтқыштарын орналастыруға жол бермеу				
31	Элеваторларда аспирациялық қалдықтарды және бункерлер мен силостарда өндірістік тозаңды жинауға және сақтауға жол бермеу				
32	Шикізат және дайын өнім қойма үй-жайлары арқылы транзитті ауа арналарын, сондай-ақ жарылыс өрт қаупі және өрт қаупі бойынша А, Б, және В1-4 санатындағы үй-жайлары арқылы төсеуге жол бермеу				
33	Желдеткіштер мен ауа үрлегіш машиналардан кейін орналасқан (аспирациялық шахталардың, тозаң камералардың) тозаңның гравитациялық отырғызуына арналған ыдыстарды пайдалануға жол бермеу				
34	Ауа өткізгіштер мен материал өткізгіштерді кемінде екі жерде жерге тұйықтау				
35	Қондырғылар элементтері арасындағы қосылуларда электр өткізбейтін бояулармен сырланған, диэлектрлік материалдар мен шайбалардан жасалған болттарына шайбалардың қолдануына жол бермеу				
36	Аспирациялық қондырғылардың ауа арналарының жылыту жүйесінің құбыр жолдарымен түйісуіне жол бермеу				
37	Аспирация жүйелері дұрыс істемейтін, жобалық және техникалық құжаттамада көзделген норийлер мен ұнтақтағыштардағы жарылыс ыдыратқыштары жоқ жабдықты пайдалануға жол бермеу				
38	Өнімдерді (шикізатты) жаншып үтетін станоктар, ұнтақтағыштар, қамшылау машиналары және соқпа машиналар арқылы өткізу алдында магнитті сепараторлардың болуы				
39	Тазартқыш машиналардың түйгіштерінде сызаттар мен сынықтардың болуына жол бермеу. Ұшқынның пайда				

	болуына жол бермеу үшін түйгіш барабанының ішкі бетіне түйгіштердің тиюіне жол бермеу.				
40	Тізбекті конвейерлерде (тиелген қырнауыштары бар) қораптар толған кезде конвейерді автоматты түрде тоқтататын тегеурін бергіштердің немесе дөңгелекті ажыратқыштардың болуы				
41	Иірліктердің тұтануын болдырмау үшін өнімнің жүрісі бойынша олардың шеттеріне өнімнің қысымына байланысты ашылатын сақтандырғыш клапандарының болуы				
42	Көлік таспаларын және жетек қайыс белбеулерін металдан жасалған қапсырма шеге, болттар арқылы (олар жанғыш вулканизацияны пайдаланып, қайыс белдікшелермен тігілу арқылы қосылуы тиіс) қиыстыруға жол бермеу				
Құрама жем зауыттарының жабдығын пайдалану					
43	Ұнтақтағыштардың балғаларында сызаттар мен басқа да ақаулардың болуына жол бермеу				
44	Ұсақтатқыштар үшін тек зауытта шығарылған сақтандырғыш шрифттерінің болуы Оларды көлемдері және механикалық сипаттамалары белгісіз металл өзектермен ауыстыруға жол бермеу				
Ұн тарту және жарма зауыттар					
45	Өнімі жоқ, біліктері қысылған, белағаштарының бойымен ауытқып және жылжып кеткен станоктармен жұмыс істеуге жол бермеу				
46	Тозаң өткізбейтін материалдан жасалған, сыртқа шығаратын келте құбырлары бар иілгіштермен тығыз қосылған елек-суырғы машиналарының себу шанақтарының, тас іріктегіштердің, сепараторлардың иілмелі қосылыстарын қолдану				
47	Бастиегі түсіріліп тұрғанда, тарту құрылғылары дұрыс болмаған, қажак дискілері нашар бекітілген немесе кептіргіш дөңгелектері болмаған жағдайларда аршу машиналарын іске қосуға жол бермеу				
48	Аршу машиналары мен ажарлау машиналарының дискілерінде, пішімбіліктерінде және декаларында сызаттар мен ақаулықтардың болуына жол бермеу.				
49	Электр магнитті сепараторларының бұғаттағышын электр энергиясы тоқтаған кезде электр магниттеріне өнімнің жетуін болдырмайтындай етіп қамтамасыз ету				
Нан пісіру кәсіпорындары					
50	Каналдық пештердің газ құбырлары мен жоғарғы от жағу бөліктерінде жарылыстан сақтандыратын клапандардың болуы, бір жарылыс клапанының ең аз алаңы - 0,05 м ²				
51	Пештерді жылу мен газ тәрізді заттарды шығаруға арналған желдеткіш құрылғыларымен жабдықтау.				
	Газ тәрізді және сұйық отындармен жұмыс істейтін пештерде авариялық жағдайларда: 1) пештің оттығына сұйық отын және жандыруға арналған				

52	құрылғыларға ауа жеткізу тоқтағанда (сұйық отынмен жұмыс істейтін пештер үшін); 2) жылыту жүйесіндегі жылытатын газдардың шекті температурасынан асып кеткенде; 3) конвейер тоқтаған кезде отын жеткізуді автоматты түрде тоқтататын құрылғылардың болуы				
53	Пештерде авариялық жағдайларда пісірілген өнімдерді шығаруға арналған резервтік механизмі бар қол жетегінің болуы				
Технологиялық үдерістерді ұстау					
54	Жабдықты өнімділік пен мақсаты бойынша технологиялық схеманың талаптарына сәйкес қолдану				
55	Цехтың ішіндегі пневматикалық көліктен шлюз бекітпелерінің немесе жүк түсіргіштерінің бекітпе топтарының шеткі білікшелерінде жылдамдықты бақылау релесінің болуы (талап өнімділігі жоғары жабдық жиынтығының шлюз бекітпелеріне қолданылмайды).				
56	Дәнді емес өнімдерді (шрот, күнжара, түйіршіктелген шөп ұнын) астық элеваторларының сүрлемдері мен бункерлерінде қабылдауға және сақтауға жол бермеу				
57	Дәнді жүгеріні ғимараттан тыс орнатылған шахтадағы түзу ағынды кептіргіштерде кептіру				
58	Күріш, тары, қарақұмық қауыздарын жарма зауыты жұмысының 1-2 тәулікке сыйымдылығы бар бункерлік үлгідегі қоймаларда сақталуын қамтамасыз ету Қауыздарды ашық алаңдарда, төбе астында сақтауға жол бермеу				
59	Дән, күнжара және шроттарды сақтауы жүзеге асырылатын барлық сүрлемдер міндетті түрде температурасын қашықтықтан бақылау қондырғыларының (тұрақты термометр жүйелерімен) болуы				
60	Өздігінен тұтануға бейім күнжара, шрот және басқа да ұнтақты шикізатты олар тұрған ыдыстардан бос ыдыстарға кезең-кезеңмен ауыстырып тұруды қамтамасыз ету. Шикізатты бункерлер мен сүрлемдерде үздіксіз сақтаудың рұқсат етілген мерзімдері негізінде зауыттың бас технологы немесе технологиялық зертхананың меңгерушісі әзірлеген жоспар-графиктің болуы				
61	Өндірістің қалдықтарын тасымалдау үшін үй-жайға шаң шығуды болдырмайтын бағытсыз, механикалық көлік пен пневмокөлікті (норийлер, шынжырлы тасымалдағыштар, жабық қаптамалардағы таспалы және роликтері жоқ конвейерлер) қолдану				
Дәнді дақылдарды жинау және азық дайындау					
62	Дәнді дақылдарды жинау алдында астықты алқаптардың алаңын 50 гектардан кем емес учаскелерге бөлу. Учаскелер арасына кендігі 8 метрден кем емес шалғы жолын жасау. Шалғы жолынан шабылған астықты дереу жинау. Шалғы жолының ортасында ені кемінде 4 метр жер жыртудың болуы				

63	Уақытша егін қостарын астықты алқаптардан, тоқтан кемінде 100 метр алшақ жерге орналастыру				
64	Көлемі 25 гектардан астам жиналып жатқан астық алқаптарына тура жақын жерлерде өрт шыққан жағдайда өртенген зонаны жыртуға арналған соқасы бар трактордың болуы				
65	Астық қырмандарын ғимараттар мен құрылыстарға 50 метр, ал астық алқаптарына – кемінде 100 метр алшақ орналастыру				
66	Қыр жағдайларында сақтау және мұнай өнімдерін құю кеуіп қалған шөптен, жанғыш қоқыстан тазартылған және ені 4 метр кем емес жолағы жыртылған, немесе тоқтардан, мая шөп пен сабандардан, астық алқаптарын 100 метр қашықтықта және құрылыстардан 50 метр кем емес қашықтықта жыртылған жерде арнайы бөлінген аудандарда жүзеге асырылады				
67	Дәнді дақылдарды жинау және азық дайындау кезеңінде: 1) тракторлардың, қақпақтары жоқ немесе қақпақтары ашық өзі жүретін шассилер мен автомобильдердің жұмыс істеуіне ; 2) қозғалтқыштардың радиаторларындағы шаңды күйдіру үшін дәнекерлейтін лампаларды қолдануға; 3) далада түнгі уақытта автомашиналарға жанар-жағар май құюға жол бермеу.				
68	Қозғалтқыштардың радиаторларын, битектердің, сабан толтырғыштардың, транспортерлер мен жинағыштардың біліктерін, шнектер мен басқа да тораптар және жинау машиналарының бөлшектерін шаңнан, сабаннан және дәндерден дер кезінде тазарту				
Дәруменді шөп ұнын дайындау және сақтау					
69	Шөпті ұнды жасауға арналған агрегаттарды төбенің астына немесе үй-жайға орнату				
70	Шөпті ұнды дайындау бекетінен бастап құрылыстар мен жанар-жағармай материалдары бар цистерналарға дейінгі өртке қарсы аралықтарды кемінде 50 метр, ал құнарсыз азықтар сақталатын ашық қоймаларға дейін – кемінде 150 метр етіп орындауды қамтамасыз ету				
71	Жұмсалатын отын бағын агрегат үй-жайынан тыс орнату. Отын құбырларын кемінде екі вентильмен (біреуі – агрегатта, екіншісі – отын бағында) жабдықтау.				
72	Ұнды бөлек тұрған қоймада немесе өртке қарсы қабырғалар мен жабындыларымен бөлінген және сенімді желдеткіші бар бөлікте басқа заттар мен материалдардан бөлек сақтауды қамтамасыз ету				
73	Қоймаға ылғал түсіруге жол бермеу. Ұнды үйіп сақтауға жол бермеу.				
74	Ұны бар қаптарды бір қатарға екі қаптан биіктігі 2 метрден аспайтындай етіп қатарларға жинауды қамтамасыз ету. Қатарлар арасындағы өту жолдарының кеңдігін кемінде 1				

	метр, ал қабырғалар бойынан – кемінде 0,8 метр етіп орындау				
Зығырды, сораны және өзге де техникалық дақылдарды алғашқы өңдеу					
75	Зығыр, сора және басқа техникалық дақылдарды (бұдан әрі – зығыр) машина бөлімшесінен оқшаулауды қамтамасыз ету				
76	Іштен жану қозғалтқышының шығару құбырларын ұшқын сөндіргіштермен жабдықтау. Құбыр шығатын жерде жанғыш құрылғылар арқылы өртке қарсы аралықты орнату				
77	Зығыр шикізатын (сабандар, трестер) маяларда, шохаларда (жабын астынан), жабық қоймаларда, ал талшықтар мен қалдық талшықтарды – тек жабық қоймаларда сақтау				
78	Техникалық дақылдарды алғаш өңдегенде: 1) фермалар, жөндеу шеберханалары, гараж аумағында зығырды сақтауға және жармалауға; 2) автомашиналарға, тракторларға өндірістік үй-жайларына, дайын өнімдер мен шоха қоймаларына кіруге. Автомашиналарды кемінде 5 метр, ал тракторлардың көрсетілген ғимараттардан, маялардан және шохалардан кемінде 10 метр қашықтықта тоқтату көзделеді; 3) илеу-түту цехында пешпен жылыту жүйесін орнатуға жол бермеу.				
79	Зығыр өңдеу пунктінің аумағына кіретін автомобильдерді, тракторларды және басқа да өзі жүретін машиналарды жарамды ұшқын сөндіргіштермен жабдықтау				
80	Маяларға (шохаларға) жақындағанда көлік құралдарын қозғалтқыштың шығу жүйелерінен пайдаланылған газдардың шығу бағытына қарама қарсы жағымен кіруді қамтамасыз ету				
81	Зығыр өңдеу бекетінің аумағында темекі шегуге арналған орындарды өндірістік ғимараттар мен дайын өнімді жинап қою орындарынан 30 метрден кем емес қашықтықта орналастыру				
82	Зығырды алғашқы өңдеу ғимараттарының төбелерін жанбайтын материалдардан жасау				
83	Тресталарды табиғи түрде кептіруді арнайы бөлінген учаскелерде жүзеге асыру				
84	Өндірістік ғимараттарда орналастырылған кептіргіштерді басқа үй-жайлардан 1-типтік өртке қарсы бөгеттермен бөлу				
85	Өндірістік бөлмедегі тресталар санының ауысымдық қажеттіліктен артуына жол бермеу. Машиналардан кем дегенде 3 метр қашықтықта жинауды жүзеге асыру				
86	Темекі кептіргіштердегі сөрелер мен этажеркаларды жанбайтын материалдардан жасау. Қыздыру құбырларының үстіндегі отты кептіргіштерде, оларға темекі түсуден қорғайтын металдан жасалған күнқағардың болуы				
Мақта шикізатын жинау, кептіру, сақтау және алғашқы өңдеу					
	Мақта жинау кезінде: 1) мақта егістігінде темекі шегуге және ашық отты пайдалануға; 2) бункеріне өңделмеген мақта толтырылған мақта				

87	жинайтын машинаны егістікте қалдыруға, отын құюға; 3) су жүйесі мен электр жабдығы бар ақаулы мақта жинайтын машиналарды пайдалануға; 4) мақта кептіруге арналған алаңдарда мақта жинайтын машиналардың тұруына жол бермеу				
88	Тракторлардың, автокөліктердің, мақта жинағыш машиналардың тұрағын оларды майлау және жанармаймен толтыру өңделмеген мақтаны табиғи кептіруге арналған алаңдардан кем дегенде 50 метр қашықтықта жүзеге асыру				
89	Мақта шикізатын табиғи кептіруге арналған алаңдарды тұрғын үйлерден, қоғамдық ғимараттардан, жөндеу шеберханаларынан кемінде 150 метр, ал жоғары вольтты және төменгі вольтты электр беру желілерінің тіреу биіктігінен кемінде 1,5 метр алшақ орналастыру				
90	Мақта шикізатын табиғи кептіруге арналған алаңдарды сыртқы өрт сөндіру мақсаттары үшін кемінде 50 текше метр есептік мөлшермен қамтамасыз ету				
91	Мақта шикізатын табиғи кептіруге арналған алаңдарды асфальттау немесе қалыңдығы кемінде 5 сантиметр сазды топырақпен тегістеу. Мақтаны жолдың жүретін бөлігінде кептіруге жол бермеу				
92	Технологиялық жабдыктан тозаңның бөлінуіне жол бермеуді қамтамасыз ететін құрылғыларды (герметизациялау тораптары, жергілікті сорғылар) жарамды күйде ұстау.				
93	Элеваторларда сатылары бар тұрақты алаңдарды қамтамасыз ету. Алаңды төменнен жоғары қарай 0,1 метр биіктікте кемінде 0,9 метр болатын тұтас жапсырмалы сүйенішпен қоршау.				
94	Элеватор жетегінде таспа үзілген жағдайда, жарамды автоматты қорғағышының ақаулығының болуына, сондай-ақ жұмыс органдарының элеватор қорабының қабырғасына тиіп тұруына жол бермеу				
95	Элеватордың қаптамасын мықты тиектері мен тұтас периметрі бойынша жабынның тығыздығын (герметикалығын) қамтамасыз ететін жеңіл ашылатын люктермен жабдықтау				
96	Транспортерлерді төменгі таспадан өңделмеген мақтаны шығаруға арналған жарамды арнайы қондырғымен жабдықтау				
97	Пневмокөлік жүйесіне кіретін аппараттар мен машиналардың жерге тұйықтауын жарамды күйде ұстау. Өңделмеген мақтаны желдеткіш арқылы механикалық түрде қайта өңдеуді жол бермеу				
98	Топтағы бунттардың санының бір бунтқа алаң мөлшері 65x14 метр болғанда екеуден, алаң мөлшері 25x14 метр болғанда төртеуден немесе бір бунтқа алаң мөлшері 25x11 метр болғанда, алты бунттан артық болуына жол бермеу. Бунттың биіктігін 8 метрден аспайтындау орындау				

99	Топтағы бунттар арасындағы өртке қарсы бөліктердің 15 метрден аз болуына, бунттардың топтары арасындағы өртке қарсы бөліктердің 30 метрден аз болуына жол бермеу				
100	Өңделмеген мақтаны кептіру үшін қолданылатын жылу өндіргіш қондырғыларды жанбайтын конструкциялардан жасалған оқшау үй-жайларда орнатуды жүзеге асыру				
101	Мақта талшығын бумамен ғана сақтауды жүзеге асыру.				
102	Мақта талшығы бумасын ашық алаңдарда қатарлап сақтау кезінде мақтаның стандартты қатарының өлшемін ұзындығы 22 метрден, ені 11 метрден, биіктігі 8 метрден аспайтындай етіп орындау				
103	Мақта зауыттары мен мақта бекеттерінде 2400 тоннадан артық өңделмеген мақтаны сақтау кезінде жоғары қысымды өртке қарсы су құбырының болуы				
Ат қорасы және мал жемін сақтау бөлмелері					
